В целях уничтожения экономических основ ислама, официальная власть установила порядок налогообложения вакуфного имущества в пользу государства. Наряду с этим изменился порядок учреждения вакуфного имущества. В «Положении об управлении Туркестанским краем» подчеркивалось, что учреждение вакуфных земель (то есть добровольная передача какого – либо имущества в ведение медресе или мечетей) осуществляется только с разрешения генерал – губернатора, а оно могло быть дано только лицам, заслужившим особое уважение [15].

Был установлен надзор за вакуфными имуществами и доходом с них [15]. Все это, а также случаи насильственного отчуждения вакуфного имущества в пользу государства, оказали негативное влияние на экономическое положение мечетей и служащих в них, а также медресе и их преподавателей, студентов. В результате множество мечетей и медресе оказались в безвыходном положении.

Вышеотмеченные меры, и в целом, политика по отношению к исламу не могла вызвать недовольства со стороны местного населения, особенно религиозных деятелей. В архивах официальных властей сохранились письменные обращения представителей самаркандского мусульманского населения в 1910 г. к сенатору графу К.К. Палену, проводившему ревизию в Туркестаном крае. В этих письмах выражалось недовольство политикой властей и высказывались просьба граждан покончить с произволом.

Эти обращения также содержат требования мусульман о передаче религиозных должностей (казий, муфтий, имам, мутававали) из ведения русских властей в распоряжение духовной администрации; об освобождении от налогов вакуфного имущества мечетей и медресе, об учреждении городской думы с равным количеством русских и мусульман, об усилении общественной безопасности, о запрете езды извозчиков в пьяном виде, о наказании отдельных лиц из числа местных евреев, которые вступив в сговор с администрацией, занимаются подделкой документов, попирают религиозные убеждения мусульман и наживают богатство противозаконными путями [16].

В 1910 г. на имя сенатора Палена поступила жалоба от представителей духовенства Амударьинского отдела. В ней группа духовных лиц выразили свое недовольство учрежденными в крае порядками, противоречащими законам шариата и приводящими в упадок духовно-нравственную жизнь мусульманского общества. В обращении отмечалось, что упразднение должности Раиса (надзирателя за исламским правопорядком) привело к утрате контроля за религиозно-нравственным поведением граждан, к нарушению правил справедливости в торговле и т.д. В письме подчеркивалось, отсутствие надзора за судопроизводством со стороны муфтиев, а также назначение на эти должности малограмотных и безнравственных л, привело к процветанию в судебной системе несправедливости и взяточничества. В своем обращении религиозные деятели просили восстановления должности Раиса и муфтия, назначение судей из числа честных, образованных, нравственно чистых людей; дать право пользования для мечетей вакуфным имуществом. Обращение от населения было подписано в основном шейхами и другими представителями духовенства [16].

Однако недовольство народа политикой ограничения исламской религии и духовных учреждений игнорировалось вплоть до 1912 г., когда официальная власть была вынуждена отменить постоянный надзор за вакуфными учреждениями. Однако налогообложение с вакуфного имущества в пользу государства и другие ограничения остались без изменений.

Таким образом, официальная политика по отношению к исламу в Туркестане, направленная на постепенное ограничение, а в дальнейшем ликвидации его роли в обществе, осуществлялась постепенно, в разных направлениях. В официальных кругах империи вопрос этот страстно обсуждался представителями различных категорий, разрабатывались различные меры по ограничению ислама,

большинство которых было осуществлено. Однако, несмотря на определенные успехи, все меры по ограничению роли и влияния ислама в общественно-политической и духовной жизни местного населения не увенчались успехом.

Как отмечал один из русских исследователей того периода, понятия веры и родины для мусульман являлось единым священным чувством, они никогда не воспринимали свою родину в отдельности от религии [17], что стало причиной их объединения идей за свободу родины и веры.

1. Сборник действующих трактатов, конвенций и соглашений. Издание второе. - Т. 1. - СПб., 1902. - С. 421-425.

2. Положение об управлении Туркестанским краем. Свод законов Российской империи. Книга первая. - Т. 2. - СПб., 1912. - С. 427 – 446.

3. Свод законов Российской империи. В 5 книгах. Книга первая. Т. 2. - СПб., 1912.

4. ЦГА РУз, Фонд И-125 (Канцелярия хивинского ханского хана), Опись – 31 дело. 1018/1. Распоряжение об обязательном совершении во всех мусульманских мечетях (Хутба) о здравии и благоденствии Государя Императора.

5. ЦГА РУз, Фонд И – 1, опись 11, дело 1724, С. 58 – 59.

6. ЦГА РУз, Фонд И-1, опись 11, дело 1724, С. 81.

7. ЦГА РУз, Фонд И-1, опись 11, дело 1724. л 160.

8. Остроумов Н.П. Воспоминания о миссионерском противомусульманском отделении при Казанской Духовной Академии. В кн: Аравия и Коран (Происхождение и характер ислама). Опыт исторического исследования. 1899. Казань. С. IX.

9. Остроумов Н.П. Указанная работа, С. II.

10. Сборник материалов по мусульманству. Составлен по распоряжению Туркестанского генерал – губернатора, Генерала от инфантерии Духовского под редакцией поручика. В.И. Яров – Равского. СПб. 1899; Сборник материалов по мусульманству. Составлен по распоряжению Туркестанского генерал – губернатора, Генерала от инфантерии Духовского под редакцией В.П. Наливкина. – Ташкент, 1900.

11. Цветков П. Исламизм. Т. I. Мухаммед и Коран. Т. II. Вера Ислама. Т. III. Практические обязанности исламизма. Т. IV. Ислам и его секты. – Асхабад, 1912 – 1913.

12. Бартольд В.В. Проповедь Мухаммеда в Мекке; Ислам после пророка; Отделение церкви от государства; Сунна пророка. Соч., Т. IV. 1966.

13. Остроумова Н. Аравия и Коран (происхождение и характер ислама) опыт исторического исследования. Казань, 1899.; Его же: Исламоведение. Аравия колыбель ислама. - Ташкент, 1910.

14. Бартольд В.В. Рецензия на книгу Н. Остроумова. Исламоведение. Аравия колыбель ислама. // В.В. Бартольд. Соч., Т. IV. - С. 340.

15. Свод Законов Российской империи. В пяти книгах. Книга первая. Т. 2. - СПб., 1912. - С. 446.

16. РГИА. Ф. 1396. Ревизия сенатора Палена К.К. Туркестанского края в 1908-1910 гг. Оп. 1. Дело 264, л. 263-267.

17. Русское дело и мусульманское... В мире мусульманства. №17. 12 августа. 1911 г. Об этом см.: Остроумов Н.П. Исламоведение, Коран. - 1912 г. - С. 5.

Резюме

В данной статье рассматривается проблема ислама в Туркестане, традиции и трансформации в период русского колониализма во второй половине XIX – нач. XX в. Военно-колониальная система управления в Туркестане ликвидировала все виды традиционной системы управления, в том числе и такие религиозные должности, как Кази калян, Раис, Шейхул-ислам и др., были упразднены, что означало ликвидацию политического статуса ислама.

Summary

In this article the problem of Islam in Turkistan, traditions and transformation in the period of Russian colonialism in the second half of the XIX – beg. XXth centuries. Military-colonial system in Turkistan destroyed all types of traditional system of management include and such religious post as Kazi kalyin, Rais, Sheyhul-islam and etc. were liquidated. It's a destroy of Islam's political status.

1916 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ ТУЫНДЫЛАРЫНДА БЕЙНЕЛЕНУІ

Р.Т. Айтбай –

т.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті

1916 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген оқиға патшаның қара жұмысқа 19 бен 43 жастың арасындағы қазақтарды алуы туралы жарлығы еді. Ел аузында осы оқиғалар жайындағы әңгімелер, өлеңдер, жырлар көптеп сақталған. Мұндай туындылардың көпшілігі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы мен оның жариялануының нәтижесінде қазақ ауылдарында туындаған саяси-әлеуметтік, экономикалық дағдарыстарды және қара жұмысқа алынғандардың көңіл-күйін баяндаумен басталады.

Тарихи өлеңдер мен әңгімелерден патша жарлығының мамыражай отырған қазақ ауылдарына қандай дүрбелең туғызғандығын айқын көреміз. Мәселен, «1916 ж. Көкшетауда болған көтеріліс» деген әңгімеде: «... Күн ыстық, жұрттың жағасы жайлау, етегі –қыстау, жан-жануар масайрағандай, біздің ел екі бөлініп, «Шолаққайың, Кең ащы» деген жайттарға келіп қонған; кешке таман қой қотанда өрістеп келіп жататын, ақсақалдар ет жеп, қымыз ішіп, боз балалалар ойын-сауықтан басқаны білмей, жазғы жарық түнде жастар алты бақан тебетін.

Әсіресе біздің ауыл «Кең ащыда»жайлап, өте қызықты дәурен сүргендей болып отырды. Елдің бұл қалпына қарағанда шаруасы күйзелмес, аспаннан оқшау пәле келместей еді...Жалғыз-ақ «Николай солдат алады» деген болмашылау хабар бар сықылды... «Соғыс, солдат» деген сөздер көп ұзаған жоқ, шындыққа айналды, жұрт қайғыға салынды»-деп сипатталады[1]. «...Жастарды алуға қаладан орыс шығады-екен деген қаусет жайылды. Ел састы, Көшуге де, қашуға да көңілдері кетті. «Солдат алмайтын болып манифест шығыпты» деп сүйінші сұраушылар да көбейді; сөткесіне бармады, бәрі де өтіркке айналды. Жігіттер сеңдей соғылысты. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді; топтанып ат үстінде жүретінді шығарды...»-деп көрсетілген сол кездің жағдайы «1916 ж. Қарақайың еліндегі болған көтеріліс» деген әңгімеде [2].

Мұндай жағдайдың қазақ елінің түпкір-түпкірін қамтығанын тағы бір әңгімеден байқаймыз: «...1916 жылдың күзі елді аурытпалық басқандай еді. Бір күні ауыл у-шу, астан-кестен болды.

-О, не болды, не болды?-деп ауыл ду көтерілді.

Не болғаны құрысын, патша қазақтан солдат алмақ болыпты, генерал Куропаткиннің жарлығы шығыпты...Ел іші ерсілі-қарсылы шабуыл болды да кетті. Жұрт бір тарының қаузына сиғандай күнге ұшырады» [3].

Жарлық туралы хабар жергілікті баспасөзде жарияланды және болыс басқарушыларының жиналыстарында оқылып, қосымша түсіндірмелер мен түсініктемелер берілді. Жарлықтың бірқатар ережелерінің бұлынғырлығын отаршылдық әкімшіліктің жергілікті шенеуніктері шебер пайдаланды...Ол кезде қазақтарда метрикалық куәліктердің болмағанын пайдаланып, олар тізімге жас шамасына қарамастан кедейлерді қалауынша енгізді, ал байдың балаларын пара алып шақырудан босатты. Іс жүзінде тізімдер жасау жүйесі жаппай парақорлық пен қиянат жасаушылық туғызды [4].

Ауызша тарих айту туындыларында осы жағдайлар өте айқын бейнеленген. «Елге хат» деген өлеңде: «Бақтыбайға жазып берген Нұғман хаты. Екеуі де Қапал уезі, Сарытау болысынан майданға алынған жігіттер»- делінген. Бұл өлең тірікелген жинақтың мазмұнында « Нұғман Сартайға жазып берген хаты (1916 жыл туралы) деп көрсетілген. Аттанған жігіттердің көңіл-күйі хатта былай сипатталған:

...Ағамыз сәлем айттым Зәкірбайға

Бұрынғы Жетісуың бізге қайда?

Алысқа сапар тартып біздер кеттік

Құлдилап түскендей болып терең сайға.

Тағы да сәлем жаздым Есембайға,

Кез болдым заманымда мұндай жайға.

Осы кеткен боз баланы ойлап тұрсам,

Бағасы жетпей кетті жалғыз тайға [5]-деп, одан әрі қара жұмыстан алып қала алмағаны үшін өзінің кейбір туыскандарына өкпелейтіндігі айтылады [6].

«1916 жылы оқопке алынғын жігіттің жыры» деген өлеңде де:

...Күшті ағайын алалап,

Шығарып бердің бір бізді,

Сыртымнан тіркеп өштікпен
Іспескіге кіргізді.

Аталасым ағайын
Туғандығын ұмытып,
Сары солдатқа ұрқызды.
Мойынға бұғау салдырып,
Туған елді шулатып,

Туған елді қалдырды... [7] - деп жұмысқа алынатын тізімге жұрттың барлығы бірдей ілінбей, ауқатты адамдар өз жақындарын алып қалып, алыс кедей ағайынды тізіп жібергенге өкіншін білдіреді. Бұл пиғыл өлеңде одан әрі былай баяндалады:

...Есебін тапқан ауқатты,
Бай баласы мырзалар
Күлгендей болды табалап,
Момынның жасы –кәрісі
Тізімге түскен алалап
...Ар ұятын ұмытып
Ауылнай, болыс, билердің
Бұзылған діні қарасы,
Қыршын жасты қолынан
Қосақтап ұстап бергенде,
Кеңейді ме жеріңіз?
Алды - артыңа қарашы?... [8].

Осы мазмұндас өлеңдер баршылық. Барлығында патша жарлығын жүзеге асыру қазақ ауылдарында әділетсіз жүргізіліп, ағайынның арасына кірбің түсірілгендігі, малы бар ауқатты кісілер баласын, аға-інісін пара беріп алып қалып, ондай мүмкіндігі жоқтар ғана тізімге ілініп, қара жұмысқа айдалғаны баяндалған.

Жұмысқа алынғандардың елге жазған өлең-хаттарында өз жағдайларын тізіп жазудан гөрі, осы жұмыстан оларды алып қала алмаған ағайынға деген реніш пен өкпе, өкініш сезімдері басым айтылған.

Мәселен, «Елге хат» деген өлеңде де осы сезім айқын білінеді:

Хат жазып сәлем айттым ата-ана!
Жасымнан тәрбиленген үлкен аға,
Айтуға бас-басыңа ретім келмей,
Қарындас, іні менен үлкен апа.
Сор қаққан болдың жетім өңшең сорлы,
Кез қылды бақытыма құрған торды.
Жарлығы патшаның осылайша,
Көруге арнапты ғой «тек біз сорлы»-деп күйінеді [9].

Сонымен қатар, бұл өлең-хаттарда қара жұмыстағы қазақтардың жағдайы туралы аз-кем мәлімет беретін үзінділер де кездеседі. Мәселен, «Елге хат» атты өлеңде :

Бұл күнде жүрек күпті, көңіл қаяу,
Үнемі біз жүреміз ылғи жаяу.
Түтеген көк түтінді көп мылтықтың,
Ішінде қорғасын оқ, тұрмыз таяу ... делінсе,
«Тағы да елге хат» деген өлеңде:
...Пойыздың шапшаң жүрісі.
Шойыннан құйған от арба,
Жер жаһандай дыбысы.
Топ-топ болып артынан
Барлық жігіт ереміз,
Екі шақырым шыққан соң,
Окопқа шұбап келеміз.
Қатар-қатар тізбектеп
Күніне екі санайды,

Көгендеген қойына
Бәрімізді балайды.
Азғана күн ішінде
Көрдік азап талайды.-деп [10] баяндалады.

Қара жұмысқа алынған қазақ жастарының жағдайы «Молдаштың хаты» атты өленде былай көрсетілген:

...Қобалжыр шіркін көңіл әр тарапқа,
Бостандық күн болар ма біз бейбаққа?
«Раз –два, три шагайдеп,
Қамайды күнде санап тар бараққа.
...Сағындық біз Баянды көзді сүзе,
Жігіттер жауыздықтан бойды теже,
Иттерше шылапшыннан сорпа жалап,
Ішеміз он шақтымыз тары көже.
Не болар біздің заман бара-бара,
Өткен күн қайта айналып келмес сірә.
Елдегі ит тамағын ішіп жүрміз.
Ішпеске қарның ашса барма шара.
..Хат жаздым сәлем айтып атамызға,
Қолыманан келген шамам осы болды,
Разы бол Молдаш атты ботаңызға...- деп аяқталған [11].

Ал, «1916 жылы окопке алынғын жігіттің жырында»:

...Қабақ, Тілеу, Жақайым,
Қара кесек Төртқара,
Жеті болыс елінен,
Окопке жүрген қыршын жас

Мыңжарым бармыз кемінде—деп, ру аттары және алынғандардың саны көрсетілген [12].

«Тағы да елге хат» өлеңінде одан әрі қара жұмысқа аттанғандардың жүріп өткен жолдарына байланысты мынадай үзінді бар:

...Бес күн жаттық топырлап,
Пенза деген қалада.
«Рұқсатсыз барма!»деп
Жібермеді базарға.
Смоленскі, Волынскі
Жетіншісі Минскі,
Көрмейтін жерді көрсетіп
Тәңірдің дәм тұзы жазар ма!
Айдамаса тұз бен дәм?
Келермек окоп қазуға?...
Тақтай батты жамбасқа,
Жатқан жерім казарма-деп баяндалады[13].

«Каспий маңы фронтындағы күрес» деген қолжазбада: «...Көп уақыт өткен жоқ, генерал мен Қалымбет болыстың бұйрығы ел арасына келіп қалды. Сол екі ортада Түркістаннан 3 мыңдай адамды фронтқа айдап алып кетті. Соның бірі болып, мен де кеттім. Оған дейін байлар қолында жалшылықта жүрдім.

...Бізді Карпат тауының жанындағы поләк қаласына айдап келді. Онда 8 ай окоп қазғызып, ағаш кестірді. Жұмыс уақытында бізді казак орыстар күзетіп тұрды. Күн-түні жұмыс істегенде қара нан мен судан басқа түк нәр таттырмады.

Казак-орыстар бір күні түні келіп, барлығымызды тінтіп жанымыздағы 5-10 сом ақшамызды сыпырып алды. Мылтықпен ұрып 2-3 адамды найза мен шаншып өлтіріп тастады...»-деп жұмысқа алынған қазақтардың мүшкіл халінен хабардар етеді [14].

«1916 жылғы уақиғадан менің көргенім» деп аталтын әңгімеде : «...22 күннің ішінде тоқтай-тоқтай Петроградқа келдік. Онан шығып Псков деген қалада ...,мұнан өтіп Рига деген қаланың жанында

«саламендір» деген стансада түсірді. Сол жерде... келген 5 жүздей кісіні жүз-жүзден бөліп қара жұмысқа салды. ..Таң ата сағат 6-да 8 шақырым жерге апарады. Кешке сағат 9-ға шейін жұмыс қылып қайтып, сағат 11-12-де зорға жатақ үйге келеміз. Қалың қарағайды қақ жарып, жол салдырып жатыр. Ағашты кесіп, бұтап, шауып, жолға алты ағашты ұзынынан салып, үстінен көлденең қатарлап ағаш қиямыз. Екі арба қатар өткендей жол болады. Бізбен бірге латыш деген ел де жұмыс қылды. Көбінесе қатын, қыздары істейді екен. Жердің алысы аса қиын болды...» -деп, осы оқиғаларға қатысқан Мырзахан ұлының естелігінен жазылып алынған қолжазбада баяндалады[15].

Осылайша қазақ еліне келген 1916 жылдың дүрбелең оқиғалары ауызша тарих айту дәстүрі туындыларында кең көрініс тапқан. Бұл туындылардың көпшілігі, сол оқиғаларға қатысқан куәгерлердің ауызынан жазылып алынып бізге дейін жеткен. Олардың құндылықтары да осында. Әрине айтылған оқиғалардағы мәліметтерде кейде дәлме-дәлдік болмауы мүмкін. Дегенмен бұл туындылар сол жылдардың ахуалін шынай түрде жеткізе білген.

1. *ОҒК, қолжазба қоры, 1019 п.423-б.*
2. *Бұл да сонда,413-бет.*
3. *Бұл да сонда,431 –бет.*
4. *Қазақстан тарихы. 3 том. Алматы, 2002, 638,639 –беттер.*
5. *ОҒК, қолжазба қоры, 1019 п., 358 –бет.*
6. *Бұл да сонда, 359-360 беттер.*
7. *Бұл да сонда, 356-357 беттер.*
8. *Бұл да сонда, 382-бет.*
9. *Бұл да сонда, 383-бет.*
10. *Бұл да сонда, 363-бет.*
11. *Бұл да сонда, 386-бет*
12. *Бұл да сонда, 364 –бет.*
13. *Бұл да сонда, 363 –бет*
14. *Бұл да сонда,432-бет.*
15. *Бұл да сонда,442-бет.*

Резюме

В статье описываются события 1916 г.в Казахстане, которые нашли свое отражение в произведениях устной исторической традиции.

Summary

In this article is describing events in Kazakstan in 1916 where find its reflection in his work of oral historical tradition.

ОРТА ЖҮЗДЕ ҚОС ХАНДЫҚ БИЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

К.Т.Бекимова–

ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы

Қазақстан тарихындағы дәстүрлі хандық биліктің дағдарысы ғылыми тұрғыдан әлі де толық өз бағасын алмаған тақырыптардың бірі. Бірнеше ғасыр бойы Орталық Азиядағы саяси жағдайдың шиеленістілігіне қарамастан өмір сүріп келген Қазақ хандығының кенеттен дағдарысқа ұшырауы кімді де болса толғандырмай қоймайды. Тіпті XVIII ғасырдың өзінде бір жағы Жоңғария, бір жағы Орта Азия хандықтары, бір жағы Ресей тарапынан ылғи да қысымшылыққа ұшырап отырған Қазақ мемлекеті тәуелсіздік үшін жан аямай күресті. Осындай ауыр шақта өз тәуелсіздігін сақтап қалған хандық XIX ғасырдың басында қандай себептерге байланысты дағдарысқа түсті және жойылуға мәжбүр болды? Біздің мақаламызда хандық билік жүйесінің дағдарысы негізінде пайда болған қос билік мәселесі сөз болады. Бұл тақырып тарихнамалық тұрғыда әлі де зерттеушісін таппағандығымен қызықты және өзекті болып табылады.

Тарихты жасаушы – халық екені талдауды қажет етпейтін ақиқат. Сонымен қатар жеке тұлғалардың да қоғам дамуына елеулі ықпал жасайтыны да шындық. Сондай қайраткерлердің қатарына

хандарды жатқызамыз. XVIII ғасырда қазақ сахарасына саяхатпен келген неміс этнографы И.Георги: «Хандар қазақ топырағында ерекше құрмет тұтатын қасиетті тұлғалар» деп көрсеткен.[1] Ал біз қарастырып отырған кезеңнің таихына түбегейлі әсер еткен тарихи тұлға - Абылай хан. Себебі Абылай хан тұсында қазақ қауымы жолыққан саяси процестер бір орталыққа бағынған хандық құруға үлкен мүмкіндіктер жасады. Жоңғарияның ыдырауына байланысты қазақ халқының қарамағына ұланғайыр территория енді. Сонымен қатар хандық биліктің рөлі күшейіп, бір орталыққа бағынған мемлекет қайта жаңғыра бастады. Бірақ белгілі дәрежеде хандық билік жүйесі күшейгенімен бір орталыққа бағынған күшті мемлекет қайта жанданбады. Біздің пікірімізше, Қазақ хандығының бір орталыққа бағынған мемлекет құруына кері әсер еткен ең алдымен Ресейдің отаршылдық саясаты. XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ тарихы орыс отаршыл саясатының тікелей қысым көрсетуімен сипатталады. Себебі Ресей мемлекетінің экономикасындағы капиталистік қатынастардың бұл уақытта ауқымды дамуы империяны отарлауды одан әрі күшейтуге итермеледі. Қазақтардың ұлан-байтақ территориясы, ондағы әлі игерілмей жатқан қазба байлықтар мен сансыз мал, осы ел арқылы Шығыс өркениеттеріне бастайтын қолайлы сауда жолдары - олардың қызығушылығын арттыра түсті. Осындай қажеттіліктерге байланысты әлі де толық бағынбай келе жатқан халыққа қатал шаралар қолданыла бастады. Тереңдей түскен отарлауға қарсы ой-пікір халық шығармашылығында да өріс алды.

Ынсапсыз екен бұл кәпір,
Жерінді алды, малды алды.
Түсі сары, көзі көк,
Дінсіз келіп билейді,
Түбінде сонан табасың, -

деп, әбден наразы болған Шортанбай Қанайұлы (1818-1881ж.) отарлау саясаты әкелген жат, зиянды әдет-дағдыларды сынай жырлайды.[2]

Ал 1781 жылғы Абылай хан өлімінен соң Ресей империясы тарапынан қазақтың ішкі саяси өміріне араласу тіпті күшейді. Қазақтың саяси өміріндегі ішкі шиеленістерді, рулық және регионалдық сепаратизмді негізге алған Ресей саясаты қалай да Қазақ хандығын ыдыратуды мақсат қойды. Оның ең бірінші қадамы Кіші жүздің солтүстік бөлігін жалпы қазақ саяси құрылымынан бөліп алу - XVIII ғасырдың өзінде жүзеге асқан болатын. Әбілқайырдың 1748 жылы М. Тевкелевке жазған хаты да «не сұлтандарыма, не өзіміздің қара сүйектен шыққан атақты билерге айтпастан өзімізді жоғары мәртебелі император қарамағына тапсырдым, сол арқылы жауларымды мұқатқым келді» деуі Ресей үшін қазақ жеріндегі ішкі шиеліністердің айқын көрінісі болды.[3] Енді XIX ғасырдың басына дейін қазақ тәуелсіздігінің қайнар көзі болған Қазақстанның орталық алқабын қамтыған Орта жүзге де кезек келді.

Алдымен Орта жүздің территориясына тоқталсақ, И. Андреев: «по большей части сия Средняя орда кочевья свои имеет от озера Нор-Зайсана возле китайских караулов, мимо камня Тарбагатая на реку Илю и с вершины оной через реку Цуи (Шу) и Каук (Сауық - Торғай) до реки Иргиса, а с оной чрез озеро Телегур и на Урзын до речки Алабуги, впадающей в реку Тобол, а от российской границы, от крепости Устькаменогорской чрез Омскую до Звериноголовской крепости» - дейді[4]. Аталмыш жерлерді географиялық орналасуына байланысты негізгі шаруашылық жағдайында қарастырсақ, Орта жүз территориясының солтүстік-батыс, орталық бөлігі жазғы жайлауларға қолайлы келеді. Себебі, аудан территориясы батысқа қарай аласара береді. Ал, солтүстік-шығыс өлкедегі тау етегі негізінен қысқы қоныс үшін сақталады. Сонымен, Орта жүздің солтүстік-батысы мен орталығы суы мол құнарлы жазықтарымен жайлауға арналса, оңтүстік-шығысы қалың ормандары мен орманды таулар етегі арқылы қыс уақытында малды ауа-райының қолайсыздықтарынан сақтап тұрған. Егер Орталық және Солтүстік – Батыс жайық өлкені жайлаған қазақтар Сырдария мен Шу өзендерінің бойын қыстаса, Шығыс өлкедегі қазақтар тау етегін қыстап жазды күні тау биіктеріне көтеріледі. Ғылыми қалыптасқан түсініктер бойынша көшпеліліктің бірнеше түрі (тип) бар. Солардың негізгілері Орта жүзде кездеседі.

Жалпы, XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бас кезіндегі Орта жүздегі қазақтардың санын нақты беретін мәліметтер жоқ. Ол уақытта руды басқарып отырған сұлтандардың өзінде үй-жанның санын нақты атай алмаған. «Ни одинъ волостный Солтанъ, хотя бы желаль искренно, не дастъ вьрнаго отчета о числь юртъ, ибо дьйствительно того не знаетъ...» деп жазады өз жазбаларында полковник С. Броневский.[5] Себебі үздіксіз орын ауыстыру, жайылымдарға араласа қоныстану сияқты құбылыстар кедергі келтірген. Төмендегі 1-кестеде келтірілген бір уақыт аралығындағы қилы алшақтықтағы мәліметтер бұған айғақ бола алады.

1-кесте

реті	Автор	Ұй саны	Халық саны	Мерзімі
1.	Броневский С.[5]	500 мың	3 млн.	1830 ж.
2.	С.Броневский еңбегіндегі қазақ сұлтандарының мәліметі[5]	537400	3 224400	1830 ж.
2.	Андреев И.	176400	1 058400	1790 ж.
3.	Волконский Г.[6]	159400	1 млн.	XVIIIғ. соңы
4.	Левшин А.[7]	210000	1 360000	1832 ж.

Біздің ойымызша, С.Броневский мен қазақ сұлтандарының мәліметтеріндегі сандар тым асырылып жіберілген. Егер әр руда 250 ден 2000-ға дейін шаңырақ өмір сүрген десек, сонда 84 руда 2000 үйден деп алғанның өзінде, Орта жүздің жалпы саны 168000 ғана. Сондықтан да И. Андреев пен Г. Волконскийдің есептерін біршама дұрыс деп ойлаймыз. Дегенмен жоғарыда берілген Орта жүз халқының жалпы саны жөніндегі мәліметтер шындықтан алшақтау, мөлшерлі. Себебі авторларда статистикалық, картографиялық нақты материалдар болмаған. Кеңес авторларының полицейлік-әкімшілік есептердің нақты мәліметтерін сараптау және жаңа демографиялық зерттеулерді қолдану арқылы берген мәліметі бойынша 1850 жылы Кіші жүзде- 1048537 адам, Орта жүзде- 1367202 адам, Ұлы жүзде-1561681 адам, ал жалпы қазақтың саны-4931286 адам болған.[8]

Сонымен территориясы жағынан да екі жүзбен салыстырғанда жоғары тұрған Орта жүзді бағындыру мақсатында Ресей мемлекеті отарлау әдістерінің жоспарын өте мұқият дайындады, ұйымдастырды. Олардың ең түбегейлілерінің бірі - казактардың қарамағында болған солтүстік өлкеде әскери бекіністер салу арқылы, қазақ халқының көшіп жүрген ең құнарлы, мал бағуға өте қолайлы жерлерінен ығыстырып, басып алу саясаты еді. Бұл саясат өте жоғары есеппен, рет – ретімен Ресей жауынгершілігі арқылы емес, ақырындап ығыстыру арқылы жүрді. Ресей үкіметі бұл тарапта XVIII ғасырдың 70-жылдарының сонында-ақ сезіле бастаған сепаритистік қозғалыстарды пайдаланды. Қазақ деректерінде бұл шиеленісті оқиғалар «Абылай аспап Арқаның Сарыбелі » тарихи әңгімелер циклында суреттеледі. Оның негізгі мазмұны Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат бастаған «Бес мейрам» одағына кіретін тайпалардың Абылайды хан ретінде мойындамай қарсы шығуы. Бұл қозғалысқа қаракесек руларымен бірге аралас Барақ сұлтанның тұқымдары да тікелей қатысқан болатын.

Хан билігінің мәртебесінің түсуі қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың жиілеуіне, дау-шардың көбеюіне жол ашатыны белгілі. Орта жүзде 1781 жылы сайланған Уәли ханның салмағы әкесінен көш төмен болғаны анық. Еліміздің белгілі тарихшысы Ж. Артықбаев бұл жайлы: «Қытайлар жас ханға алтын тақ, асыл зат, қымбат киім әкеліп сыйлады, әкесінің құрметіне деп шығыр жақты. (қытайлықтардың хандарға ас беру салтынан кездесетін дәстүр – авт.). Ресей үкіметі де Уәлиді мойындап сый-сияпат жіберді, алтын жазулы грамотасын тапсырды. Бірақ осы сыйдың бәрі Уәлидің өзі айтқанындай «Ресеймен 60 жыл, Қытаймен 25 жыл бейбіт араласқан» кемеңгер Абылайдың аруағынан еді. Уәли хан «менің қарамағымда атығай, қарауыл сияқты рулар бар, күш көп емес. Үлкен рулар сіздің тұсыңызға жақын. Төртруыл, қаракесек, алтай, найман руларының өз ұлыс сұлтандары бар, оларға менің үмітім аз, еш қимылда сенім жоқ, тыңдамауы да мүмкін» деп Қытайға ағынан жарылуы да сол себепті» дейді[3, 289]. Уәлидің хан сайлануын Ресей мен Қытай мемлекеттері толықтай қолдағанын ең алдымен, 1781 жылдың 26 шілдесінде Қытай боғдыханы Уәлидің хандық лауазымына мұрагер болып тағайындалғаны жөніндегі жіберген жарлығынан көреміз. Онда ханның міндеттеріне былай деп тоқталған: «Шапағатымды ақтау үшін қол астыңыздағы қазақтарды ойдағыдай басқарып, көрші ұлыстармен бір туған туыстай тату болғаныңыз жөн. Жанжал шығармау, қашқынды жасырмау лазым. Осы айтқандарыма ықыласпен құлақ қойып, адал ниетпен қызмет етуіңізді үміт етемін. Сонда мәңгі бақи жарылқауымда боласыз»[9]. Бір жылдан кейін, 1782 жылдың 25 ақпанында орыс мемлекетінің Уәли сұлтанның Орта жүз қазақтарының ханы дәрежесіне бекіту грамотасы келіп, Әулие Петр бекінісінде генерал-поручик И. Якоби Уәлиді Орта жүздің ханы деп салтанатты түрде жариялады. Ресей үкіметі Уәли ханды қолдауға мәжбүр болды. Себебі оны хан есебінде бекіту Абылай ханға ас берілген уақытта қазақ сұлтандары мен ру басыларының кеңесінде шешіліп қойылған болатын. Осындай жағдайда Уәли хандық қызметке кірісті.

Орта жүзде Абылайдың билігінен кейінгі кезең бірліктің, тыныштықтың бұзылып, хан билігінің әлсіреуін нақтылайтын оқиғаларға толы. Уәлидің ресми хан деп жариялануы Орта жүзде найман руының

қолдауына ие болып, Қытай богдыханымен бекітілген басқа ханның билікке келуіне кедергі келтіре алмады. Абылай хан тұсында Әбілпайыз сұлтанға бағынған наймандар Уәли билігін мойындамады. 1783 жылы Әбілпайыз өлгеннен кейін билікте қолдауға Ханқожа ие болып, Қытай императорының грамотасымен хандық билікке бекітілді. Орта жүзді Қытай иелігі, ал Абылай ханды қытай князі санаған богдыхан министрлігі бұл шараны қажетті деп тапты. Уәлидің алғашқы кезеңде Ресейге бет бұруын байқаған Қытай үкіметі өз империясының мәртебесін ұстану үшін Ханқожаға қолдау көрсетті.[7,257]

Орта жүздің сыртқы саясатын Уәли хан Абылай ханның үлгісінде жүргізуге күш сала отырып, Ресей мемлекетімен бейбіт қарым - қатынаста болып, сол мезгілде Қытаймен де байланыс ұстау саясатын ұстанды. 1794 жылдың қысында Қытайға илігетіндігін куәләндіру мақсатында өзінің баласын богдыханға жіберіп, ал орыс үкіметіне берілген ру басшыларын шеттетуді жиілетті. Нәтижесінде 1795 жылы қаңтарда Орта жүздің 2 сұлтаны, 19 ру басшысы өзінің билігіндегі 43360 адаммен, сонымен қатар 79 мың басқа орта жүз қазақтары императрица атына Уәли ханның билігінен босатып, тікелей ресейлік билікке алуын өтінген хат жолдады.[7,282]

Патшалық әкімшілікпен қарым-қатынастағы шиеленістілік Уәли ханды Қытаймен, Бұхарамен жақындасуға итермеледі. Ол 1803 жылы Сырдарияға, ал 1805 жылы Қытай шекараларына көшуге дайындық шараларын жүргізген. Бірақ Сібір генерал-губернаторы Глазенаптың белсенді араласуы ханның бұл қадамдарын нәтижесіз қалдырды. Патша үкіметі генерал-губернаторға хан билігін әлсіретудің көне, бірақ тексерілген тәсілін қолдануға ұсыныс жасап, «весьма сильное средство представляется в искусном употреблении противных хану Вали партий и в привлечении на нашу сторону знатных султанов, без коих он ничего предпринять не может» деп жазды.[10] Ханның билігін нақты әлсірету мақсатында Глазенап Орта жүзде Абылайдың ұрпақтарына жатпайтын сұлтандар арасынан екінші ханды тағайындауды шешті. Патша әкімшілігінің таңдауы 1748 жылы Әбілхайыр ханды өлтірген әйгілі Барақ сұлтанның баласы Бөкей сұлтанға тоқтады. 1812 жылы Бөкей Омбыға шақырылып,

Бұл кезеңде Ресей империясы Орта жүздің ішкі істеріне белсенді араластығын бастады. Бұл әрекеттерге Уәли хан негізінен XIX ғасырдың бас кезіне дейін нақты шаралар қабылдамай, патша өкіметімен белгілі бір келісімге тоқталуды ойлады. Ал, Ресей Орта жүз ханына «сыйластық» көңілін білдіре отырып, өз әскерлерін ел ішіне жіберуін жалғастыра берді. Мысалы, 1798 жылдың 19 қазанында Уәли ханның атынан жіберілген жиені Батыр сұлтан, Орта жүздің үш рубасы және 6 адамынан құралған депутаттар Санкт-Петербургта император І Павелдің қабылдауында болды[11]. Оларға үлкен сый-құрмет жасалып қайтар жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы император жарлық шығарды. Уәли ханды бір жағынан патша өкіметінің өзіне және төңірегіндегі сұлтандарға жоғарыдағыдай құрмет көрсетуі де Ресейге қарсы бір шешімге келуін тежеді.

Бірақ XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бас кезінде Орта жүзде шаруашылық жағдайдың нашарлауы, халықтың наразылығы ханның орыс өкіметінің қызметшілеріне әр түрлі талаптар қоюына түрткі болды. Уәли хан 1809 жылғы хатында қазақ даласына орыс әскерлерінің енуіне және жергілікті елге қысымшылық көрсетуіне, жерлерді иемденіп, игерулерін тоқтатуын сұрайды. Сонымен қатар ол төмендегідей нақты талаптар да қойды: шөп орып, балық аулауға өткен орыс казактарының және саудагер, көпестердің өзіне салық төлеуін, болмаған жағдайда сауда керуендерін тоқтататындығын ескертті. Орыс казактарының қазақ жерлеріне, ал станицалық казактардың Ресей территориясына өтулері, шекараны түсініксіз жағдайға түсіруі - орыс және қазақ жерлерінің шекараларын бір жүйеге келтіріп, анықтауды талап етуіне себепші болды.

Дегенмен, ханның Орта жүздегі жағдайды реттеу мақсатында Ресей мемлекетінің алдына қойған талаптарының бірі де орындалмады. Сондықтан хан орыстармен сөз жүзінде ешқандай келісімге келе алмайтындығына көзі жетіп, күш қолдануға мәжбүр болды. Орта жүз территориясынан өткен сауда керуендерін тоқтатып салық төлемеген жағдайда, олардың мал-мүліктерін алып, өздерін ұстап қалу оқиғалары құжаттарда жиі кездеседі. Сонымен ханды өз мүдделеріне бейімдеу, бағындыру шараларының нәтиже бермеуі, орыс қызметшілерінің Орта жүзге жазалау экспедицияларын жіберуіне жол ашты. Ең алғашқы экспедицияны 29 сәуірде капитан Часовщиков бастап келеді. Одан кейін, яғни 4 мамырда хорунжий Безязыков пен осы айдың 6-нда майор Морозовтың әскерлері Уәли хан мен Ғаббас сұлтандардың иеліктеріне енеді [12]. Бірақ, бұл уақытта Уәли хан баласымен өз қоныстарынан сырт жақтарға көшіп кетіп, жазалау экспедициялары дағдарып қалады. 12 мамырда Часовщиков әскері жол көрсетуге Орта жүздің батыры Құлбекті алып, ханның көшінің соңына түседі. Бұл жазалау экспедициясымен қатар хорунжий Безязыковтың да отрядтары шығарылады. Нәтижесінде Ғаббас сұлтан

және Уәли ханмен біріккен қарауыл руының адамдары, ханның кеңесшілері, барлығы 9 адам ұсталып, шекараға табыс етіледі.

Біраз жақтастарынан айырылғанымен де, Уәли хан өз бағытын өзгертпеді. 20 мамырда ол қарпық руларының (орта жүздегі Мейрам тобына жататын ру, әдетте алтай-қарпық атанады – авт.) рубасыларына, ақсақалдарына өзінің төлеңгіттерін жібереді. Ондағы талабы - сол жерге тоқтаған орыс саудагерлерін барлық мал-мүліктерімен қосып өзіне ұстап әкелу[13]. Рубасылар әскери экспедициялардан сескеніп, өз руының тыныштығына алаңдауынан бұл талапқа қарсылық білдіріп, оны орындаудан бас тартады. Аталмыш рудың басшыларына сүйенсе, бұйрығының жүзеге аспайтынын түсінген Уәли хан маңайындағы төлеңгіттерімен орыс және бұхарлық саудагерлерді ұстап, елдеріне қайтармай қояды. Дегенмен, Орта жүздің руларынан қолдау таппаған, тек өз төңірегіндегі төлеңгіттері мен атығай - қарауыл сияқты кейбір руларға сенім артқан Уәли ханның бас көтеруі орыс және казак әскерлерінің күшімен басып тасталады. Сонымен қатар Ресейдің Орта жүздегі Уәли ханның позициясын әлсірету мақсатындағы шаралары 1815 жылы екінші хан етіп Бөкейді дайындауымен ұштасты.

Жалпы Уәли ханның билік құру уақытын екі кезеңге бөлуімізге болады. Алғашқы 1781 жылдан – XIX ғасырдың басталуына дейінгі аралықтағы бірқалыпты қызметінің кезеңі. XIX ғасырдың басынан - осы ғасырдың 20-жылдарына дейінгі Ресей мемлекетінің саясатына ашық түрде қарсы шығуы мен хандық билігінің әлсіреуімен сипатталатын екінші кезеңі. Осындай қарама – қарсылық жағдайында Ресей Уәли ханның билігін әбден тежеу мақсатында Орта жүзді ыдырату саясатын жүргізді. XIX ғасырдың басындағы Орта жүздің дәстүрлі басқару жүйесінде Уәли ханмен қатар екінші хан билігі пайда болды. Бұл хандық – XVIII ғасырдың ортасында Орта жүздің ықпалды сұлтаны болған Қырық сан Барақтың ұлы Бөкей сұлтанның хандығы еді.

Орта жүздегі қос билікке тоқталмас бұрын, алдымен олардың нақты қай жылдары қызмет атқарғандықтарын анықтап алу маңызды. Себебі тарихи деректер немесе ғылыми еңбектерде екі ханға байланысты әр түрлі жылдар көрсетіледі. Уәли ханның билігінің 1781 жылдан басталатындығы тарихи құжаттардан дәлелденгенімен, оның қай кезеңге дейін өмір сүргендігі белгісіз. С. Броневский Уәлидің 1820 жылы қайтыс болғандығын жазса[5], А. Левшин[7], И. Крафт 1821 жылды көрсетеді[14], ал М. Вяткин зерттеуінде оның 1819 жылға дейін билік құрып, өлгендігі айтылады[10]. Кейінгі кездегі М. Мұқанов, Н. Мыңжан сияқты тарихшылар Уәли өлімін 1818 жылға әкеледі. Біздің пікірімізше, 1820-21 жылдарды көрсеткен авторлардың мәліметтері қисынды. Оған дәлелді Қытай өкіметі Уәли ұлы Ғұбайдоллаға бір жыл бұрынғы қыс мезгілінде қайтыс болған әкесінің өліміне көңіл айта отырып, өзін хан етіп бекітетіндіктерін хабарлайтын 1822 жылғы Қытай құжаттарынан табуымызға болды. Сонда хан 1820 жылдың желтоқсаны немесе 1821 жылдың қаңтар айларында қайтыс болған. Осы мәселеге байланысты белгілі қазақ шежіресі М.Ж. Көпейұлының Уәлиге қатысты деректеріне көңіл аудару қажет.

Сол сияқты Бөкейдің хандық құруы да әр түрлі уақытта белгіленеді. М. Вяткин оның 1815 жылы хан сайланып, 1817 жылы дүниеден өткендігінен мәлімет береді[11]. Ал, Қ. Халид «Тауарих хамса» еңбегінде Бөкей сұлтанның хан сайлануына толығырақ тоқталған. Онда «1816 жылы 12 қаңтарда І Александр атынан арнайы грамота келеді. Осы грамота бойынша Бөкей сұлтан Орта жүздің атақты он үш руларына билік жүргізу үшін хандыққа бекітіледі. Абылай хан өлімі мен грамота келуінің арасы 30 жыл» делінген[12]. Бұл есеп дұрыс берілмеген, яғни Абылай хан 1781 жылы қайтыс болса, оған 30 жылды қоссақ, Бөкейдің хан сайлануы 1811 жылмен тұстас келеді. Ал Орта жүзде осы биліктің 1811 жылы қалыптасқанын дәлелдейтін тарихи дерек жоқ. Қ. Халид аталған еңбегінде Бөкей ханға байланысты тағы: «Ал Бөкей екі жыл бір ай хан болып, 1819 жылы январь, яки февральда қайтыс болды, ал заңсыз хандығы қанша екені жазылмаған», деген пікірді алға тартады[12]. Осы жерде және бір қателікке жол берілген. Егер жоғарыдағы 1816 жылдың 12 қаңтарындағы Бөкейді хандыққа бекіту туралы патша грамотасын ескере отырып, есеп жүргізсек, яғни 1816 жылдың қаңтарына екі жыл бір айды қосатын болсақ, Бөкейдің хандық билігі 1818 жылдың қаңтар-ақпан айларында тоқталған болып шығады. Ал, ханның 1819 жылы қайтыс болғандығын А. Байтұрсынов[13], С. Броневский[2] жазбаларынан табамыз.

Яғни, біздің шығаратын қорытындымыз 1816 жылдың 30 желтоқсанында патша жарлық шығарып, 12 күннен кейін, яғни 1817 жылдың 12 қаңтарында грамота жіберілген. Осыған ұқсас ойды Қ. Исабаев та жазады: «Сайлаудың нәтижесін І Александр патша жарлығымен бекітіп, келесі жылдың ақпан айында Семей қамалында патша қол қойған грамота, құндыз жағалы ішік және қылыш Бөкей қолына тапсырылады»[14]. Ә. Бөкейханов жинақтаған мұрағаттық деректерді қарастырсақ, Бөкейдің хан көтерілуі және хандық белгілерді алуы 1817 жылы болған. Сонда, Бөкей хан 1816 жылдың желтоқсанынан – 1819

жылдың қаңтарына дейін хандық қызмет еткен.

Тарихнамада қалыптасқан пікірге сүйенсек, қос хандыққа бөліну Орта жүздегі дәстүрлі биліктің жойылуының негізгі бастамасы болып танылады. XIX ғасырдың I-ширегіндегі Орта жүздің әлеуметтік-саяси құрылымындағы бұл бөліністің пайда болуының басты себептерінің бірі - Уәли ханның билігін тежеу мақсатындағы Ресей мемлекетінің отаршылдық саясатын іске асыру жоспарларының негізгісі деп қарастыруға болады. Дегенмен, бұл жерде аталмыш тарихи құбылысқа бір жақты баға беруге болмайды. Оның алғышарттарын XVIII ғасырдан іздестіру қажет.

Ол үшін анықтауды талап ететін бір мәселе: Бөкей сұлтанның Орта жүзге келуі, ел басқару ісіне араласуы. Халық арасындағы шежіре- әңгімелерге назар аударсақ, Қазыбек би ұстаған қалың қаракесек рулары Сыр бойынан Арқаға ауып, қазіргі Қарқаралы өңіріне қоныстана бастағанда, рулар арасында жайылымдарға талас өршіп, жер дауы көбейеді. Мұны сырттай бақылаған шекшек (қаракесек руы) Нұралы батыр дауларға төреші болар төре тұқымын әкелу мақсатында Жетісуға аттанады. Жетісудағы Ондан сұлтан ұрпағы Барақ төреге барып, өз ойын білдірген соң, төре өз ұлы Бөкейді алуға келісімін бере отырып: «Бөкейімді берейін, өзіндей көр, ол да сені өзімдей көретін болсын», - дейді [15]. Немесе тағы бір әңгімеде Нұралының Бөкейді елге әкелген соң, өзіне еншілес қылып, қалың малын төлеп, үйлендірген, содан кейін барып еліне хан көтерген. Бөкей жайында оның мынадай өлеңі қалған:

Құдайға берген антым бар,
Төреге берген сертім бар.
Табанын жерге тигізбеймін,
Мандайын күнге күйгізбеймін.

Ал оның хандық қызметіне байланысты ел арасында: «Бөкей патша жарлығынан көп бұрын-ақ хан ретінде қабылданған. Шекшек Нұралы бастаған ел жақсылары қазақтың сол кездегі беделділері Бөкей төрені ежелгі Шу өзенінің бойында, атақты Хан-Тәңірі тауының етегінде ақ киізге орап, боз биенің сүтіне шомылдырып, бұдан көп бұрын «хан көтерген» деген тарихи аңыздар бар [16]. Дегенмен, жоғарыдағы әңгімелерде тарихи оқиғалар біршама баяндалғанымен, олардың уақыттық өлшемдері нақтыланбаған. Сондықтан жазба деректерге сүйенсек, А. Байтұрсынов Қаракесек руының биінің 1748 жылы, «еліме хан қоямын» деп Барақтан 14 жасар Бөкей деген баласын сұрап әкелгенін, оның 1819 жылы 85 жасында өлгендігін жазады [13]. Бұл мәліметтердің дәйектілігін Ф. Щербин экспедициясының зерттеу материалдары да дәлелдей түседі. Онда, жалпы Арғын руларының Орта жүз территориясына қоныстану үрдістері жан-жақты қамтылған. Қарқаралы өңіріне Түркістаннан Алтай және Қаракесек рулары 1728 жылы қоныс аударады. Бұл жерде олар қалмақ, түрікпен халықтарын кездестіріп, бірнеше рет болған қарулы қақтығыстардан кейін соңғы екі ел оңтүстікке қарай ығысады. 20 жыл өткеннен соң, яғни 1748 жылы Ташкенттен Бөкей сұлтан келеді. Бұл кезде оның әкесі Барақ Ташкенттің беклербегі қызметін атқарып тұрады. Экспедиция жазбаларында: «Букей был посланъ отцомъ за своими киргизами, ушедшими изъ Туркестана на Саръ-Арка», - делінеді [17]. Оны рубасы Шекшек Нұралы алып келген және осы рудың Бигелді руларының жерінен «енші» береді [16]. Бигелді шежіре бойынша Нұралының інісі саналады.

Назар аударатын бір мәселе осы қоныс аударудың 1728 жылдан кейін 1748 жылы қайталануында. Бұл біздің ойымызша Барақ сұлтанның Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханды өлтіруімен байланысы бар сияқты. Барақтың жасаған қылмысын ел ішінде талқылауға, оның сырт жаққа көшіп кетуіне тоқтау салған Қаз дауысты Қазыбек бидің ақыл - кеңесі екені белгілі. Көреген би бір сөзінде: «Ойланбай жасаған қылмысыңмен Орта жүзді ойсыратып кетер салмақ түсірдің сен. Ал егер еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзін бітеп, жараны өзін жазып ал. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды. Жайлауымды өрт, жұртымды дерт шалмасын десең, Әбілқайырдың Орынбордағы ұлы Айшуақ сұлтанды ауыстырып, орнына хан бол. Әйтпесе дәл қазір тобырыңмен түгел бұрылып, Әбілқайыр ұлдарының алдына барып: «кісілігіңді тастап, кісенді мойныңа сал! Құныңды кесе ме, қылмысыңды кеше ме - солар, құныкерлер шешеді. Кесіміме көнбесең, бүкіл Орта жүз тұрмақ бүтін Найманға да симассың. Сиғызбаспын! Ауып кетем деп дәмеленбе, Жоңғарға да өткізбеспін. Қанды қол, қара жүрекпен-қанжар ұшында тұрсың. Орта жүздің атынан қылша мойныңа қыл арқанды тастадым», - деп қатал талап қояды [18].

Дегенмен, Барақ сұлтанға қандай жаза берілгендігі туралы деректерді кездестірмейміз. Тек, оның оңтүстік - шығысқа қарай ығыстырылып, бір-екі жылдай Ұлы жүздің біраз руларына хан (біздің ойымызша, Щербин экспедициясының жазбасындағы беклербек дәрежесі) болып, у беріліп өлтірілгендігі ғана тарихта қалған. Жоғарыдағы Қазыбек бидің сөздерінен, оның қатал айтса да Барақ сұлтанмен жақын

екендігін, оған қылмысынан құтылудың әр түрлі жолдарын ұсынғандығын көреміз. Және де алысты болжайтын көреген би Барақ сұлтанға билер атынан жаза кесілгенімен, Әбілқайыр ұрпақтарының оны жай қалдырмайтындықтарын ерте түсінгендіктен, Орта жүзге одан ұрпақ алып қалу мақсатында Шекшек Нұралыны Бараққа жіберуі мүмкін. Немесе Барақ сұлтан қанды қылмыстың қанмен ғана өтелетінін сезіп, Орта жүздегі билігінің жойылуынан сақтанып, ұлдарының ішінен Бөкейді 1728 жылы қоныс аударған елінің соңынан жіберген деп ойлаймыз. Бұдан шығаратын қорытынды: Бөкейдің Орта жүзге келуі 1748 жылғы Барақ сұлтанның Әбілқайырды өлтіруімен байланысты, Қазыбек би мен Барақтың арасындағы шешімнің нәтижесі. Ал, Шекшек Нұралы осы келісімді іске асырушы міндетін атқарған.

Сонымен, жоғарыдағы ел аузындағы шежіре-әңгімелер мен ғылыми жазбалардың негізгі мазмұндарының ұқсас келетіндігін байқаймыз. Осы деректерді негізге алатын болсақ, Бөкей Орта жүзге 14 жасында келген. Сол кездегі ел ісіне араласу қазақтарда ерте басталғандығын ескергенде, оның Орта жүздегі қызметінің бастапқы кезеңі, яғни шежірелерде баяндалатын «хан көтерілуі» ХҮІІІ ғасырдың 60-жылдарына сәйкестенеді.

Ресей мемлекеті ХІХ ғасырдың басында Уәли ханның патша өкіметіне адал қызмет ету ниетінің жоқтығына, жалпы Абылай хан ұрпақтарының саяси тәуелсіздікті сақтау мүдделерінің жоғары екендігіне көздері жетіп, бұл әулеттің Орта жүздегі ықпалын төмендетуге белсенді түрде кіріседі. Қазақ қоғамының дәстүрлі басқару жүйесінің өзіне тән ерекшеліктерінен алдыңғы ғасырдан үлкен тәжірибе жинақтаған олар, Орта жүздегі Абылай ұрпақтарына бағынбайтын, беделді төре тұқымдарын қарастыра бастайды. М.Вяткин осыған байланысты былай дейді: «Царское правительство рекомендовало генерал-губернатору для ослабления власти хана прибегнуть к старому, но испытанному средству: «весьма сильное средство, - писал канцлер, представляется в искусном употреблении противных хану Вали партий и в привлечении на нашу сторону знатных султанов, без коих он ничего предпринять не может»[11]. Орта жүздегі Бөкей сұлтанның беделін олар осы мақсатта өте ыңғайлы пайдаланды. Кейбір деректерде, 1812 жылы оның губернаторға хандыққа бекітуін өтінген хат жібергендігі баяндалады[14]. Бірақ жауап кеш келген.

Генерал-лейтенант Г. Глазенап Петербургта жазған өтініш-хатында: Орта жүздегі Бөкей сұлтанның хан сайлануын қолдау, ең алдымен Уәли ханның билігін әлсіретеді, сонымен қатар Уәли ханның орыс өкіметі үшін сенімсіз билігінің номинальдылығын, Орта жүздің бір бөлігіне ғана жүретіндегін, ал Бөкей мен оның ұлдарының Ресей мемлекетінің адал қызметшілері бола алатындықтарына сенімінің мол екендігін хабарлайды[11]. Жалпы, ХІХ ғасырдың басындағы Орта жүздегі Уәли мен Бөкей хандардың биліктері біріне-бірі қарама-қайшылықты мәнге ие. Уәли хан Ресейге толығымен мойынұсынбай, өз кезегінде Қытаймен де саяси байланысқа ұмтылып, белгілі бір деңгейде саяси тәуелсіздікті сақтауды мақсат тұтса, Бөкей хан керісінше, Ресей өкіметінің сенімді қызметшісі ретінде танылады. Олай болмаған жағдайда Орта жүзде екінші ханның сайлану- сайланбауы да беймәлім еді.

Бөкей ханның орыс мемлекетіне адал қызмет атқарғандығына, оның көптеген істері дәлел бола алады. Ол хан дәрежесіне бекітілмей тұрып та, патша өкіметінің алдында өз беделін көтереді. 1811 жылдың қазан айындағы генерал-лейтенант Глазенаптың сұлтанға жазған хатында, Бөкейдің патша сарайына бағыт алған Қоқан хандығының депутатция өкілдеріне үлкен құрмет көрсетіп, оларға өзінің ұлы Ғазыны қосып жіберуіне үлкен алғыс білдіреді[15]. Хаттың мазмұнына қарағанда, Бөкей Ресей сауда керуендерінің Қоқан хандығына және керісінше ол жақтан Ресейге өту барысында, керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көп ретте үлкен мүмкіндіктер жасаған. Осындай қызметі үшін өз кезегінде әр түрлі деңгейде марапатталып отырған. Генерал-лейтенант тағы бір хатында, яғни 1817 жылдың 18 қаңтарында Бөкейдің хан дәрежесіне Ресей тарапынан бекітілуі үшін өзінің (Глазенап) көп күш жұмсағанын айта келе, хан мен оның ұлдары-немерелерінің патшаның сенімін ақтау жолында, Ресей мемлекетінің пайдасына үлес қосатын істерде белсенділік танытуларын баяндайды[15].

Бөкей сұлтанның Ақкөл – Жайылма жерінде (қазіргі Екібастұз ауд. жері) хан көтерілуін ұйымдастыруға Сібір басшысы Глазенап тікелей араласқанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Осы хаттың астарынан патша өкіметінің Бөкейді Орта жүзде екінші хан етіп бекітуі тек Уәли хан билігін әлсірету үшін ғана емес, сонымен бірге өз мүдделерін мүлтіксіз орындайтын қызметші ретінде ұстау мақсатынан туындағаны сезіледі. Яғни, Глазенап орыс шекараларына қазақтардың табындарын бұрынғы жылдарға қарағанда аз өткізетіндігіне алаңдаушылығын білдіре отырып, оның қазақтарға өте тиімді екендігін дәлелдеуге тырысады. Оның ойынша қазақтардың малдарымен орыс жерлеріне өтуі, қазақтардың тыныш та, қауіпсіз өмір сүруіне, ал малдарын құнарлы жайылымдарға жаю мүмкіндіктерін береді. Осы жерлерді пайдаланғандары үшін өкімет белгілеген «аз мөлшердегі» төлемдерін төлеу мәселесін де ескерте кетеді.

Сөйтіп, Бөкей мен оның төңірегіндегі төрелерден (оған қарасты барлық рулардың) шекарадан ешқандай күдіксіз өту ұсынысын жасайды. Қазақтардың шекарадан өтуінің азаюы, Ресейге қоныстанушылар тарапынан түсетін үлкен пайданың мөлшерін төмендетті. Олар жерді қолданғандары үшін деген сылтаумен төлем есептеп, оның сыртында қазақтарға қысым көрсету арқылы тағы да мал-мүліктерін алып отырған. Глазенаптың: «Чтобы киргизцамъ перепускаемымъ ни при перепуске, ниже при собрании установленной пошлины ни малейшихъ не было налоговъ...», -деп, бұл шараны сенімді әскери қызметшілерге тапсыратындағына сендіруі, бұрынғы жылдары аталмыш тәртіп бұзушылықтардың болғандығын дәлелдейді[5]. Біздің пікірімізше, қазақтардың орыс жеріне бармай қоюларының басты себебі де осында жатыр. Қазақтарды орыс шекараларына тарту, ең соңында алдыңғы желіде қарастырғанымыздай, Орта жүздегі біртұтастықты бұзды, әлсіретті.

Ал, өз талаптарын өте шебер орындатқан патша өкіметі, Бөкей ханның ұсыныстарын аяқсыз қалдырып отырды. 1817 жылдың қазан айындағы Сыртқы істер министірлігінің басқарушысы, құпия кеңесші К. Нессельроде Бөкей ханның ордадағы қылмыстарды өзі қарап, шешуі жөніндегі ұсынысына былай деп жауап қайтарады: «...что касается до уголовныхъ преступленій, чнимыхъ киргизцами въ пределахъ Россіи, то рассмотрение оныхъ, сообразно съ Высочайшими узаконеніями, долженствуетъ оставаться на прежнемъ основаніи, темъ более, что въ Россіи наблюдается въ делахъ сего рода строгое правосудіе»[15].

Сонымен, XIX ғасырдың басындағы Орта жүздегі Ресей мемлекеті тарапынан жасалған шаруашылық - саяси қысымшылықтар Уәли ханның патша өкіметіне қарсы іс-әрекеттерін тудырды. Осындай наразылықтардың нәтижесінде қос хан билігі пайда болды. Бөкей сұлтанның хан сайлануына ең алдымен Ресей өкіметі емес, Орта жүздің қаракесек руының рубасы-билерінің ХҮІІІ ғасырдағы іс-әрекеттері себеп болды. Яғни Бөкей сұлтанның хандық билігінің алғышарты ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде қалыптаса бастады. Ресей қызметшілері осындай дәстүрлі басқару жүйесінің ерекшеліктерін тек өз мүдделеріне жан - жақты пайдалана білді. Бөкейдің хан дәрежесіне бекітілуі екі мақсатта жүзеге асты: біріншіден, Уәли билігін әлсіретіп, Орта жүздегі басқару жүйесін ыдырату. Екіншіден, патша өкіметінің тапсырмаларын адал орындайтын «хан-қызметші» ұстау. Ал Уәли хан бұл талаптарға мойынұсынбады, олардың сенімінен шықпады.

Осылайша XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Қазақ хандығын біржолата саяси аренадан аластатудың алғы шарттары жасалды. Орта жүзде хан билігін ыдырату, қос билік жүйесін енгізу, дәстүрлі орталық билікті әлсірету болашақта хан билігін жоюдың негізін салып берді. Ресми түрде бірнеше жыл ғана өмір сүргенімен Бөкей хандығы Ресей саясатының алыс болашаққа бағытталған үлкен жоспарының қаруы қызметін атқарады. Орта жүзде Уәли және Бөкей басқарған екі хандықтың қатар өмір сүруі тарихта сирек кездесетін феномен. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет құрып жатқан біздің еліміз үшін мемлекет тарихына қатысты зерттеулер жүргізу аса қажеттілік болып табылады. Қазіргі саяси ахуалға, билік институттарына, басқару жүйесіне дәстүрлі құндылықтар әсер етпей қоймайды. Осы жағдайда Қазақстанның Орталық регионьында ХҮІІІ ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында қалыптасқан қос билік тарихы, халықтың билік түріне көзқарасы, басқа елдермен, әсіресе Ресеймен болған қарым-қатынас тарихи терең зерттеуді, сабақ алуды қажет етеді.

1. *Прошлое Казахстана в источниках и материалах.* – Алматы, 1978. - 230 б.
2. *Сабырұлы С. Қазақстан тарихы.* – Алматы, 2006. - 79 б.
3. *Артықбаев Ж. Қоғам және этнос.* – Павлодар, 2004ж. – 283 б.
4. *Андреев И. Описание Средней орды киргиз-кайсаков.* — Павлодар, 2006. - 66 б.
5. *Броневский С.Б. Записки генерал – майора Броневского о киргиз – кайсаках Средней орды // Отечественные записки.* – Ч. 41, 42, 43. – СПб., 1830. 168 б., 419 б.
6. *Муканов М. Этническая территория казахов в XVIII- нач. XXвв.* —Алматы, 1991. - 14 б.
7. *Левшин А. Описание киргиз – кайсацких орд и степей* – Алматы, 1996. - 288 б.
8. *Бекмаханова Н., Дулатова Д. Народонаселение Казахстана в первой половине XIX в. в досоветской литературе// История. Вып.6.* - Алматы, 1973.
9. *100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар).* – Алматы, 1998. - 45 б.
10. *Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. Т.І.* — М., 1941. - 235, 438б.

11. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 345 – қор, 2 – тізбе; 156-іс, 1-парақ.
12. ҚР ОММ; 4 – қор, 1 – тізбе; 154-іс, 59-парақ.
13. ҚР ОММ; 4 – қор, 1 – тізбе; 154-іс, 136-парақ.
14. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. - 56 б.
15. Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) / Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы, 1992. - 161 б.
16. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. - 150 б.
17. Исабаев Қ. Шоң би. //Мұрагер (альманах). - 1992. - 7,5 б.
18. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. —Алматы, 1995. - 43, 235, 205 б.
19. Жақатаев А. Нұралы баба. // Орт. Қазақстан, 1993. 27 – қараша, 2 б.
20. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинск. Каркаралинский уезд. - СПб., 1905. - 10 б.
21. Сматаев С. Қаз дауысты Қазыбек.//Орт. Қазақстан, 1991. 23-қараша, 6 б.

Резюме

В статье освещается история двойной ханской власти в Среднем жузе в начале XIX века. А также рассматриваются политические события и колониальные меры Российского государства, которые послужили основой появления двойной ханской власти. Описываются различия политик Вали и Букей хана во взаимоотношении с Российским государством. В статье выявляется, что двойная ханская власть являлась одной из основных предпосылок уничтожения ханской власти в Среднем жузе.

Summary

History of the double-powered khanate of the 19th century in the Middle zhuz is being presented in this article. Political events which contributed to formation of the double-powered khanate and colonialist activity of the Russian state are examined. Differences of Vali and Bokey khans' policies in relations with the Russian state are described. Khan power of double character is ascertained to be one of the main conditions of elimination of khan power in the Middle zhuz.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1916 ЖЫЛЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАҒАН ЖЕТІСУДАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫ ҚҰТҚАРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕН

Ш.Б.Тілеубаев -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистратура және PhD

доктарантура институты Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының аға оқытушысы

Қазақ ұлт – азаттық қозғалысының тарихында өзіндік маңызды із қалдырған 1916 жылғы көтеріліс болып табылады. Бұл көтеріліс қазақ даласының әр өңірін қамтыды, оның ішінде Жетісу облысы көтерілістің ірі ошақтарының бірі болғаны белгілі. XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отарлық жүйесінің құрамындағы Түркістан генерал – губернаторлығына қарасты Жетісу облысында Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі және негізінен қырғыздар мекендейтін Пішпек пен Пржевальск уездері болды. 1916 жылы көтеріліске Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтары бірдей шыққан еді. Туысқан екі халықтың азаттық жолындағы көтерілісін басуға отаршыл жүйе арнайы жазалаушы әскер жіберіп, олар қоныс аударып келген орыс шаруаларынан құралған жасақтармен бірлесе отырып жүргізген "белсенді" шараларының барысында көтеріліс қатыгездікпен, адам айтқысыз айуандықпен еш аяусыз басып жаншылып, Жетісудың жергілікті халқына бұрынды – соңды болмаған қасірет әкелді. Жазалаушылардың қысымына шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне (шамамен 300000 – дай адам) [1] ауа көшіп босқыншылыққа ұшырады, азып – тозды, тауқыметті тағдыр кешті. Босып Қытай жеріне өту барысында бер жағынан орыс әскері ар жағынан қытай әскері қыспаққа алып тағыда қырғынға салған болатын. Қос империяның қыспағына түскен қазақ – қырғыздың бергі жақта қалғандары да босып Қытайға өткендері де адам төзгісіз ауыр халде күй кешті. Осындай азып – тозып, тонаушылыққа тап

болған жетісулық қазақ – қырғызға қол ұшын беріп, құтқаруға ұмтылған алғашқылардың бірі қазақ пен қырғыздың оқыған, көзі ашық – көкірегі ояу, озық ойлы зиялылары болатын. Олардың ішінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаев, Ибраһим Жайнақов, Қайсерке Тоқсанбаев, Иса Тергеусізов, Әубәкір Жақыпбаев, қырғыз зиялылары Ишаналы Арабаев, Дүр Саурамбаев, Қасым Телтаев, Байзақ Мәмбетов т.б., көптеген зиялылар бар еді. Тарихшы академик М. Қозыбаев ұлт зиялыларының қайраткерлігі туралы: «...ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы оқиғаға қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды»- деп ерекше атап көрсетеді [2].

Ал, кеңестік тарихнамада олардың бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметін тар таптық идеология тұрғысынан бір жақты ғана бағалап немесе мүлде айтпауға тырысты. Ол жөнінде көрнекті тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев былай деп дұрыс ғылыми негізді пікір айтады: «... Брайнин мен Шафиrow іргетасын қалаған кеңестік тарихнама ұстанымы соңғы жылдарға шейін өзгеріссіз келді. Мәселен бес томдық «Қазақ ССР тарихының» үшінші томында құрамында бірде-бір қазақ болмаған большевиктер партиясының соғыс жылдарындағы қызметі жөнінде бір ауыз сөздің жоқтығын байқаймыз.» [3].

Ал қазіргі тәуелсіздік жағдайында олар туралы бірталай зерттеу еңбектер жарық көрді. Дегенменде әліде болса зиялыларымыздың қызметін тереңірек зерттеу, олардың қызметінің жаңа қырларын ашу заман талабы деп білеміз. Ұлтының болашағы үшін алаңдап, ұлы мұраттарға қызмет еткен олардың еңбегіне тарихи объективтілік тұрғысынан лайықты әділ баға берілуі тиіс.

Осы тұрғыда ұлт мүддесін ұлықтаған зиялылардың 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліс тұсында босқыншылыққа ұшырап, қиыншылық көрген көтерілісші халықты ажал тырнағынан арашалауда атқарған қызметінің кейбір кезеңдеріне тоқталмақпыз.

Ел басына күн туған күрделі кезеңде Алаш зиялылары босқыншылыққа ұшыраған қазақ пен қырғызды ажал тырнағынан арашалап қалу үшін қолынан келгенінің бәрін жасауға тырысқан болатын.

Зиялы қауым өкілдерінің босқыншылыққа ұшыраған қазақ-қырғызды құтқару жолында көрсеткен қызметтерін «Қазақ», «Сарыарқа» т.б., газеттерде жарияланған материалдардан-ақ байқау қиын емес. Ал газет бетіндегі материалдардың деректік маңызы зор екендігін дұрыс түсінгеніміз жөн. Оның 1917 жылғы 231 нөмірінде Алаш елін босқындарға араша түсуге шақырып мақала жариялады. Бұл жарияланған А. Найманқожа баласының мақаласында: «**27 май 1917 ж. Құлжа қ.**

Былтырғы 25 июнь жарлығы салдарынан Қытай жері Іле губерниясына (Құлжа сахарасына) Пржевал уезінен 9000 үй босып барған. Қашқар жағына бастығы Шабден балалары болып жиырманың ішінде болыс босып кеткен екен. Өзім 25 апрельде Қапалдан Құлжаға келіп едім. Құлжадағы көзім көрген босқын қырғыздардың халын газетке жазып, Алаш азаматтарына білдіруді борыш көрдім. Бұл Құлжа алабына босып келген қырғыздар орыс әскерінің талауынан қалған малдарын Қытай жеріне өткен соң, Қытай шерігі (әскері), қалмақ, Құлжа ақсақалы Нұр-Ахун, консул бәрі компания болып, орыс жеріне қайта айдаймыз деп, қорқытып, талап алған. Ақсақал қырғыздарға: бұл малдарың қолдарыңда тұрса, қытай кісілері талап алады. Менің атыма шығарып беріңдер, сақтап беремін» - деп 9000 жылқыны Нұр -Ахун ақсақал Текеске сентябрьде айдатып жіберген екен. Осы күнге дейін жылқыдан да, Нұр - Ахуннан да дерек жоқ. Нұр - Ахунның 9000 жылқыны алғанын не қылайық. Бірақ Қытай жеріне азғыртып, өткізіп алып орысты мынадай қылып келген қырғыз Қытайға келіп не оңдырады. Онан да құртыңдар деп, қалмақ Қытай әскеріне сөз беріп талатқаны – адам баласы түгіл, хайуанда аярлық болды деседі. Сөйтіп, үйден, малдан айрылған соң, қытай қазақтарының жері Текес Күнеске барып, Қытай қазақтарымен сыбайлас қыстайды. үй, тамақ, киім жоқ. Жергілікті қазақтар жәрдем, жылу сияқты нәрсені бермеген көрінеді. Аштықтан, суықтан босқын қырғыздардың жүзден 3 есенің екісі өлген.

Қазір де топалаң тиген қойдай аштан өліп жатыр. өлгенін көмуге де халдары келер емес. 3-4 мыңдай кісі Құлжа, Көз шаһарына келіп, тіленшілікпен күн көріп, аштан өлуден аман қалып, осы уақытқа дейін тіленшілік етіп, аз-аздап болмаса, көп өлім жоқ. Құлжадан 130 шақырым жерде аштан өлу көп.

Бостандық болған соң, Қытай хукіметі қалған босқындарды өз жерлеріне айдап салуға шерік (әскер) шығарып, айдатқанда көбі аштан қырылыпты. Айдап бара жатқандағы жай-күйлерін баяндап консулға мұсылманша жазып арыз беріпті. Арыздардағы сөздерден адам баласы жыламай, естіп отыра алар емес.

Қазір 27 апрельде Пекиннен 3 айға Қытай жерінде тұра тұруға мәулет келді. Бұл мәулетті естіп, купие алып, айдап бара жатқан Қытай шерігіне кісі шапты. Бұл мәулет Құлжаға Ғарыф-Ғабидовтың Петроградта Сыртқы іс министріне берген телеграммы арқасында болса керек.

Қырғыздардың осы халын көзі көрген жігіт мұғалім Молдағалы Құлжа мұсылманының Исполнительный Комитетінен телеграф арқылы мұсылман көп болған қалалардан аш қырғыз халын баян етіп, жәрдем сұрауын өтінді. Комитет мақұл көріп, телеграф үшін қырғыз болысынан 80 сом алып, қырғыздардың халын баян етіп діндес, қандас туысқандары бар қалалардағы Мұсылман комитетінен жәрдем сұрап, Құлжа комитетінің председателі Садық Ювашев телеграмм берді.

Келген жәрдемді дәптерге тіркеп «Уақыт», «Қазақ» та есебін беріп тұру – қырғыздарды аштан өлтірмес үшін Құлжадан, қырдан бөлімдер Ашу, жалаңаш тіленші әйелдерге киім алып беру ьәм басқару үшін Құлжа мұсылман комитеті әр қайсысына кісі сайлады.

Бұл босқын қырғыздардың қатын-қыздарын Қытай солдатты, қытай, дүнген, қашқарлық сарт, қытай қазағы қатынданып алған. Қайсы бір байы тірі тәуір қатын-қызды қытай солдатты тартып зорлық қылып алған. Құлжаның көшелерінде қырғыз тіленшілерінен кісі жүре алатын емес. Тіленшілік еткен қырғыз әйелдерінің киімдері тозғандықтан, құрым киізден денесін жабарлық лыпа жамылып жүр. Қырғыз халін көзімен көрген қазақ жігіті болса, шыдай алмайды, жылайды: қайсы біреулері көшеде шалқасынан жығылып өлейін деп жатқаны. Қайсы біреулері шағардың тысында далада ауырып өлейін деп жатқаны.

Бұл қырғыздардың халы кәріс мұсылмандардың халынан нашарырақ. өйткені, кәріс мұсылмандарының аштық, жалаңаштық күйін газеттерге ерте жазып, бүтін Россия мұсылмандары жылу жиып, көптеп, көмектеп аштық, жалаңаштық өлімінен құтқарды. қырғыздардың 6-7 ай аштық, жалаңаштық өліп жатқанын ешкім білмеген. Бостандық туған соң, Құлжадағы оқыған білімді ноғай ағайындардың қырғыз халын газеттерге жазып, ешкере қылып, жәрдем жиюға ертерек ұмтылғандарына іш ауырғандай болды. Бәрі бір дін қандас осындай өліп жатқанда пайда тигізбегенде, қайда тигізбек керек еді» - деп жазады [4].

Аш – жалаңаш босқын елдің жай – күйінен хабар алған ұлт зиялыларының белсенділігінің арқасында «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті» құрылып, сол арқылы елден ақша жиып, басқада түрлі көмектерін көрсетіп, ұйымдастырып отырған еді. Ол туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 3 маусымдағы санында мынадай мәлімет жарияланды: «Босқын қырғыздарға жәрдем комитеті

3 маусым 1917 ж.

Былырдан бері 10 болыс қырғыз, орыс жерінде орыстан, қытай жерінде қытайдан таланып, Құлжа алабында топалаң тиген қойдай аштықтан қырылып жатқанын көріп, Құлжа исполнительный комитетінің председателі Ювашев мұсылманы бар қалаларға телеграмм соғып, білдіріп еді; мынадай жәрдемдер келді: Алматы қазақтарының комитетінен 10 000 сом, «Уақыт» басқармасынан 598 сом 22 тиын, Ырғыз уезі комитетінен 251 сом 65 тиын, Павлодар мұсылмандары комитетінен 275 сом, Ақтөбе мұсылмандары бюросынан 300 сом, Семей мұсылмандары комитетінен 1000 сом, Түркістаннан Нәсіровтан 100 сом, Омбы имамы Пономаревтан 117 сом, Троискіден Яушовтан 835 сом, Құлжа мұсылмандарынан 1240 сом, - бәрі 14 716 сом.

Мұндай жәрдемдер келген соң, председатель Ювашев Құлжа мұсылмандарын жиып, ертерек ескермей, қараспай жатқандарын айтып, енді жәрдем көрсетпей отырсақ – бүтін Россия мұсылмандарының алдында ұятты болармыз деп, аш қырғыздарға азық беру комитетін ашалық деді. Жиылған жұрт сарты, ноғайы бар, даяр екендігін білдіріп, 38 кісі ағза сайлап, «босқын қырғыздарға жәрдем комитетін» ашты. Председателі Ювашев, қазнашы Фетчалилин, хатшы Сабиров болды»[5].

Алаш ардақтылығының бірі Міржақып Дулатов болса отарлық езгіге түсіп, қаналған қазақ қоғамын «ұйқыдан» оятып, еңсесін көтеріп есін жидыруға шақырып жазған «Оян қазақ» деп аталатын өлеңдер жинағының кезінде отаршыл үкіметтің жазалаушы органы жандармериядан жасырып қалған 1000 данадайының ақшасын босқындарға көмекке аударатындығы туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы санында «ОЯН ҚАЗАҚ!» (босқан қырғыз бауырларыма арнадым) атты мақала жариялап былай дейді: «Оқушыларға мағлұм, «Оян қазақ» атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, «Қазақ оянып кетеді!» деп қорқып, 1911-нші жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. «Оян қазақ» халық арасына тарамасын деп, үкімет үкім салды. Сонан кейін, қолға түспеген 1000 дана шамалы «Оян қазақ» алты жылдан бері бір орында жасырынып жатыр еді. Енді, құдайға шүкір, азаттық таңы атты, ескі үкімет мүрдем кетті, шағымшы «бауырларымыздың» да көзі жоғалды.

Жауыз үкіметтің жауыздығымен былтырғы 25-нші июнь жарлығы тақырыпты қазақ халқы қан жылады, бәрімізден артығырақ қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады. Күні бүгінге шейін сол қырғыз бауырларымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қырғында. Жас балаларын бір

шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын-қыздарын бір қойдың пұлына айырбастап, естиярлары мойындарына дорба салып, тіленші болып кеткендігі мағлұм болып тұр.

Сондықтан сақтаулы мың дана «Оян қазақтың» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым. Бұрынғы құны 20 тиын еді, енді бұл мұндай қайырлы іске жұмсалатын болған соң, алушыларға бағасы 50 тиын болсын деп мөлшерледім, пошта хақы кітап басы 2 тиын. Скидка жоқ. Бір кісіге 50 кітаптан кем сатылмайды. Ақшасы төменгі адрес бойынша күні бұрын жіберу керек. Бұлай деуімнің себебі – тезірек етіп, ақшасы ашаршылықтағы бишараларға тезірек тапсырылсын деген. Мың дана кітап тез сатылса, сонан өнген 500 сом шамалы ақша, көп пұл болмаса да, ел-жұрт, жер-су, мал-мүлкінен айрылып, бұл күнде бір тілім нанға зар болып тұрған сорлыларға аз да болса қорек болар еді. Бұл бишара бауырларымызды ескеру, өлімнен-қырғыннан құтқару алаш азаматының адамшылық борышы!

«Оян қазақты!» жоғарғы шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларына жаны ашыған азаматтар мына адрестегі Жұмағали Тілеулиннен алдырсын, адресі: г. Петропавловск, Ақмол. Обл., уездная больница, фельдшеру Джумагалию Тлеулину» [6].

Кейінірек М. Дулатов «Мадияр» деген бүркеншік атпен 1918 жылғы «Сарыарқа» газетінде «Аш-жалаңаш қазақ-қырғызға жылу жинайтын комитет ашылғандығын» жазып, 1916 көттерілістен кейін ауыр жағдайға тап болып, босқын күй кешкен, аштықтың азабын тарқан жетісулық қазақ-қырғызға қол ұшын беруге шақырып: «...Атқа мінген азамат сендерге ЕЛ керек болса, ЖҰРТ керек болса, басшылық қылып АЛАШТЫ аман сақтау қамына кірісіңдер! – Намыстан АЛАШ! Жігерлен АЛАШ! Тас бауыр болма АЛАШ!» деп үндеу жариялаған [7].

Осылайша ұлт зиялылары босқыншылыққа ұшырап, тағдыры тәлкекке түскен бауырларын құтқару мақсатында елдік дәстүрді есте ұстап, бүкіл елді босқындарға көмек көрсетуге шақырып, елінің ертеңі үшін бар ынта-жігерімен қызмет жасады. Осы мақсатта «АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА» атты үндеу жазып, ол үндеуді 11 маусымдағы «Қазақ» газетінде жариялаған болатын. Ол үндеудің мазмұны мынадай еді: «25 июнь жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231- номерінде жазып отыр. Әр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен номерден жазып көрсетіп отырмыз. Беріліп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейханов сол комитеттің ағзасы (Жетісу облысының комиссары) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграм берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп. Сондай бірден берілетін мольрақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей тапшылық қыла бермекші.

Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құралмақшы.

Аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай аз-көп демей әркім әліне қарай жәрдем ету әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш.

Бұл айрықша етіп алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз: қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай өтеулері тиіс дегеніміз.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтәзім Кәдірбаев, Имам Әлімбаев, Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров» [8].

Босқын елге көмек көрсеткендердің ішінде Торғайдағы 1916 жылғы көтерілістің жетекшілері, Торғай өңірінің халқы хан сайлаған Әбдіғапар Жанбосынов пен сардарбек Амангелді Имановта бар болатын. Олар туралы «Қазақ» газетінде жарық көрген Жәрдем комитетінің мәліметте айтылады: «Әлихан Бөкейханов 100 сом, Ахмет Байтұрсынов 30 сом, Сейдәзім Кәдірбаев 25 сом, Имам Әлімбаев 5 сом, Жанұзақ Жәнібеков 3 сом, Ахмет Мәметов 3 сом. Барлығы 166 сом.

Әбдіғапар Жанбосынов пен Амангелді екеуі 25 сом. Қалдыбай Ғабдалиев 3 сом, Ғабділмәжит Мұқашев, Қазы Абаев 1 сомнан.

1-ші ауыл болысының граждандарының фельдшері Құрманғалиев Һәм Якуда Ақтаевтардың дәулеті бойынша жиылған 300 сом.

Ақбұлақта қазақ моллаларының сиезінде Имам Ғабдалрахман Мұртазин арқылы 200 сом.

Мұхамедзариф Сыдықов 20 сом, Оразымбет, Нәуен, Бейсемұрат 5 сом.

Барлығы 621 сом. Бұрынғыларымен 976 сом 83 тиын.

Басқарма – 1 июньде 22 номерлі расписка алынып телеграфпен 800 сом Құлжадағы комитет басы Ювашевқа жіберілді» [9].

Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы Ибраһим Жайнақов пен қырғыз зиялысы Қасым Телтаев еш қиындықтарға қарамастан аштыққа ұшыраған Ыстықкөл өңірінің қырғыздарына ат арбалармен бірнеше рет азық-түлік жеткізіп, басқада көптеген үлкен көмектер көрсетеді [10]. Көрсеткен көмектері үшін И.Жайнақовқа қырғыз зиялысы Ишанғали Арабаев «Қазақ» газеті арқылы «Бишара қырғыз бауырдарыңды ұмытпаңдар» атты жолдаған хатында «тәңірі жарылқасын» айтып, алғыс білдіреді: «...Бұл жақтағы босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харекет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегімізден тәңірі жарылғасын айтамыз ьәм бүкіл киіз туырылықты қазақ баласынан бишара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз!

Комитет бастығы Ишанғали Арабаев»[11]

Ұлт зиялыларының елі үшін атқарған сан-салалы қызметінің бір бағытына ғана біршама ғана тоқталдық. Бір мақалада олардың еңбегінің тұтастай қамту мүмкін де емес. Қорыта келе айтарымыз ұлт зиялыларының ұлтын азат етіп, ел қатарына қосуды мақсат тұтқан ерен еңбегін, қажырлы қайраткерлігін бүгінгі ұрпақ лайықты бағалап, келер ұрпаққа аманат етуі елін сүйген әр азамат үшін парыз деп білеміз.

1. Қазақ ұлт – азаттық қозғалысы. Т. 2. Жетісу – Ыстықкөл қасіреті. Құжаттар мен материалдар жинағы. –Астана: "Ел-Шежіре", "Астана полиграфия" АҚ, 2007. - 5 бет.

2. Қозыбаев М. 1916 жыл: ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері. // «Қазақ әдебиеті». – 1992. - 3 сәуір.

3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. - 231 б.

4. «Қазақ».- 1917. - № 231.

5. «Қазақ». – 1917 - № 232.

6. «Қазақ». - 1917. - № 233.

7. «Сарыарқа». – 1918. - № 33.

8. «Қазақ». – 1917. - № 233.

9. «Қазақ». – 1917. - № 233.

10. Байзақ Мамбетұлы и его современники. (Сборник документов и материалов). /Составители: Қойгелдиев М.К., Тлеубаев Ш.Б., Оразов Р.Е. - Алматы: ОФ «Ел-Шежіре», 2008. -С. 7.

11. «Қазақ», 1917, № 23

Резюме

В данной статье рассматривается деятельность национальной интеллигенции по оказанию помощи беженцам казахского и киргизского населения Семиреченской области после восстания 1916 года.

Summary

This article deals with the activity of national intellectuals who helped the refugees of Kazakh and Kirgiz population of Chemireshensky (Zhetisu) region after the revolt of 1916.

Т.ҚАЖЫБАЕВ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН ТҮЛФАСЫНЫҢ КЕЙШТЕЛУІ

Б.Т.Бораш -

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры

Төлеген Қажыбаев – провинцияда тұрып-ақ қазіргі қазақ әдебиетінің әр жанрына үлес қосып келе жатқан қаламгер. Оның шығармаларының көпшілігінің басты кейіпкері күші әлдеқайда басым Ресей империясының отаршылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін бастаған Кенесары ханға және ханның қанды көйлек серіктеріне арналған. Олар негізінен өлеңдерден, толғаулардан және екі шағын дастаннан тұрады. Бұл поэтикалық туындыларды жанры мен бейнеленетін ел билеушілер тұлғасына қарай а) *өлеңдері мен толғауларындағы Кенесары*, ә) *дастандарындағы Абылай хан бейнесі және б) “Қараой қайғысы немесе Нұрсұлтанға мадақ”* атты өлеңіндегі Махамбет заманынан қазіргі күндердегі ел билігі мәселесіне желі тартқан шағын туындысына дейінгі ақын шығармашылығын үш бөлікке бөліп қарастырғанды жөн көрдік.

Абылай тақырыбы Қажыбаев шығармашылығында жалпы алғанда жанрлық қамтылуы, тақырыпқа келуінің жиілігі жағынан Кенесарыға байланысты туындыларынан мүмкін кем түсетін болар. Бірақ ақын поэзиясындағы бұл тақырып көлемді жырлануы, жан-жақты бейнеленуі жағынан Кенесары тақырыбымен қатар келеді, ал дастан жанрында бейнеленуің, тіпті салыстыруға келмейді. Ақынның Абылай ханға арналған “Шалқұйрық-дастан”, “Қанай-дастан” және көлемді “Жәпек батыр” атты үш шығармасы барын айтсақ жеткілікті болар. Бұл үш дастан бірін-бірі толықтырып, “Шалқұйрық-дастанда” ханның Сабалақ атанған жастық кезін бейнелесе, “Қанай-дастан” Абылайдың хан көтеріліп, дәуірлеген шағындағы тұлғасын бейнелейді. Ал кейін жазылған “Жәпек батыр” дастаны хан өмірінің басқа да кезеңдерін қамтып, бейнесінің жаңа қырларын ашып, Абылайдай ұлы хан тұлғасының жан-жақты бейнесін сомдайды. Енді дастандарды осы айтылған ретпен жеке алып қарастырамыз.

а) *“Шалқұйрық-дастан” туындысындағы Сабалақ бейнесі*

Ақын жинақтарына енген шығармалардың, соның ішінде бұл дастанның да жазылған уақыты көрсетілмеген. Дегенмен алғашқы жинағына (“Хан Кене”) енгендігіне және хан өмірінің бастапқы кезін бейнелеуіне қарап, Абылайға арналған дастандар арасындағы алғашқысы осы шығарма деп жобалап отырмыз. Дастан Қарауылдың қалың елі Жақсылықтың топ бастары, белгілі дәулетті адамы Дәулетбайдың қартайған шағында ордасына Сабалақ деп өзін таныстырған жас жігіт келеді. “Кең иық, сұңғақ бойлы, қыран қабак” деп жігіттің келбетті кескіні, тіктеп қадар жанары, жөнін бүкпесіз айтар, тақпақтап сөйлер ерекше мінезі өткені бұлдыр болса да Дәулет қарттың көңілінен шығады. Дәулетбайға Сабалақтың қара жерге отырмай – қорсынатыны, астан жасық жемес – қомсынатын, тобырды теңгермей, тектіге тең болуды жолсынатыны сияқты кейбір ерекше оғаштау көрінген қылықтары да қарт көңіліне селкейлік келтіретін емес. Сабалақ шаруасына да мығым: ат үстінен түспей, тапсырылған он мың жылқыны борандарда ықтырған емес, тіпті қотыр тай да жоғалып, қолды болған емес, барымталап келгендерін “тобықтан бір-ақ ұрып түсіреді”. Жас жігіт баққан үйіріндегі қырық қасқыр қамаласа да үйірін алдырмайтын тектіліктің асыл құнын сездіріп жүрген Шалқұйрыққа бауыр басады. Ол да тек Сабалақ мінетіндей оның сан амалына, соның ішінде қарсы шапқанын кеудемен соғып күйретуге машықтанады. Көп ұзамай олардың үйренгендері, дайындықтары қалмақтар қазақ жеріне лап қойғанда сыналады. Дәулетбай Сабалақты “Халқына бейбіт жатқан қалқан бол деп” батасын беріп аттандырады.

Дастанның қалмақпен соғыс кезінде қалмақ батыры Шарышпен жекпе-жек эпизоды осы ұрыс жырланатын басқа туындыларға ұқсас. Бір айырмашылығы Шалқұйрық иесі үйреткен әдіспен Шарыш тұлпарын соққан кезде жау тұлпары сүрініп, осы кезде Сабалақтың зұлфікары жарқ етіп қалмақ батырының басы жерге домалайды. Шарыштан айрылған жау талқандалып, Сабалақтың ата жауға кеткен кегі қайтады. Ұрыс соңынан батыр ерлігіне риза болған қарт Шалқұйрықты Абылайға сыйлайды. Дастан Дәулетбайдай дана қарттарға, Абылайдай кемелді еріне Шалқұйрықтай қазанаттарына мадақ сөздермен аяқталады.

ә) *“Қанай-дастан” шығармасындағы Абылай хан тұлғасы*

Қанай бидің туған-өлген жылдары туралы мәлімет жоқ, шыққан тегі, өскен ортасы туралы дерек өте мардымсыз. Бізге белгілісі – оның қазақ ақсүйектерінің тапсыруымен 1858 жылы Қоқан ханы

Худоярға бір топ қазақ биін басқарып елші болып барып, бірқатар жеңілдіктерге қол жеткізгендігі туралы “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясындағы [07, 517-518] мәлімет. Біз қарастырып отырған дастанға қатысты М.Жұмабаевтың “Батыр Баян” поэмасында “Ту баста Абылайды хан көтерген Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай” [09, 234] деген жолдар би туралы мәліметімізді біршама толықтырады.

Үш бөлімнен тұратын дастанның алғашқы *“Кілт”* деген кіріспе бөлімі атауы айтып тұрғандай шығарманың бүкіл мағынасын ашатын Қанайдың көп көсемнен өзгеше ерекше орны – оның “Халқының бақытына Абылайды хан көтерген” кемеменгерлігін паш етеді.

Негізгі *“Арна”* бөлімі алты тирадан тұрады. Әр тираданың соңғы екі жолы “Бізге де Қанай шал қажет боп тұр...” деп басталып, келесі жолы сол тирададағы ойды жинақтайтын түйін-тармағынан тұратын рефренмен аяқталады.

“Тану” деп алынған бірінші тирадада Қанай бидің Абылайды топтан “зердесінде батпан салмақ жатқанын” танып таңдағанын бағалайды. Ханның алдаспандай тіліп түсер өткірлігін, “атойлап атқа қонар айбатын”, тасты жарар “зерделі ой, зерек көңілін”, жүрек сырын төгілтер күйшілігін санамалай отырып, қазіргі “санаға ауыр салмақ түскен” заманда бізге де бір Қанай шал қажет боп тұрғанын осы тираданың түйіні етіп айтады.

Біз *“Таңдау”* деп тақырып берген екінші тирадада ақын Абылайды ардағым деп танып, өзін “Қырық пышақ қазағының басын қосар” “Хан ием!” деп таңдағанын айтады. Алты алаштың ұранына айналған, Ақ киізге салып төбесіне көтерген алтындай салмақты ханын, оның жолына жан берсек те арманымыз жоқ деп халқының қалтқысыз сенімін білдіреді. Тирада жауап керек сұрағы көп заманымызға топтан (мың-миллионнан) жолына жан беретіндей жалғаны жоқ елбасы табатын, біздің жағдайда ең болмаса сондай адамды меңзейтін, бізге де бір Қанай шал қажет боп тұрғанын арман етеді.

Үшінші тирадада алдау мен жалғаны көп, сабандай салмағы жоқ, халқының қамын жемек түгіл қазақтың іштен шыққан қалмағы боп, елін тал түсте талайтын қоғамдағы жетесіздер қылығын әшкерелеп, оларға алысқанда алдырмас арланым деп Абылай тұлғасын қарсы қойып, “сананы шабақтаған салмақты сөз айтқан” Қанайды еске алады. Қазіргі “іштен шыққан шұбар жыландар” білгенін істеп, қоғамдағы рухсыздық пен қылмыс жайлаған заманда Абылайдай тарланды көре білген, бізге де бір Қанай шал қажет боп тұрғанын ақын жасыра алмайды.

“Таныған Абылайды арысым” деп және “Таныған Абылайды данамыз” деп ұлы ханды ардақтайтын төртінші, бесінші тирадаларда және Абылай есімі айтылмайтын алтыншы тирадада бүгінгі қазақ қоғамына Қанайдай дана қартың қажеттігі қайталанарды.

“Түйін” деп аталатын қорытынды бөлімінде де Абылайды көп ішінен көре білген, ерекше қасиеттерін тани білген, ақ киізге көтеріп хан көтеріскен Қанайға және “Дәуірдің дарабозы Қанай қарттай, бабалардың Рухына бас ию бүгінгі ұрпақтың парызы саналады.

б) *“Жәпек батыр”* дастанындағы Абылай хан бейнесі

Қажыбаевтың соңғы кезде жарық көрген (2004) *«Жәпек батыр»* атты көлемді тарихи дастанында қазақтың ұлы ханы Абылай эпизодтық көріністерде ғана суреттеледі. Соның өзінен ханға деген халық сүйіспеншілігін байқай аламыз. Абылай бейнесі оның талай жорықтарында және қалмақ тұтқынына бірге түсіп, серігі болған дастанның бас кейіпкері атақты Жәпек батыр арқылы ашыла түседі. Бұл жөнінен дастан осының алдында ғана біз қарастырған С.Сматайдың “Жарылғап батыр” өлеңмен жазылған романымен үндеседі. Ол туындыда да Жарылғап батыр Абылай ханмен Қалдан Серен тұтқынында болады. Әрине, көркем шығарма болған соң ақын қиялымен болатын Абылай ханның тұтқынға түскені, қалмақ ханымен айтысы сияқты қазақ ханына маңызды тұсын суреттеуде, оның қасына хан батырларының кез-келгенін қоюы “қазаншының” өз еркінде. Одан шығарманың көркемдігіне келіп-кетер нұқсан жоқ. Дегенмен, осындай қатар жарық көрген тарихи шығармадағы сюжеттік ұқсастықтан өзінен өзі сауал туындайды: қалмақ тұтқынында Абылай хан жанынында болған батырды атағанда қай ақынның қиялы тарихи негізге келеді? Бұл тұрғыдан Т.Қажыбаев дастанының басында келтірілген Үмбетей жыраудың, Толыбай ақынның, М.Жұмабаевтың өлең-жырларынан, Ш.Уәлихановтың еңбегінен келтірілген үзінділер [02, 13] қалмақ тұтқынында хан жанынында болған Жәпек батыр екендігін айғақтайды. Оның үстіне Астана баспасынан шыққан “Абылай хан” (өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар) атты жинақтағы деректер [07, 100, 132] әлгі айтылғандарды дәлелдей түседі.

Тоғыз тараудан тұратын дастанның С.Сматаев романымен үндестігі алғашқы тарауынан-ақ байқалады. “Жарылғап батырда” Абылай алдында Әз Тәуке туралы мадақ сөз айтылатыны сияқты бұнда

да тараудың біз “Түркістан әмірі Темір” деп атаған алғашқы үштен бірі кіріспе ретінде, Түркістанның, оны билеуші әмір Темірдің түркі тарихындағы рөлі туралы жырланады. Біріншіден, түркінің туын тіккен көне шаһардың “Атағын аспандатқандығын...”, оны жай айтып қоймай, тарқатып айтып, “Туанның болса екен деп астанасы”, “Түркінің... Меккесіне” айналдырғысы келгенін, шаһарды, оның үстімен көктей өтетін Жібек жолын тіпті “Азуын айға білер небір нояндардан (Шыңғыс тұқымынан)” қорғап, қорғап қана қоймай, үлкен мақсат жолында “Сан елді басып-жаншып...” қанды жорықтар жасап, ордаға олжа салып, Түркістанның “төрт құбыласын бүтіндегенін” және осы әрекеттердің бәрі “Түркінің басын қосамын” деген ұлы ниетке бағындырылғанын жеткізеді. Екіншіден, осындай қалаға Туанға сіңірген қызметі үстінде “Барластың қабыланы Темір-қаһардың” деген атауынан-ақ шыққан тегі, “Жібермес қара тастай кектесіне” бет қаратпас мінезі, “Жанары жан біткенді оттай қарыған” қаһарлы бейнесі көз алдымызға келеді.

Бірінші тараудың қалған үштен екісін “Сабалақ Төле би қолында” деп алдық. Бұл бөлігі кіріспемен байланыстырылып, Түркістанның шаңырағы шайқалған шақта оған пана болған Төле би, оның әділ билігімен халықты “ханнан бетер балатқаны” айтылады”. Сол “Есікке күң байлаған, құл байлаған” билігі жүрген шағында “салмағы сабыр сақтар” Сабалақ деген текті жігіт Төленің түйесін бағып, ептілігімен биге жағады екен. Би дерегі жоқ жұмбақ түйешісін ес көргенмен, бәйбішесі байқағандай ол кіргенде селк етіп, “Шыны сол Сабалақтан сескенеді”. Бәйбішесі жасаған сынақтан кейін оған әбден көзі жетіп, енді “Іш жиып қара құлдан шошынады”. Қымыз орнына іркіт беріп тағы бір сынағанында Сабалақ байқап қалып, іркітті кездігімен төртке бөліп, бұлай табалағанын бетіне басып, зеренді қолға бермей лақтырып кетеді. Би түйешінің бұл қылығын “түндігінді төртке бөлем деген” ишарат екенін түсініп, “Бастан жақ ажырасар жетті бүгін” деп ашуға мінеді. Сабалақтың бірге еріп келген жолдасы Ораз құл Сабалақтың да мінезінің оқыс шыққандығын, енді би ештеңеден аянбайтынын айтып, Түркістанды тастап шығуға көндіреді. Сөйтіп, “Мінгесіп аталықпен жалғыз атқа,.. Сабалақ Сарыарқаға қадам басты”.

“Абылай хан саятта” деп аталған үшінші тарауында Сабалақ Түркістанда жігерін жани алмай, құлдыққа көне алмай, Арқаға жалын атып, намысын қазағының даулап келеді. Дастанда фольклордағыдай, не жазба әдебиеттегі поэмалардай Сабалақтың елге танылуын, ел билігіне келуін “Тәңірі бақ талабын көтеріп, ақ-қарасы ашылып, Орта жүз оны хан көтеріп, Көкшетау хан ордасына айналды” деп қысқа қайырған. Шарыштың басы алынған соғыстан кейін қалмақтың тұмсығы тасқа тиіп, қазақ жұртында біршама тыныштық орнайды. Осы тұста Абылай қасында сенімді Жәпек батыры бар қырық жігітпен аңға шығады.

Абылай ханның әрі батыр әрі көсем, әрі санқилы өнерді игерген саңлақ екені тарихтан белгілі. Дастанда осы сегіз қырының ең қазақи қыры көрініс береді. Қас қарайып, саятшылар кешкі асқа отырған шақта Абылай домбырасын алып, өз басынан өткен шемен шерін адам жанын “күйдіретін де, идіретін” күйге қосады. Дастанда хан иемнің көп күйшінің жүйрігі екендігі айтылып, оның “Елім-ай”, “Қоржын қақпай”, “Шанды жорық” күйлерінің ұлы ханнан “Таптырмас тәбәріктей мұра болып” қалатынына сенім білдіріледі.

Таң атып, дабыл қағысымен Абылай - Жәпек тобы “Құлан қорық” деген жерде құлан үйіріне жолығып, хан мен Жәпек бір құланды түре қуады. Жәпек тартқан оқ күлдірмамайдан кем түспей түз тағысы құлайды. Құланды бұтарлап, етін қуырдақтап жатқан сәтте, бір жеті торуылдап жүрген бес жүз қалмақ, қапыда қырық жігітті басып қалды. Осылай “хан Абылай, Құрылған торға түсті өзі келіп!”

Дастанның төртінші тарауын “Абылай қалмақ тұтқынында” деп атадық. Бұл белгілі жайт көптеген ауыз әдебиеті үлгілері мен жазба әдебиеті туындыларында жырланады. Әр фольклор үлгісінде, қаламгер туындыларында бұл тарихи оқиға әр түрлі көлемде, әрқилы көзқараспен тарқатылады. Т.Қажыбаев дастанында едәуір өзгешеліктер енгізілген. Олардың бірі – Қалдан хан ордасына келмес бұрын тұтқындар ағысы қатты Қатынсу өзенінен өткізіледі. Абылай мен Жәпек мінген қайықты қалмақ қайықшылары игере алмай, аударылып, тұтқындарды тастап қалмақтар жан сақтап қашады. Қолы байлаулы Абылай суға батып бара жатқанында, Жәпек жандармендеп алып шығады. Тұтқындар өздері қалмақ ордасына кіріп келгенде қалмақтардың қуанышында шек болмайды. Біздіңше, қазақ тұтқындарының жау жерінде алғашқы ұтысы – аман судан шығып, өздерінің қалмақ ханына келуі болды. Қалмақ ханы бұны өздеріне ұят санап, екі қайықшының басын алып, Жәпек ерлігін мойындап, елін одан үлгі алуға шақырады.

Бұдан кейінгі оқиға көпшілік көркем шығармалардан белгілі Абылайдың босағаға отырмай, төрт тағандап отыра кеткен Жәпектің үстіне отыруы, Қалдан мен Абылай арасындағы қалмақ ханының қабырғасына батқан Шарыштың өлімі туралы екі хан арасындағы айтыс, қазақ ханының сөзінің жүйелілігі

мен тапқырлығы сияқты белгілі жайттарды қайталайды. Дастанда Қалдан Абылай даналығын мойындап, “Қалдан ердің тап-тап беріп таласпай, Ырғасу сөзден әрі аспай” бұлардың сөзге келіп жарасқанын иланымды келтіріледі.

Дастанның бұл оқиғаға қосқан енді бір жаңалығы – кенеттен жел көтеріліп, жердің жүзін ақ түтек басып боран соғып, қалмақ ханы мен елінің жан ұшырғаны. Қырылып қалың жылқы желмен ығып, көптеген қараша үйлер қирайды. Шамандар бұл жайды ұға алмай бастары қатады. Ар-ұятты қойып, қысылған Қалдан дана тұтқындар арасында күн болжағыш бар ма екен деп, сұрастырады. Қазақтар арасында Рай дейтін сондай қасиеті бар кісі бар екен, хан ордасына келіп:

Еншалла бір жақсылық болар деді,
Түс ауа қалың қар да солар деді.
Алдына ақ орданың қақ байланып,
Қос үйрек сол суға кеп қонар деді.

Қалмақ ханы жаурыншының айтқаны келмесе, басы кесілетінін хабарлап, ал болжамы дұрыс келсе тұтқыннан босатылатынын жариялайды. Абырой болғанда түс ауа долы боран басылып, жарқырап күншығып, қар еріп, сай-сала суға толып, ақ орда алдында қақ байланып, “Қос үйрек қақ суына қонған екен”. Қалдан сертте тұрады, бірақ қалмақ-қазақ арасы ақ болсын деп, Жәпектің бір баласын кепілдікке алады. Абылай басшы, Жәпек қосшы болып, қырық жігіт елге қайтады.

Біз “Абылай қолының қалмақпен соғысы” деп атаған жетінші тарауы Қалдан өлгеннен кейін қалмақ еліндегі тақ таласының жоңғар нояндарының қытайдың Ежен ханымен жең ұшынан жалғасып, қайтадан үйреніскен жауы “Қазақтың жағасына жармасуына әкеп соқты”. Абылай жаудың қалың қолын көріп, “елінде еркек кіндік қалмаған ғой” деп, осы соғыс сірә “ақтық айқас болар” деп шамалайды. Сондықтан қазақ ханы да бар батырларын шақырып, көп қол жинайды. Бұл ұрыс та дәстүрлі жекпе-жектен басталып, оның шешуші маңызы барын білетін хан, ортаға таудай боп шыққан қалмақ батыры Кәбінге қарсы Ер Жәпекті шығарып, жаудың басын алуды қатты тапсырады. Қалмақ батыры Жәпекке найзасын тіреп, сауыт өңірін іреп кеткенде дөң басынан қарап тұрған Абылай “Қуарып, қаны қашып, жүдеп кетті”. Жәпек ер жау найзасынан аман қалып, қатты қарқынмен қайта шауып, “Абылайлап” ағындап келіп, Кәбінді қолқа тұстан түйреп өтеді, бұндай күшті күтпеген қалмақ мұрттай ұшады. Қазақтар “Абылайлап!”, “Ө, құдайлап!” Абылайдың ақ туын барып құшады. Әрі қарай жан беріп, жан алысқан сұрапыл майдан басталады. Абылай соғыс тәрбиесін көрген қазақ батырлары Бөкенбай, Дарабоз, Баян, Жәнібек, Жәпектер бар өнерін көрсетіп, ұрыстың тағдырын шешеді. Сөйтіп, Абылай болжағандай бұл жеңісті айқас қалмақтың бас көтертпестей етіп, жотасын омырған ұрыс болады. Абылай: “Халқымның хақтан күткен азаттығы, құтылып ата жаудан қазақ бүгін” деп қолын жайып, тізе бүгеді.

Қарастырылған үш дастандағы Абылай және басқа хандар тұлғасының бейнеленуін жинақтай келе мынадай *тұжырымдар* жасауға болады.

Біріншіден, дастандар Абылай және басқа билеушілер бейнесі сомдалатын тарихи аңыздар мен тарихи жырлардағы, қаламгерлер тарихи туындыларындағы тарихи оқиғаларды және тарихи әдебиеттегі деректерді негізге алатыны байқалады.

Екіншіден, “Жәпек батыр” дастанындағы Әмір Темірдің бейнесін беруде тарихи шындықпен қатар, ақиқаттан ауытқып, тым әсірелеп көтермелеу де орын алғанын айта кету керек. Қожа Ахмет Ясауидің діни-соғылық көзқарасын, әдеби мұрасын бағалап, оның атына Түркістан шаһарында әсем кесене салдырып, қаланың “төрт құбыласын бүтіндеп”, түркінің Меккесіне айналдыруы, түркінің астанасы етуге ұмтылысы, сол жолда неше бір қиындықтарға, қаталдыққа барғаны, сөз жоқ, “Темір қаһар” бейнесіне жарасып тұр. Сонымен қатар тарихтан белгілі жайттар: 1) “ақсақ қаханның” өз қандасы Баязитті күйретіп, Осман империясы ықпалында болған Таяу, Орта Шығыс мұсылман елдерін әлсіретіп, Еуропа христиандарына жем қылғаны, 2) Тоқтамыс әскеріне қайта-қайта соққы беріп, туыс түркі-мұсылман Алтын Орда империясын бас көтерместей құлдырауына ықпал жасап, соның арқасында орыс князьдіктері бас қосып, күшейіп, оңтүстігіндегі түркі елдері мен халықтарына үлкен қасірет болғаны дастандағы “Исфахан қылышындай қайран Темір, Түркіні қосамын деп терін төккен” деген жолдарға тіпті үйлеспей, боямасыз нағыз “Темір қаһардың” бейнесін ашып тұр.

Үшіншіден, дегенмен акын Абылай тұлғасын кейіптеуде белгілі хан өміріне байланысты жайттармен шектеліп қалмай, хан бейнесін сомдауда тарихи шеңберден онша көп алыстамайтын едәуір *жаңа фактылар мен оқиғаларды қосу* (Абылай бастаған қазақ тұтқындарының Қатынсудан өтуі, Қалдан ордасындағы кенеттен соққан боран және Райдың жаурыншылдық қасиеті), бұрынан *белгілі жайттарға*

жаңаша реңк беру (Көптеген фольклорлық үлгілердегі Төле бидің Сабалаққа қамқорлығы суреттелетін эпизодтар, керісінше Төле бидің секемшілдігі жеңіп, жас жігітті үйінен қашуға мәжбүр етуі) сияқты батыл қадамдарға барған.

Төртіншіден, бұл үш дастандағы Абылай хан бейнесі ұлы хан өмірінің тарихи әр кезеңдерін суреттейді. Бұл тұрғыдан сөзсіз “Шалқұйрық – дастанның” тарихи кезеңі бұрынырақ – дастан Абылайдың жас балаң жігіттік “Сабалақ” атанып жүрген кезін баяндайды. “Қанай – дастанда” Қанай сынды дана қарттың Абылайды көп ішінен көре білген, ерекше қасиеттерін тани білген, ақ киізге көтеріп хан көтеріскен заманын суреттейді. Бұл шығарма Абылай хан тұлғасының тарихи бейнелуінің мезгілі жағынан екі дастан арасынан орын алады. “Жәпек батыр” дастанының уақыт диапазоны әлдеқайда кең – ханның жас жігіт (Сабалақ) шағынан Абылай ханның дәуірлеп тұрған шағындағы соңғы бір айқастағы көрінісі суреттеледі. Бұл дастан соңғы кезде жазылған, сондықтан тарихи кезең жағынан “Шалқұйрық – дастанның” тарихи кезеңін толық қамтып тұр.

Бесіншіден, бұл үш дастанды бұлай орналастыру Т.Қажыбайдың Абылай туралы дастандарындағы Абылай хан тұлғалық бейнесінің эволюциялық даму процесін анығырақ көрсетуді жеңілдетеді. Бейненің даму жолын дәстүрлі схемалық тізбекпен көрсетсек ол мынадай түрде өрнектеледі: Сабалақтың Дәулетбай үйіндегі қызметі - Шарышты жеңуі (“Шалқұйрық - дастан”) – Абылайдың көп ішінен танылып - таңдалып, ақ киізге көтеріліп хан сайлануы (“Қанай - дастан”) – Сабалақ Төле би есігінде - Сабалақ Арқада Абылай атанып хан көтерілуі - хан көп күйшінің жүйрігі - тұтқын Абылайдың аударылған қайықтан аман шығып - жау ордасына өзі келген мәрттігі - Абылайдың босағаға отырмай, тектілігін танытуы - Шарыш өліміне айыпты еместігін мойындатуы - Қалдан ордасында боран соғып, мал қырылғанда Абылай жаурыншысының қалмақ елін аман сақтап қалуға септігі - Абылайдың Кәбін бастаған қалың қолын жеңердегі қолбасшылық шеберлігі - Абылай ханның Жәпек батырмен достығының шынайылығы (“Жәпек батыр”).

1. Қажыбаев Т. «Хан Кене». Толғаулар, дастандар, драмалар. – Алматы: Жібек жолы, 2002. -20-27, 51-62, 80-105 бб.
2. Қажыбай Т. «Жәпек батыр» тарихи дастаны. – Астана: Foliant, 2004. – 134 бет.
3. Салықов К. Қаламгерлік өнердің қазанаты (Алғы сөз). // Қажыбай Т. «Жәпек батыр» тарихи дастаны. – Астана: Foliant, 2004. – 134 бет.
4. Қазақ тілінің сөздігі (Жалпы редакциясын басқарған Жанұзақов Т.). – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. - 773 б.
5. Сербалаұлы Б. Қазақ өлеңінің келбеті – кестелі тіл. («Қазіргі кезең әдебиеті. Көркем тіл мәселесі» атты ғылыми конференциясында сөйлеген сөзінен). // Әдебиет айдыны». - № 46. - 29.12.
6. Қажыбай Т. “Бар әлемнің жауғары мен гауғары, Жалғыз тамшы көз жасыңа татымас...” (7 өлеңнен тұратын топтамасы, ішінде “Кенесары үңгірінде” өлеңі).//Әдебиет айдыны. - № 27. - 13.07.2006. - 9- бет.
7. Абылай хан (Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар). – Петропавловск: Астана, 2005. - 100, 132 бб.
8. Қанай би. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының, 2003. - 517-518 бб.

Резюме

В данной статье автор исследует образы исторических личностей Казахстана на примере произведений Т.Кажыбаева.

КЕҢЕС ДӘУІРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА СОВЕТСКОГО И СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.З.Отарбаева–

ҚБТУ философия және құқық кафедрасының ассистент-профессоры, т.ғ.к, доцент

Заманауи қоғамның нәтижелі қызмет етуі үшін әлеуметтік серіктестік жүйесінің дамуы орасан зор. Бүгінгі таңда әлеуметтік серіктестікті қаржыгерлер, әлеуметтанушылар, философтар мен саясаттанушылар зерттеуде. Алайда қоғамдық әрі ғылыми мүддені есептегенде, бұл құбылыс күрделі және көп аспектілі сондықтан, әлеуметтік серіктестік деген бірігей ұғым әлі қалыптасқан жоқ. Қазіргі таңда қоғамдық ғылымдарда осы категорияны сипаттайтын екі негізгі түсініктеме бар. Әлеуметтік серіктестік дегеніміз еңбек саласындағы еңбек және басқадай әлеуметтік экономикалық қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған жұмыс беруші, мемлекеттік органдар, кәсіподақтар арасындағы ара қатынастар жүйесі. Жалпы айтқанда, қоғамдағы екі немесе үш сектор арасындағы; мемлекеттік құрылымдар, коммерциялық ұйымдар және мемлекеттік емес ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мақсатында, яғни сектораралық серіктестік болып табылады.

Біздің пайымдауымызша, әлеуметтік серіктестікті көп деңгейлі қарым-қатынастар құрылымы ретінде қарастыру керек. Мұнда негізгі деңгей ретінде еңбек қарым-қатынастарын реттейтін қатынас болып табылады. Олар салалық, аймақтық, тәжірибелік деңгейде және өндірісте, ұйымдар мен мекемелердегі ұжымдық келісімдер жүйесі арқылы жүзеге асады. Қазақстандағы еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік мәселесі мемлекет тарапынан нормативті-құқықтық реттеумен қамтамасыз етілген.

Қазақстандағы әлеуметтік серіктестік жүйесінің әртүрлі деңгейлері бар:

- 1) басты келісім;
- 2) аймақтық келісімдер;
- 3) салалық (тарифтік) келісімдер;
- 4) ұжымдық келісімдер.

Республикалық деңгейде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен республикалық жұмыскерлер бірлестігі мен жұмыс берушілер қоғамы арасындағы 2009-2011 жылдарға бағытталған Бас келісім жүзеге асуда. Бұл құжат Республикалық үш жақты комиссия – Үкімет, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік және еңбек қарым-қатынастарының қызметі мен міндеттерін республикалық деңгейде бекітеді. 2009-2011 жылдарға негізделген Бас келісімде еңбек және әлеуметтік саласының барлық спектрлері қамтылған; еңбек нарығы мен еңбек қарым-қатынастарының дамуы, халықты еңбекпен қамтамасыз ету деңгейін өсіру, кадрлардың тәжірибелі дайындықтарын жақсарту, әлеуметтік саясаттың дамуы, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету, еңбек және денсаулық сақтау [1].

БҰҰ-ның бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік серіктестікті қалыптастыру және халықаралық, отандық компанияларының нәтижелі қайырымдылық тәжірибесі, әлеуметтік жобалардың маңыздылығы мен абыройын көтеру жөніндегі Жаһандық келісімді енгізу мақсатында Бас келісімге бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы тармақ енгізілген. Бұл Бас келісім республиканың салалық және аймақтық деңгейдегі әлеуметтік серіктестер арасындағы келісімнің негізі болып табылады.

Бұл мақалада Қазақстан республикасындағы еңбек қарым-қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік идеяларының қалай жүзеге асатыны және сегіз облысты: Алматы, Атырау, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан және Оңтүстік-Қазақстан облыстарын мысалға алып, үш жақты келісімнің қандай мәселелерді шешетіні туралы мейлінше түсіндіруге тырыстық.

Мағлұматарды сараптау нәтижесінде, сегіз аумақта да облыс әкімшілігі мен облыстық кәсіби одақтар кеңесі, жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер бірлестіктерінің 2009-2011 жылға бағытталған келісімдерге қол қойылғаны анықталды [2]. Жеке облыстарда жұмыс берушілер мен кәсіпкерлерді облыстық ұйымдар танытады, ал басқа жерлерде – Қазақстан Республикасының ұлттық-экономикалық палатасының бірегей ұлттық одағының облыстық филиалдары «Атамекен Одағы», ШҚО-да – үш одақ ЗТБ ҰЭП «Атамекен Одағының» филиалы, ЗТБ ШҚ Ассоциациясы «Өндірісшілер мен өндірістер Одағы» және АҚ «Қазақстан шаруалары Одағы».

Аудандық және ірі қалаларда үш жақты комиссиялардың қызметін ұйымдастыру шарасы нәтижелі атқарылып жатыр. Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік серіктестік» заңына сәйкес республикамыздың барлық аудандары мен қалаларында аудан және қала әкімшіліктерінің қаулысымен аудандық және қалалық үш жақты комиссияның әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарын реттеу бекітілген.

Комиссия аясында әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеу, комиссия шешімдерінің орындалуын бақылау және аумақтық үш жақты келісімнің міндеттемелері жөніндегі жұмыс топтары немесе кеңестер ұйымдастырылды.

Аумақтық келісімдер әлеуметтік-экономикалық саласындағы сан алуан мәселелерді қамтиды: экономикалық даму, халықтың айлық кірісі, еңбекпен қамтамасыз ету нарығы, еңбек жағдайларын жақсарту мен қорғау, жұмыскерлердің кәсіби біліктіліктерін арттыру, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сала, азаматтардың еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, әлеуметтік серіктестік.

Егер кәсіподақтар үшін үш жақты келісім – жұмыскерлердің жағдайларын заңды түрде жақсарту болса, ал жұмыс берушілер үшін елдің әлеуметтік-экономикалық саясатының қалыптасуына белсенді қатысу болып табылады. Ал аумақ үшін күштер консолидациясы арқылы өз мүделерін алға тарту, мемлекеттік тапсырыстар алу, жеңілдікпен несиелер алу болып табылады.

Үш жақты келісімдерден басқа, ауданда **салалық тарифтік келісімдерге** қол қойылады, олар жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарын реттейді, еңбекақы нормаларын және басқа да еңбек жағдайларын, жұмыскерлерге арналған әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді белгілейді. Салалық келісімдер білім беру, денсаулық сақтау, көлік салаларында және агроөндіріс кешенінде жүзеге асырылады. Облыстағы энергетика, машина жасау салалары, АҚ «Қазақтелеком» және АҚ «Қазпошта» жүйесінің ұйымдары республикалық салалық келісімдермен қамтылған. Үш жақты келісімнің басты тармағы ретінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. Бұл терминнің қолданылуына көп уақыт болғанына қарамастан, 2009-шы жылдың 17-ші шілдесінде Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік» туралы заң қабылданбай тұрғанға дейін бұл жөнінде туралы нақты және бірегей ұғым болған емес. Енді Заңда «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бұл – жеке кәсіпкерлерлік объектілерінің қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларының дамуына өз еркімен үлес қосқаны» деп анықталып бекітілген.

Алматы облысында көптеген кәсіпкер жергілікті қауымдастықтың қоғамдық өміріне белсенді қатысуда. Әлеуметтік жауапкершіліктің ішкі механизмдерін өз кезегімен қалыптастырып отырған беткеуастар компаниялар тәжірибелерінің ілгері басуы бар. Оларға мынандай компанияларды жатқызуға болады: ЖК «Санат Сервис», АҚ «Қазақстан Қағазы», АҚ «Трансстроймост», ЖШС (жауапкершілігі шектелген серіктестік) «Құрылыс», Текелідегі ГОК АҚ «Қазцинк», ЖШС «Кнауф Гипс Қапшағай», АҚ «Бент», ЖШС «Филипп Моррис Қазақстан», ЖШС «Галлахер Қазақстан», АҚ «Қазақтелеком», АҚ «Тас-Құм», ЖШС «Тоқжайлау», ЖШС «Алкан Пэкеджинг». Осы кәсіпорындардағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілік элементтері барлық бағыттарда байқалады: өндірісте, кадрлық саясатта, жергілікті қауымдастықпен қарым-қатынаста және ұлттық тәсілдерді өндіруге белсенді қатысады. Жеке кәсіпкерлер тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға, соғыс ардагерлеріне, жетімдерге, мүгедектерге, көп балалы аналарға, балалар үйлеріне, интернаттарға және білім беру мекемелеріне қол ұшын беріп жатыр.

2008 жылдың бірінші кварталында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде Алматы облысында 1 млрд. 125 млн. 920 мың теңге сомасында, оның ішінде 31 – білім беру саласына, 4 – денсаулық сақтауға, 12 – мәдениет пен спортқа, 48 – халықты әлеуметтік қорғауға және 23 – басқадай қажеттіліктерге жұмсалатын 118 меморандумға қол қойылды. Соның ішінде 2009-шы жылдың бірінші кварталында 1970,0 теңге құрайтын 5 меморандумға қол қойылды [3].

Халықты әлеуметтік және еңбекті қорғау Министрлігі мен Атырау облысының әкімі және ЖШС «Теңізшевройл» арасында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында әлеуметтік жоспарларды жүзеге асыру үшін ортақ одақ туралы Меморандумға қол қойылды.

ЖШС Теңізшевройл», «Ігілік» бағдарламасына сәйкес, Құлсары қаласындағы №6 өндіріс техникалық мектептің құрылысына 1 148076,19 мың теңге көлеміндегі қаражатты өз мойнына алды [4].

БҰҰ-ның әлеуметтік еңбек қарым-қатынастары саласында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Жаһандық келісімді енгізу мақсатында халықты әлеуметтік және еңбекті қорғау Министрлігі және әлеуметтік бизнес-құрылым арасында 9 жұмыс берушімен келісімге қол қойылды. Олар: ЖШС «Өнерпаз», ЖШС «Қазкоминжиниринг», ЖШС «Батыс транспорт СИМ», АҚ «Теңізмұнайқұрылыс», ЖШС «Диар», АҚ « Медицина», ТОО «Дана», ЖШС «Жылыой», ЖШС «МК Бизнес».

Павлодар облысында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі 181 Меморандум бар. Солардың ішінде:

-Павлодар облысының әкімшілігі мен АҚ «Павлодарэнерго» арасындағы 655,0 млн. теңге құрайтын сомаға;

-Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, Павлодар облысының әкімі және АҚ «Трансұлттық компания «Қазхром», тұрғын үйлер салу жөніндегі әлеуметтік жобаны жүзеге асыратын Ақсу ферроерітінді зауыты және әлеуметтік салада;

Солтүстік-Қазақстан облысында 2008 жылы 1122,8 млн. теңге құрайтын 78 меморандумға қол қойылған. 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында 55 млн. теңгені құрайтын 20 меморандумға қол қойылды [5]. Қол қойылған меморандумдарда мектептерді, ауыл клубтарын, стадиондарды, жолдарды, ем-дом амбулаторияларын жөндеу, тұрғын үйлер салу және су құбырларын өткізу мәселелері көрсетілген.

Республикалық Форумда «Ұжымдық келісімге қол қойыңдар!» деген республикалық акция басталған. Бұл кәсіпорындар мен жұмыс берушілерге барлық кәсіпорындарда жекеменшік түрлеріне қарамастан, Еңбек Кодексінің нормаларына сәйкес кәсіподақтық ұйымдары бар жерлердің барлығында ұжымдық келісімдерге қол қоюға түрткі болды. Осы акцияның арқасында көптеген кәсіподақтар бизнестің әлеуметтік жауапкершіліктеріне ден қойылған мәселелерде ұжымдық келісімдерге мұқият қарайтын болды. Акция өткізілген уақыт кезінде тек ОҚО-да 4517 ұжымдық келісімдерге қол қойылып, 5000 адамнан тұратын 78 жаңа кәсіптік ұйымдар құрылған болатын [6-32]. Ұжымдық келісімге жұмыс беруші мен жұмыскердің өзара міндеттемелері енгізіледі. Олар мынандай мәселелерді қамтиды: өндіріс орындарын жетілдіру, біліктілікті арттыру мен еңбекақыны, жәрдемақыны, өтемақыны, қосымша төлемдерді төлеу формалары мен мөлшері, ақшаның құнсыздануы мен бағалардың көтерілуіне байланысты еңбекақы механизмдерін реттеу, ұжымдық келісімдердің шарттарын орындау және т.б болып табылады.

Кәсіпорындар мен кәсіподақтар арасындағы бір-екі жылға бағытталған ұжымдық келісімдер наразылық шараларын алдын алатын еңбек қарым-қатынастарын реттейтін нәтижелі форма екендігін айшықтайды.

Аумақтағы жұмыс берушілер кәсіпорындармен ара-қатынастарында еңбекақыны төлеу, еңбекпен қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдіктер мәселесінде келісілген саясатты ұстануға тырысады. Осылайша, екі әлеуметтік серіктес – кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бірлестіктері арасындағы сұхбат еңбек қарым-қатынастарын реттейтін басты құрал болуы тиіс.

Әлеуметтік серіктестік мемлекеттің және атқарушы органдар мен өкілдерінсіз жүзеге аспайды. Мемлекеттің қызметі басқа серіктестер – кәсіподақтар мен кәсіпкерлердің қызметтерінен ерекше. Мемлекет серіктес тарапы ретінде төреші, делдал, үйлестіруші, заң шығарушы қызметтерін атқарады. Сонымен қатар, мемлекет еңбек қарым-қатынастарына (кәсіподақтар құқықтарын шектеу, ереуілдерге тыйым салу, бизнеске шарт-талаптар қою) әкімшілік жағынан шектен тыс араласса, нәтижелі сұхбаттың болуы екіталай. Алайда мемлекеттің әлеуметтік консенсустағы қажетті мүше екенін жоққа шығаруға болмайды. Кәсіпорындарда ұжымдық келісімге қол қойғанда, мемлекет бұл шараға тікелей араласпайды, бірақ қатысады. Бұл мемлекеттің кез келген келісім шарттарға қол қойған кезде еңбекақы мен еңбек жағдайын қамтамасыз етудегі белгіленген ең аз деген төлем деңгейінен түспеуін заңды түрде белгілегенінен байқалады.

Осы мақаладағы мәліметтер сараптамасы аумақтағы әлеуметтік серіктестіктің дамуы мынандай басты мақсаттарға бағытталғанын көрсетеді:

- аумақтағы экономикалық өзгерістердегі әлеуметке бағытталған саясатпен қамтамасыз ету;
- өмір сүру деңгейінің кепілдік жүйесін құру және орындалуына жауап беру;
- әлеуметтік-еңбек және сонымен байланысты экономикалық қарым-қатынастарды реттейтін нәтижелі механизммен қамтамасыз ету;

- келісімдерді жасау және отыру, әлеуметтік серіктестіктің барлық дәңгейіндегі заңға сәйкес ұжымдық келісімдер;

- ұжымдық еңбек дауларын алдын алу және жанжалдарды шешуге септігін тигізу.

Осылайша, аумақтардағы әлеуметтік серіктестікті сараптау барысында әлеуметтік серіктестікті қоғамдағы тепе-теңдік қызметін атқаратын және екі жақтың өзара нәтижелі қызмет ететін маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырамыз. Сондықтан мұндай қарым-қатынастар аумақтардың саяси, әлеуметтік және экономикалық даму мәселелерін шешуде барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға болады.

1. <http://www.zakon.kz/141684-generalnoe-soglashenie-mezhdu.html>

2. Әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарындағы әлеуметтік серіктестік және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің дамуы туралы. // <http://paryz.kz/>.

3. http://paryz.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=64&Itemid=30

4. Сол жерде.

5. Сол жерде.

6. Әлеуметтік серіктестік жөніндегі Үшжақты Келісім. - Алматы, 2010. - Б.251.

Резюме

В данной статье сделан анализ материалов с целью понять, как в регионах Казахстана происходит реализация идей социального партнерства в области регулирования трудовых отношений и какие задачи решают трехсторонние соглашения на примере восьми областей Казахстана: Алматинской, Атырауской, Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской и Южно-Казахстанской.

Summary

Otarbayeva Bakhytnur Zeinullayevna. In this article there is an analysis of materials in order to understand how the regions of Kazakhstan the realization of ideas of social partnership in the field of labor relations is going on and what kind tasks are solved by tripartite agreements on the example of the eight regions of Kazakhstan: Almaty, Atyrau, East Kazakhstan, Karaganda, Kostanai, Pavlodar, North Kazakhstan and South Kazakhstan.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫН АЙЫПТАУ МЕН ҚУҒЫНДАУ (XXғ. 30-жылдары)

Қ.Ғ.Даркенов -

т.ғ.к., Б.Алтынсарин атындағы АрқМПИ доценті

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары кеңес әдебиетінің, оның ішінде қазақ әдебиетінің де дамуы, жаңа шығармалардың да туу кезеңі болумен қатар, тоталитарлы мәдениетке бет бұруда шешуші кезең болды.

Осы кезеңде пролетарлық әдебиеттен «...өмірді білу мен түсіну, көркем шығармаларда оны шындықпен бейнелеп көрсету, жай ғана жаттанды, схоластикалық, қан сөлсіз өлі күйінде, жай ғана, «объективті нақтылық» ретінде бейнелеу емес, ал, оның нақты түрде революциялық дамуын бейнелеу керек. Осындай жағдайда көркем бейнелеудегі ақиқат пен тарихи дәлдік социалистік реализм рухында еңбекшілерді идеалық жағынан қайта құру мен тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болуды» талап етілді. [1, 85-б.]. «Әдебиетке, жалпы өнерге тек қана партия бақылауында тәрбие міндеттерін жүзеге асыратын құрал ретіндегі рөл жүктелді. Жаңа экономикалық саясат кезінде, одан кейінгі он жыл ішінде әдебиет мәселелеріне оның ішінде, әдебиетте қалай жаңалықтар жасауға, енгізуге болады деген мәселеге байланысты туған айтыс таласқа нүкте қойылды». [2, 427-б.].

Социализм құрылысы барысында пролетариат диктатурасы идеясын ұстанған әдебиет пен баспасөз біртіндеп идеологиялық қаруға айналды, «халық жауларын» іздеу мен табуға тартылды. Қазақстанда ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деп әдебиет пен әдебиетшілерді айыптау, әшкерлеу мен қудалау етек алды. 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басында айыпталып, қудаланған қазақ

зиялылары 30-шы жылдар ортасында өз жазаларын өтеп елге келгеннен кейін де ұлтшыл, алашордашыл деп қудалау нысанасында тұрды. Атылып кеткен Ж.Аймауытов пен Ғ.Бірімжановты, айыпталып айдауға кеткен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б. атап, алашордашылардың өзі жоқ болса да, олардың жолын ұстанғандар бар. Кеңестік аппаратқа бүлдіру ниетімен кіріп кеткен агенттері бар. Олар өз ниеттерінен бас тарқан жоқ, Кеңес жағына өз қателерін мойындап толық шыққан жоқ деген пікір басым болды. Баспасөзде оларды сынау, іздеу толастамады, жаңа қарқын алды. Ақиқатында айдауға кеткен қазақ зиялылары бұрынғыдай ел мүдесі үшін араласқан қоғамдық істен ғана емес, өздерінің негізгі кәсіптері шығармашылық жұмыстан да қол үзді. Қудалау, үздіксіз сынау, әрі тұрмыс тауқыметі оларды жаншып тастады. Солардың бірі, әрі бірегейі М.Жұмабаев. Көрнекті ақын айдаудан босап елге қайтқан кезде де, оған алашордашыл зиянды элемент деп сенбеу әлі де басым болатын.

М.Жұмабаев босап елге қайтар алдында бұрын оны ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деп сынаған С.Мұқанов ақынды дұрыс бағаламағандығын түсінді ме, әлде басқа да себептері болды ма оған хат жазды. Ғалым Т.Кәкішевтың жазуынша, оған 1959 жылы С.Мұқанов «1934 жылы 2 қарашада Москвада Қызыл профессорлар институтының соңғы курсында оқып жүргенде кезінде Беломорканалында айдалып жүрген Мағжан Жұмабаевқа хат жазғанын айтқан. Хаттың негізгі мазмұны – таяуда түрмеден шығасыз, сонда қай жақта боласыз, зорлық зомбылықты кек тұтпай шығасыз ба, советті жақтайсыз ба? «Токсанның тобы» мен «Толғауда» совет идеологиясына қарай ойысқан негізгі сюжетін дұрыс түсінгенімен, дер кезінде оның жақсы қасиеттерін бағалауда кемшіліктер жібергенімді мойындаймын деп алады да, біз үшін қазақтың қасиетті поэзиясының келешегі үшін Сіздің совет жағына шықпаныңыз үлкен олжа болар еді деген ойларын айтыпты»[3, 257-6]. Ақиқатында, М.Жұмабаевтың Кеңес өкіметіне қарсы шықпағаны белгілі. Бірақ, оны кеңес өкіметі мен пролетариат сыншылары алашордашыл, ұлтшыл деп шеттетті, сенімсіздік білдірді. Шығармаларынан Кеңес өкіметіне қарсы ілік іздеді. Мағжан «мен көппен біргемін, токсанмен біргемін» деп ағынан жарылып «Токсанның тобы» шығармасын жазғанда да оны, жақын тартпай талқыға салды.

Ал, С.Мұқановтың М.Жұмабаевқа хат жазғандығы жөніндегі деректі жазушымен кездескен Ж.Бектұров та келтіреді. С.Мұқанов оған «Мағжанның ақындығы да, кісілігі де ерекше бөлек еді. ...мен Мағжанға 1932-1933 жылдары Москвада оқуда жүргенімде ГПУ-ден рұхсат алып, оған лагерге, Мурманск жағына хат жазып жібердім» деген [4, 325-6].

Бірақ, өкінішке орай, мұрағатта С.Мұқановтың М.Жұмабаевқа хат жазғаны, ақшалай көмек көрсеткендігі жөнінде» ешқандай мәлімет сақталмаған[5, 181-6].

Он жылға сотталған М.Жұмабаев М.Горький мен оның зайыбы Е.Пешкованың араласуымен 1936 жылы босанып елге оралды. Бұл кезеңде Қазақстанда шығармашылық интеллигенцияның бірін бірі сынауы, әшкерлеуі, саяси айыптар тағуы өршіп тұрғанына қарамастан елге оралған М.Жұмабаев «өз жазамды өтедім. Енді маған ешкім тиісе қоймас» деген ниетпен, тағы да қателескеніне кешірім сұрап, өзін сыртқа итермей Жазушылар Одағына қабылдауды, көмек көрсетуін сұрап С.Мұқанов басқарып отырған Қазақстан жазушылар Одағына хат жазады.

Хатында: «Өзімнің кінәма лайықты жазамды өтедім. Еңбектің қара қазанына қайнап, адасулар мен арам ойлардан мәңгілікке арылдым. Мен бұрынғы ойларымнан арылып, бай мен ұлтшылдардың жолынан бас тарттым және жаңа жолға, еңбекшілер жолына бет бұрдым.

Мен қалған өмірімді берік ниетім мен үмітімді дәлелдеу үшін социалистік құрылыста еңбек етуге бел будым, ісіммен барлық ескі көзқарастарымнан арылғанымды көрсеткім келеді. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жоқ. Еңбекші табы әдебиетінің жетекшісі – Жазушылар Одағы Басқармасы менің өткен кезеңдегі адасушылығымды қатал сынға ала отырып, сыртқа теппей, өзіне тартып, Жазушылар одағына мүшелікке қабылдап, жетекшілік етуін, көмек беруін сұраймын.

Мағжан Жұмабаев. Петропавловск қаласы, Дзержинский көшесі, №19 үй» деп, мекен жайын да көрсетіп, шын ниетімен жазғанымен, айдаудан арып ашып келген, келген соң да көз түрткі болып, тұрмыс тауқыметін тартқан ақынға қол ұшын беріп жақын тартқан ешкім бола қоймады [3, 259-6].

С.Мұқанов «...егер де өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етем десеңіз жазуыңызға ешкім бөгет болмайды. ...Пролетариаттың рахымы мол. Ол қорғай да біледі, жарылқай да біледі. Бірақ, пролетариат сөз емес істі жақсы көреді деп жазғанымен, заман құбылуынан Алматыға барған Мағжанға көмек бере алмады. Пролетарлық өкімет те жарылқамады. Жарылқаны, 1937 жылдың 30 желтоқсанында Мағжан қайта қамалды [6, 137-6].

Одақ көлемінде буржуазиялық жазушыларларды әшкерлеу, айыптау және жазалау троцкишілерге қарсы кең ауқымды ұйымдастырылған шаралармен байланысты өтті. Қазақстан пролетариат жазушылары да троцкизмді айыптап, оған қарсы күреске өз үлесін қосты. 1937 жылдың басында Москвада троцкишілерге сот үкімі шыққанда, оны қолдап – он төрт жазушы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев және басқалары «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған «Жауға мейірім жоқ» деген мақалаға қол қойды.

Себебі, 1936-37 жылдары Кеңес Одағын елеңдеткен бірнеше саяси айыптауларға негізделген сот процесстері өтті. Оған жұмысшылар мен колхозшылар, кеңестік мекемелер тартылды. Өртүрлі қоғамдық ұйымдар, солардың ішінде, шығармашылық одақтар да тыс қалмағаны белгілі. 1936 жылы 19-24 тамыз аралығында КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы «Антисоветтік біріккен Троцкийшіл-зиновьевтік орталықтың» ісін қараған ашық сот процесі өтті [7, 171-б.]. Ал, 1937 жылы қаңтарда «антисоветтік троцкийшіл орталықтың» ісі қаралды [7, 210-б.]. Олардың кеңес өкіметіне қарсы іс әрекетін айыптауға Қазақстан жазушылары да тартылды. Троцкийшілерді, оларға пікірлестерді әшкерлеу, іздеп табу, айыптау мен жазалау шаралары Қазақстанда да жүрді.

Осы 20 жылдардың екінші жартысы мен 30 жылдары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытовты т.б. қазақ зиялыларын ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деп сынаған, танымал кеңестік сыншылардың бірі саналған, кезінде Голощекин қолдауына ие болған Ғ.Тоғжанов та троцкийшіл уклонмен айыпталды. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты қорында Ғ.Тоғжановқа қатысты мынадай құжат сақталған: «Тоғжанов әдебиет пен өнер ұйымының басшысы бола отырып, басқарма жұмысына ешқандай араласқан жоқ және әдебиет жөніндегі кітаптарында толып тұрған, өзінің троцкийшіл ұлтшыл қателіктері жнінде бір ауыз да сөз айтқан жоқ. «Абай» кітабында қазақ халқының қас жаулары – Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатов есімдері аталып, оларды қазақ әдебиеті негізін қалаушы Абайдың заңды мұрагерлері ретінде көрсетеді. Осылай істеу арқылы алашордалық шайқаға Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің қозғаушы күші деген жалған ролін танады. Ол алашордашыл жазушыларды қылмыспен пара пар түрде дәріптейді, Жазушылар Одағы жұмысын бүлдірді, сынды тежеді ... бандитка Г.Серебрякованың «Маркстің жастық шағы» кітабын бастырды», – делінеді [8].

М.Ақынжанов Ғ.Тоғжановтың «Абай атты кітабын «алашордашыл контробанда» атады. Шоқан мен Ыбырайға да дұрыс баға бермеді. «Абайды қосақтап отырған Уалихановы барып тұрған реакцияшыл хандардың бірі, предатель екенін, Алтынсаринның Орынбор генерал-губернаторының жалдама тыңшысы болғанынын Тоғжанов айтпады, – деп сынады [9].

Қазақ жазушылары арасындағы саяси-идеялық талас, тартыс, айтыс өзара сынау мәселесінен москвалық басшылық та тыс қалмады. КСРО халықтары әдебиеті бойынша маман И.Анур (нақты аты жөні – Аршалиус Михайлович Аршаруни) деген біреу 1937 жылы КСРО Жазушылар Одағы басқармасына Қазақстан Жазушылар ұйымының қызметі жөнінде «әшкерлеген» анықтама дайындады. Онда, мынадай мәліметтер келтірді. «Ұзақ жылдар бойы С.Сейфуллин әдебиетші ретінде, бірнеше саяси қателіктер жіберді. Революцияның алғашқы жылдарында С. Сейфуллин «сейфуллиншілдік» деп аталған қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдық топты басқарды. Автордың көңіл күйін айқын білдіретін оның «Азия» (1922) өлеңі. Сейфуллин «алашорданың қасқыры» – Байтұрсыновты дәріптеуде Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасымен толық бәсекелесе алады (шамасы Сәбит Мұқановты айтқаны болуы керек)».

1937 жылдың 7 қыркүйегінде Алматыда ақын-жазушылардың кезекті «Әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру» жөніндегі жиналысы өтті. Жиналысқа С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов қатыспады, І.Жансүгіров бұл кезде тұтқындалды. Баяндаманы М.Қаратаев жасады. Ол баяндамада: «Әдебиеттегі ұлтшыл-фашист элементтер осы күнде көп жерден табылып жатыр. Қазақстан елінде де, әдебиет майданында да ұлтшыл фашистердің агенттері бар. Байділдин, Тоғжанов секілді адамдар әдебиетімізге зияндық жасады. Ол өзіне Жансүгіров, Тайшықов секілді күшіктерін ертіп, әдебиетті бүлдірді. Жансүгіров, Қоңыратбаев деген бұзылғанды алды. ...Сәкен, Бейімбет, Сәбиттердің қателерін көрсетіп келеміз – дей келе, И.Жансүгіровтың осы кезде тұтқындалғанынынан хабардар баяндамашы Илиясты оның шығармаларын да айыптау нысанасына айналдырды. «Жансүгіровтың «Құлагері», «Жорығы», «Күйші», «Жолдастары» халыққа зиянды нәрсе болса да, кейбір сыншылар мақтап жүр, – десе оның сөзін іліп әкеткен, Т.Жароков те «Жансүгіровтер жастардың еңбегін жоймақ болды», деп айыптады [10]. Қабылданған қаулыда, «жазушылар ұйымында халық жауларының екіжүзді іс әрекеті, олардың зиянкестік жұмыстары ұзақ уақыт бойы әшкерленбей келді. Сондықтан, жолдас Сталин көрсеткендей «саяси бейқамдық орын алды». Сейфуллин, Майлин,

Мұқанов жолдастар өз уақытында халық жауларын ақыр соңына дейін әшкерлемеді, олардың іс әрекетіне баға бермеді, либералдық, келісімпаздық көрсетті және өздері де көптеген саяси қателіктер жіберді ... деп атап өтілді [11]. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 16 қыркүйегіндегі №213 санында жарық көрген «Выкорчевать национал – фашистску мразь из союза писателей Казахстана» деген мақала қазақ әдебиетінің сол кездегі көрнекті тұлғалары С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Тоғжановқа қарсы бағытталды. Мақалада: « ... Сәкен Сейфуллин 1936 жылы өз мұрағатынан «Қызыл сұңқарлар» пьесасын алып, онда ешқандай бір түйірде ұялмастан өзін өзі мақтаумен айналысқан, азамат соғысы жылдарындағы қазақ бұқарасының ерлік істерін қисық айнамен көрсетіп, қазақ халқының азаттық күресіндегі орыс пролетариатының жетекшілік ролін пасықтықпен бұрмалады», – деп жазды [12, 326-327-бб.].

Тоталитарлы диктаттың, үстемдік пен саяси-идеологиялық шырмаудың қуаты мен ахуалын бағымдау үшін бірқатар құжаттарға назар аударалық. 1937 жылдың 13 шілдесінде өткен партия жиналысында қабылданған қаулыда атап өтілді:

«...Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасы жетекшілері әдебиеттегі контрреволюциялық-ұлтшыл контрабандамен аяусыз күрес жүргізудің негізгі және басты міндеттерін түсінбеген.

3. Жолдас Сейфуллин мен Жансүгіровтың Одақты саяси басқаруға селқос қатысуы, өзін өзі сынаудан қорқуы, қазіргі кезеңдегі саяси тақырыптардан бас тартуы, өмірден қол үзіп қалуы секілді Одақ басшылығы жұмыстары мен шығармашылық жұмыстарында жіберген өздерінің қателіктері мен кемшіліктерін мойындағындығы жөніндегі өтініштері есепке алынсын» [5, 82-83 –бб.].

Сонымен қатар, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Адасқандар», «Бай баласы», «Шығармаларының I томы», Б.Майлиннің «Шығармаларының I-IV томы», І.Жансүгіровтың «Шығармаларының I томы», М.Әуезовтың «Өткеннің көлеңкесі», «Қараш Қараш оқиғасы», Ғ.Тоғжановтың «Абай», Ж.Сәрсеновтың «Әке баласы», «Тоғжан» шығармалары зиянды деп саналып таралымнан тез арада жинап алуды талап етті.

Пролетариат жазушылары саналып келген Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов те қудалануға түсті. Жазушылар ұйымында өткен жиналыста олардың шығармашылығын тек қана сынау, қателіктері мен кемшіліктерін көрсету емес, саяси көзқарасының солқылдақтығын, тұрақсыздығын әшкерлеп Б.Майлинді ашық түрде «халық жауы» деп айыптады. Қазақстан коммунистік большевиктер партиясы қатарынан Б.Майлинді шығару жөніндегі Қазақстан Жазушылар Одағы бастауыш партия ұйымының 1937 жылдың 8 қазанындағы жиналысы хаттамасында былай делінген:

«Тыңдалды»: Майлин жөнінде. Қаулы қабылданды: а) Б.Майлин халық жауы ретінде, ҚК(б) П қатарынан шығарылсын. б) Ұлтшыл-контрреволюционер Майлин әшкерлеу жөнінде бірнеше рет мәселе көтерілгеніне қарамастан, жолдас Ғ.Мүсірепов Жазушылар Одағы Басқармасы мүшесі және ҚК(б)П Мәдени ағарту бөлімі меңгерушісі бола отырып, маусым айында Одақ жазушыларының партия жиналысында халық жауы Майлинді ашық түрде қорғап сөйледі; оның сыртында Майлин ұлтшыл ретінде әшкерленген мақала жарық көретін газеттің шығуын (редакторы болмаса да) тоқтатып, бұл мақаланы Майлиннің пайдасына қайта жөндейді.

... Жолдас Мүсіреповтың Майлинмен және басқа да халық жауларымен (Сейфуллинмен, Лебеденкомен, Тоғжановпен, Хұсайыновпен, Нұртазинмен, Ғатаулинмен, Жаманқұловпен, Айсаринмен және басқалармен) байланысын дәлелдейтін басқа да көптеген бірнеше фактілер бар. Мүсіреповтың ісін оның партиялығы жөніндегі мәселені қарау үшін ҚК(б)П ОК партия ұйымына берілсін» [5, 111-б.]

Қуалану мен сынға ұшыраудан Абай, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытов шығармаларын алғашқылардың бірі болып сынаған Ғ.Тоғжанов та тысқары қалмады. С.Сейфуллин, Б.Майлин және С.Мұқанов еңбектерін талдаған Ғ.Тоғжанов, олардың шығармашылық қызыметін ауқымды түрде көрсете алмады, сонымен қатар негізсіз сынап қателіктер жіберді, көрнекті тұлғалар шығармаларынан саяси астар іздеп, сынап-мінеп орынсыз тұқыртты. Төңкеріске дейін патша өкіметіне қарсы күрескен қазақ зиялыларын, оның ішінде айрықша А.Байтұрсыновты ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деп большевиктік тұрғыда сынап жазған шығармасы да өз басы дауға түскенде қорған болмады.

Оның «Әдебиет және сын мәселелері» кітабы әдебиеттанудың әдістемесі мен теориясындағы күрделі мәселелерді көтерген алғашқы еңбек. Ғ.Тоғжановтың әдеби-сын еңбектері қазақ әдебиеті дамуына елеулі ықпал жасады. Өз жұмысында қазақтың әдеби мұрасын классификациялап, жіктеді және әдіснамасын талдап, ұсынды. Бірінші кезекте қазақ эпосын, фольклорын, халық ауыз әдебиетін қойып, одан кейін кеңес әдебиетін ұсынды. Өзінің кеңес әдебиетіне сын көзбен қарауын Ғ.Тоғжанов, қазақ жазушылары пролетариат жазушысы болып саналмайды, себебі, өздерінің нақты шығу тегіне байланысты

олар осы статусқа сәйкес келмейді деп дәлелдеді. Өзінің пікірінше, пролетариат ролін шамадан тыс көтеріп, дәріптеген кеңес жазушыларын сынағаны үшін қуғынға ұшырады.

Халық жауларын әшкерлеудің қарқын алғаны сондай, қазақ және орыс тілдеріндегі газет журнал беттерінде үздіксіз мақалалар жарияланды. Әсіресе, маусым тамыз айлары аралығында халық жауларын әшкерлеген мақалалар апта құрғатпай шықты. Жарияланған мақалалардың атауының өзі зұлмат жылдар бейнесін айқындап, саясат табымен үндесіп жатты.

«Совет жазушылары қатарында жат элементтерге орын жоқ» (Социалистік Қазақстан. 1937, 04.07), «Барып тұрған зиянды контрабанды» (Қазақ әдебиеті 1937. 30.07), «Жинақтар туралы немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы» (Социалистік Қазақстан. 1937, 08.08), «Әдебиеттегі троцкишіл-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» (Қазақ әдебиеті 1937. 13.08), «Жазушылар ұйымында істен гөрі мылжың көп» (Социалистік Қазақстан. 1937, 17.08), «Қазақ әдебиетіндегі авербахшылдықтың қалдығын толық жою керек» (Социалистік Қазақстан. 1937, 29.08), «Жастарға теріс идея беретін кітаптың түкке керегі жоқ» (Қазақ әдебиеті 1937. 31.08), «Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық» (Қазақ әдебиеті 1937. 18.10) деген т.б. мақалалар жарық көрді. Халық жауларын әшкерлеген, айыптаған жиналыстардың қаулы қарарлары газет журнал беттерін тұтас алып жатты.

Қазақ көркем әдебиетінің көрнекті тұлғаларын халық жауы деп әшкерлеу ісінде «Жазушылар Одағының партия ұйымы (хатшысы Қ.Әбдіқадыров), Қазақстан Жазушылар одағының әкімшілігі (төрағасы С.Мұқанов, хатшысы М.Қаратаев), «Қазақ әдебиеті» газеті (редакторы Т.Жароков), «Социалистік Қазақстан» (редакторы Ж.Арыстанбеков, кейін С.Бәйішев), «Казахстанская правда» (редакторы Берковский) белсенділік танытты [13, 330-б.].

1937 жылдың 18 тамызыда Жазушылар одағы басқармасы партия ұйымының хатшысы Қалмұқан Әбдіқадыров «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әдебиеттегі троцкишіл-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деген тақырыпта мақала жариялап Жазушылар одағы басқармасының төрағасы С.Мұқановты әшкерледі. «Сәбит өзінің «Адасқандар» шығармасында байды мақтайды, 1932 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында, халық жаулары – алашордашыларды объективті роль атқарды деп жазды, соңғы уақытқа дейін халық жаулары Айсарин, Жұмабаев, Асылбековке ашық түрде келісімпаздық позициясын ұстанды... Өз шығармаларын халық жаулары Досмұхамедовке, Малдыбаевқа берді. Жұмабаевты жұмысқа орналастырғысы келуі, бұл Сәбиттың жай ғана қатесі емес, үлкен саяси қатесі» деп жазып, С.Мұқановты халық жауларымен ұзақ уақыт бойы өз байланысын үзбеді, олармен қарым қатынаста болды, – деп айыптады [14]. 1937 жылдың 7 қыркүйегінде Қазақстан жазушылар Одағы басқармасының «Әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру» жөніндегі Пленумы өткені білгілі. Пленум қаулысында «С.Сейфуллин, С.Мұқанов халық жауларының іс әрекетіне көңіл аудармады, либералдық, келісімпаздық көрсетті және өздері де көптеген саяси қателіктер жіберді» деген болатын. Бұл пікірді «Правда», «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттері іліп әкетіп жариялады. 1937 жылдың 24 қыркүйегінде С.Сейфуллин тұтқындалды, ал осы 1937 жылдың 2-3 қазанда С.Мұқанов қызметтен алынып, партиядан шығарылды.

Сынау мен әшкерлеу, халық жауларын іздеу мұнымен тоқтамады. Көрнекті қазақ жазушыларын жала жабу жалғаса берді. 1937 жылы жас жазушылар атынан Петр Магер деген біреу, «белгілі қазақтың пролетариат жазушылары ұлтшыл-фашистер және олар қазақ социалистік әдебиетін дамуына саналы түрде зиян тигізіп отыр» деп жазды. Магердің және басқа да әдебиет саласындағы функционерлер пікірінше: Халық жаулары – ұлтшыл-фашист оңбағандар жазушылар ұйымының жауапты бөлімдерінде орналасып алып аз бүлдірген жоқ. Фашист бандиттер өздерінің контрреволюциялық ұлтшыл өтіріктерін айта отырып, халық жаулары – Жансүгіров, Майлин, Сейфуллин, Тоғжанов талантты қазақ жастарын бүлдірді, өздерінің түкке тұрмайтын жазбаларын қол жетпес шеберлік ретінде көрсетіп, оларды тұйыққа тіреді». Жас жазушы Петр Магер. 18.XI.1937 ж. деп жазды [15]. Бұл қазақ зиялыларын тағы бір айыптау, жазалау шарасына қадам басу еді.

1938 жылдың ақпанында Жазушылар Одағының төрағасы М.Қаратаев, «Литературный Казахстан» журналының редакторы П.Кузнецов және жазушылар одағының орыс секциясының жетекшісі И.Шухов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянға хат жазып, әдебиет жұмыстарын бүлдірді деп Ғ.Тоғжановты айыптады. Олар: «Журнал ұзақ жылдар бойы өлмесінің күнін кешіп келді. Оны әшкерленген халық жауы Тоғжанов редакциялады, ақиқатында журналды әдебиет

маңайында кездейсоқ жүрген адамдардың ұясына айналдырды, Жансүгіров, Майлин, Сейфуллин, Тоғжанов, Шонанов, Жүргенов және басқа да халық жауларының кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл-фашистік сандырақтарын айтатын мінбесіне айналдырды.

Қазақстанда әдебиеттің жұтаңдануы жөнінде зар жылауға қарамастан редакцияда қазір тәп-тәуір кемеліне келген Асқар Токмағанбетов, Тайыр Жароков, Өтебай Тұрманжанов және басқалардың шығармаларының қолжазбалары бар», – деп жазды. [15].

Қазақстан коммунистік большевиктер партиясының 1938 жылдың 28 маусымындағы шешіміне сәйкес қазақ, орыс тіліндегі 97 кітаптар мен брошюралар зиянды, жау әдебиеттер ретінде қолданыстан алынып тасталды. Негізінен С.Асфендияров, Ғ.Әлібаев, О.Беков, Ә.байділдин, Ә.Қоңыратбаев, І.Жансүгіров, Ғ.Тоғжанов, Н.Нұрмақов, Т.Жүргенов, Ұ.Құлымбетов, І.Құрамысов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ж.Сыздықов, Қ.Сармолдаев, С.Сейфуллин, Т.Шонанов, М.Жолдыбаев шығармалары алынып, жойылды. Бірақ, бұл бәрі емес. Тез арада пайдаланудан алынуға тиісті, қазақ тілінде әндер жазылған граммофон пластинкаларының тізімі де айқындалған еді [5,74-б.].

30-шы жылдары Қазақстандағы саяси-идеологиялық ахуал, қазақ әдебиеті дамуындағы құбылыстар Кеңес Одағының, әсіресе Ресейдің қоғамдық-саяси өмірімен және көршілес мемлекеттердің әдебиетімен тығыз байланысты дамыды. Осы жылдардағы Қазақстан шығармашылық интеллигенциясының қоғамдық-саяси санасында, рухани танымында дағдарыс туды. Қоғам секілді жеке тұлғалар да тарихтың жол айрығында тұрды. Диктатураға, террорға негізделген пролетарлық идеология мен ұлттық тәуелсіздік пен бостандық идеологиясы арасында бітіспес көзге айқын байқалмайтын күрес жүрді.

1. Голомшток И.Н. Тоталитарное искусство. - М.: Галарт, 1984. –358 с.
2. Боффа Дж. История русского Союза. Т.1. – М., 1994.
3. Кәкішұлы Т. Сайыс. Эссе. –Алматы: ҚАЗАқпарат. 2001. –290 б.
4. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. –Алматы: Жалын, 1992. –544 б).
5. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 г. – Алматы: Казахстан, 1998.
6. Елеуенов Ш.Р. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі: Оқу құралы. –Астана: Астана-полиграфия, 2008. –392 б.
7. Реабилитация: Политические процессы 30-50-х годов. /Под.общ.ред. А.Н.Яковлева. – М.: Политиздат, 1991. – 461 с.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты, қ.706, тізбе.1, іс.604.
9. Социалистік Қазақстан. 1937, 4 шілде.
10. ҚРОММ. Қ.1778, тізбе 1, іс 43, 23-24-бб.
11. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, Қ.980, тізбе.1, іс.4.
12. Казахстанская правда. 1937, 16 сентябрь, №213; Махат Д.А. Баспасөз: сталинишiлдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.). – Астана: Ана тілі – Ата тарих, 2007. –528 б.
13. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы: Оқу құралы. –Алматы: Санат, 1994. -448 б.
14. Қазақ әдебиеті 1937. 13. тамыз.
15. ҚРОММ. 980-қор, 1-т, 4-іс, 7-іс, 12-іс.

Резюме

Автор показывает формирование тоталитарного искусства в Казахстане. А также в данной статье на основе архивных источников рассматривается репрессивная политика, установленная государством на казахскую интеллигенцию в 30-е годы XX века.

Summary

The author shows the process of totalitar art in Kazakustan. The article deals with the repressive politics of the government related to Kazaku intelligentsia in the 30 s of XX century.

КОНСТИТУЦИЯ КАЗАХСТАНА – ПОВОРОТНОЕ СОБЫТИЕ В ИСТОРИИ НАШЕГО ГОСУДАРСТВА

Т.М.Аминов –

заведующий кафедрой истории Казахстана едидцинского университета «Астана», к. и. н.

В августе нынешнего года мы отмечаем четырнадцатую годовщину Конституции Республики. Этот документ имеет особое значение для нашего суверенного государства, для каждого гражданина. Принятие Основного Закона страны стало поворотным событием в истории нашей Родины, ознаменовавшим начало перехода к принципиально новому этапу развития Казахстана. К этапу, когда в центре политической системы оказывается человек, гражданин, с его правами и свободами. К этапу, когда условием прав и свобод гражданина становятся политическая демократия и рыночная экономика.

В Конституции Республики Казахстан 1995 года определены не только статус человека, гражданина, государственного и общественного строя, но и стратегические правовые идеи. Это, в частности, выражается в положении Основного Закона о том, что Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством.

Исключительно важной для государства и его граждан является его приверженность идеалам равенства и согласия. Здесь имеется в виду равенство не только всех граждан, но и всех социальных и национальных групп с позиции закона. Важными принципами функционирования гражданского общества являются достижение согласия между людьми различных групп в процессе их жизнедеятельности, недопущение конфронтации и конфликтов.

А для этого у нас имеются все предпосылки. Ведь общность исторической судьбы народа Казахстана сложилась в течение десятилетий в результате совместного проживания на единой территории. В разное время различными путями и способами переселились в Казахстан национальные группы, представители более ста наций и народностей. Все они вместе с казахским народом были участниками и свидетелями политических, экономических, социальных, культурных событий, которые происходили в Казахстане в течение жизни многих поколений. Они вместе строили фабрики и заводы, школы и театры и т.д., осваивали природные богатства Казахстана. Трагические события, происходившие в Советском Союзе в 20-30 годах, коснулись всех. Все вместе они боролись за победу над фашизмом на фронтах Отечественной войны и трудились в тылу, отстаивая свою независимость. После образования независимой Республики Казахстан все граждане Казахстана признали новое государство. Тем самым они не только подтвердили общность исторической судьбы в прошлом, но и выразили желание и готовность совместно строить новое общество, новую государственность [1].

Такая государственность создается на исконной казахской земле. В этих словах преамбулы Конституции содержатся два важных положения. Государственность, созданная в Казахстане, основывается не на этнических, а на полиэтнических началах. Иначе говоря, государство Казахстан является политической организацией всего народа. Весь народ Казахстана, а не какая-нибудь его часть, состоящая, допустим, из казахов или другой национальной группы, выступает субъектом самоопределения. В то же время это не умаляет роли и значения казахского народа в создании независимого государства. Государство Казахстан создано на земле предков современных казахов.

Народ Казахстана осознает себя миролюбивым гражданским обществом, что имеет важное значение для определения как внутренней, так и внешней политики государства, для установления добрососедских отношений с другими государствами. Разумеется, Казахстан находится на начальном этапе становления гражданского общества.

Строящееся гражданское общество привержено идеалам свободы, равенства и согласия. Эта конституционная идея облекается в конституционные нормы, закрепляющие широкий комплекс прав и свобод человека и гражданина, независимо от национальности, социального положения. Рассматриваемое положение преамбулы Конституции содержит еще одну важную мысль: Конституция является главным законом не только государства, но и общества. Эта идея закрепляется и расшифровывается во многих конституционных нормах, имеющих отношение к собственности, социальным правам и свободам граждан, к общественным объединениям, к семье и т.п. [2].

Только путем формирования миролюбивого гражданского общества, в котором будут реализованы идеалы свободы и равенства, которое не будет раздираться социальными конфликтами и противоречиями,

можно рассчитывать на занятие достойного места в мировом сообществе. Мировое сообщество в лице международных организаций признает подлинно демократическим такое государство и общество, которое отвечает международным стандартам прав и свобод.

Разумеется, ставя перед собой исключительно сложные исторические задачи, народ осознает свою высокую ответственность за их решение перед нынешним и будущими поколениями. Когда говорится о нынешнем поколении, то речь идет о тех, кто нуждается во всесторонней поддержке и заботе со стороны государства, общества для того, чтобы стать достойными гражданами. Осознание ответственности перед будущими поколениями, выраженное на конституционном уровне, должно служить компасом при обсуждении и решении важнейших вопросов государственной жизни. А это возможно при наличии высокого уровня политического и правового сознания народа. Только достижение такого уровня может обеспечить осознание конституционной политической ответственности народа за настоящее и будущее общества.

Народ Казахстана, принимая Конституцию, реализовал свое суверенное право единственного источника государственной власти. Тем самым он избрал путь формирования правового государства и гражданского общества, правовая основа которых заложена в Конституции Республики Казахстан. Разумеется, суверенное право народа Казахстана не исчерпывается только принятием Конституции. Оно включает в себя все те конституционно-правовые возможности, которыми обладает народ для решения важнейших вопросов государственной жизни [3].

Признание в статье 5 Конституции идеологического и политического многообразия предполагает свободу выбора и исповедования гражданами тех или иных ценностей, но в то же время не препятствует их добровольному объединению на основе общности взглядов и идей. А польза от этого увеличивается многократно, если они составляют большинство в стране, которое может, в том числе через своих представителей в органах государственной власти, влиять на решение животрепещущих проблем.

В обеспечении конституционной законности большую роль играет правовое воспитание. Можно с уверенностью сказать, что за прошедшие годы произошли фундаментальные изменения в массовом правосознании наших граждан. Идет процесс усвоения базовых ценностей демократии и правового государства, налицо признаки формирования новой правовой культуры. Однако это не повод для самоуспокоения, а хороший стимул для продолжения работы по пропаганде духа и буквы Основного закона.

Наша Конституция обладает огромным потенциалом, она прочный и одновременно гибкий каркас всей правовой системы, призванный обеспечить как устойчивость, так и динамизм политического, социального, экономического развития страны. Главное – это обеспечить реализацию конституционных положений в повседневной практике законодательства и правоприменении, в жизни всего нашего общества [4].

Огромную радость и гордость испытал казахский народ, когда в 1991 году обрел независимость – многовековую мечту наших предков, ставшую реальностью. Молодая Республика Казахстан стала динамично развиваться. Безусловно, это огромная заслуга первого Президента страны Н.А. Назарбаева, что признается многочисленными авторитетными государственными и политическими деятелями современности.

Много перспективных, исторических решений и стратегий разрабатывается Главой государства, чтобы страна процветала в соответствии духу и веянию времени. Одно из таких решений – переезд столицы из Алматы в Акмолу. Оно было продиктовано геополитическим месторасположением города – в самом сердце Казахстана и Евразийского континента. Жизнь нового Казахстана началась с новой столицы. Так Акмола стала Астаной.

Сегодня Астана – центр государственной, общественной и культурной жизни страны. Астана – детище лидера государства Н.А. Назарбаева. Именно Нурсултан Абишевич, став инициатором данного проекта, привел мудрые, грамотные аргументы, чтобы начать строительство новой столицы.

Сегодня все мы видим, как данное решение оправдало и превзошло все ожидания. На берегу древнего Есиля расцвела красавица Астана, став олицетворением созидания, творчества, прогресса, единства народа Казахстана. Ныне все основные социально-экономические и политические события страны сосредоточены в столице. Астана – это фантастические достижения мировых зодчих.

Президент Н.А. Назарбаев вписал в историю страны золотую страницу. Сегодня, когда кризис вторгся в нашу жизнь извне, Глава государства в своей статье «Ключи от кризиса» анализирует ситуацию

и на и реальных фактах показывает дальнейший путь развития республики. В своем Послании народу республики «Через кризис к обновлению и развитию» Нурсултан Абишевич определил ключевые моменты выхода страны из кризиса, призвав народ к дальнейшему единству и сплочению.

Принятие Основного закона страны в 1995 году явилось важным этапом в социально-экономическом и духовном развитии нашего общества. За эти годы Казахстан добился заметных успехов в этом направлении.

Конкретную лепту в развитие здравоохранения, в частности, в дело подготовки высококвалифицированных медицинских кадров вносит и наше учебное заведение. Акционерному обществу «Медицинский университет Астана» в этом году исполняется 46 лет. За эти годы им был пройден большой путь становления и преобразования. Наш вуз является одним из лидеров престижных учебных заведений и входит в тройку лучших медицинских вузов Республики Казахстан.

Сейчас в Университете функционируют 11 факультетов, где обучаются более 3500 студентов. Научно-педагогическую и лечебно-диагностическую работу ведут свыше 600 преподавателей, в том числе 51 доктор и 180 кандидатов наук. Со дня основания Университет подготовил свыше 13500 специалистов медицинского профиля. Многие из них успешно работают как в Казахстане, так и за рубежом (США, Канада, Израиль, Германия, Греция, странах СНГ и др.).

В соответствии с велением времени и переходом на международные стандарты в ВУЗе внедряется кредитная технология обучения. Используются инновационные методы: проблемно-ориентированное обучение, объективно структурированный клинический экзамен и т.д. Успешно ведется подготовка научно-педагогических кадров высокой квалификации в магистратуре, докторантуре PhD, традиционной аспирантуре и докторантуре. Университет является одним из немногих вузов страны, в которых проводится подготовка специалистов на военной кафедре. Для плодотворного обучения для студентов функционирует крупнейшая в регионе медико-биологическая библиотека, работают компьютерный и учебно-клинический центры, предоставляются услуги Интернета.

Учебный процесс неразрывно связан с научной деятельностью в Университете. Студенты привлекаются для работ в проектах научно-прикладных программ республиканского и международного масштаба. Эффективно развивается международное сотрудничество с ведущими университетами из более чем 20-ти стран. Издаются научные журналы – «Астана медициналық журналы», «Валеология», «Оториноларингология», студенческая газета «Академический пульс».

Подготовка высококвалифицированных специалистов в области здравоохранения неразрывно связана с формированием личностных качеств специалиста. Университет создает все условия для творческого развития сотрудников и студентов. Большое внимание уделяется социальной сфере в Университете. Имеются все возможности для здорового образа жизни. Университет располагает хорошей спортивной базой: имеются игровые залы, тренажерный и теннисный залы, зал борьбы. Ежегодно проводятся спортивные соревнования среди профессорско-преподавательского состава и студентов на Кубок Ректора Университета. Студенты Университета постоянно принимают участие в студенческой спартакиаде г. Астаны и спортивных мероприятиях Республики Казахстан. В Университете существуют студенческие объединения: ансамбль народных музыкальных инструментов, дебатный клуб, студенческий КВН, студенческое научное общество, студенческий эстрадный ансамбль, хореографический ансамбль, английский клуб.

1. Назарбаев Н.А. *В потоке истории.* - Алматы, 1999.

2. Назарбаев Н.А. *Новый Казахстан в новом мире.* - Астана, 2007.

3. *Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық.* Алматы: Аруна, 2006.

4. Мусин Ч. *Қазақстан тарихы.* - Алматы, 2007.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Конституциясының еліміздің тарихындағы аса маңызды оқиғаға айналғаны туралы айтылған. Онда тарихи тұрғыдан Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясының қабылданғанына 15 жыл өткен мерзімі ішінде республикамыздың негізгі жетістіктері ашып көрсетілген. Олардың ішінде ең негізгілері – саяси тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі, ұлтаралық келісімнің нығайтылуы, демократиялық өзгерістердің жүзеге асырылуы және халықтың әл-ауқатының артуы.

Summary

In this article assents, that the Constitution of Kazakhstan become a very important event in our countries life. In it from the historical point - viewed the basic achievements of Kazakhstan for last 15 years after acceptance of the current constitution of RK. The main things from them - it maintenance of political stability, consolidation of the interethnic consent, realization of democratic transformations and increase of well-being of people.

**ДЕПОРТАЦИЯ РЕПРЕССИРОВАННОГО НАРОДА
В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**

М.Ч. Калыбекова–

к.и.н., кафедра СГД, Университет международного бизнеса

На сегодня малоизученным аспектом историографической науки является тоталитаризм как особый общественно-политический феномен, сыгравший зловещую роль в судьбах людей советской эпохи, в том числе и депортированных народов в республику, изменивших этнодемографическую ситуацию в Казахстане, о «лагерной экономике» и концентрационных лагерях союзного значения, куда стекались представители всех народов СССР. Президент Республики Н. Назарбаев неоднократно заявлял о важности выработки действенного демократического механизма научного руководства и управления национальными процессами, обобщения исторического опыта, специально обращал внимание ученых-обществоведов на то, что, «проблемы межнациональных отношений могут и должны стать ключевыми в ваших сегодняшних исследованиях. Общество чрезвычайно нуждается в четкой характеристике процессов, происходящих в этой области, причем не только в Казахстане, но и во всем мире, знании возможных перспектив становления межэтнических отношений. Наконец, общественным институтам, органам управления нужны конкретные рекомендации, опирающиеся на социологические опросы и учитывающие региональные особенности проведения национальной политики. Пока таких исследований крайне мало, научная мысль никак не может отойти от стереотипов прошлого, поверхностного, констатирующего подхода к сложным явлениям нашей жизни» [1].

С началом Великой Отечественной войны первыми были депортированы немцы, проживавшие в районах Поволжья. Был издан Указ Президиума Верховного Совета СССР «Об упразднении Немецкой автономной области Поволжья», приняты постановления «О размещении немцев Поволжья в Казахстане» и «О переселении немцев из Грузии, Азербайджана и Армянской ССР». Депортации подверглись практически все лица немецкой национальности: ссылались волжане, москвичи, немцы с Украины, Кавказа, были отозваны с фронта офицеры и солдаты. Немцы явились самой крупной национальной группой из всех подвергнутых насильственному переселению. Всего в 1941-1942 гг. было переселено 1209430 немцев [2, с.42]. Из них по данным Государственного архива Карагандинской области в Казахстан было депортировано от 225 до 350 тысяч. По другим источникам, в период войны в Казахстан было депортировано свыше 420 тыс. человек немецкого населения [3, с.8]. По данным Архива Комитета по правовой статистике и спецучетам Генеральной Прокуратуры РК в областях КазССР по состоянию на 10 декабря 1941 года было 34970 человек [4], а на 5 января 1942 года было уже 382102 человека [5]:

Подготовка к приему спецпереселенцев-немцев в республике шла заблаговременно. По Постановлению Совнаркома КазССР и ЦК КП (б) Казахстана от 1 сентября 1941 года «О мероприятиях по реализации постановления СНК СССР и ЦК ВКП (б) от 26 августа с.г. «По приему переселенцев-немцев из Саратовской, Сталинградской областей и Республики немцев Поволжья» в областях Казахстана создавались областные штабы для приема, размещения и устройства переселенцев-немцев [6, С.97-98]. Однако областные организации к приему и расселению немцев-переселенцев оказались не готовы. Выстроенные для плановых переселенцев дома, еще до их прибытия, были переданы для размещения эвакуированного населения из западных районов страны. Распоряжением СНК СССР от 21 ноября 1941 года из Куйбышевской области были депортированы 1677 семейств немцев, также были высланы еще 6 тыс. немцев из Калмыцкой АССР [7].

Выполнить установки Центра по размещению такого огромного количества депортированных немцев на местах было практически невозможно. Прекращение навигации по Иртышу и отдаленность

железнодорожных дорог, а также производ местных властей поставили депортированных немцев на грань голода и вымирания. И здесь решающее значение приобрела инициатива местных жителей, в домах которых в большинстве своем они и были размещены.

Политика государства была направлена на размещение спецпереселенцев-немцев в сельской местности. Таким образом, предпринималась попытка восполнить нехватку сельских трудовых ресурсов.

По мере освобождения оккупированной гитлеровцами территории продолжалось выселение представителей депортированных народов. В первую очередь это коснулось опять-таки немецкого населения. В 1944–1945 гг. из освобожденной территории Украины, Белоруссии и Прибалтийских стран выселялось немецкое население, проживавшее там с довоенных времен. Все они, хотя и составляли небольшое количество, были направлены для постоянного проживания в районы Сибири и Казахстана. К концу 1945 года в Казахстане дополнительно было размещено около 9 тыс. семей немцев из западных районов страны [3, с.2].

Численность немцев, депортированных на территорию Казахстана в течение Великой Отечественной войны, была непостоянной, так как их большая часть была мобилизована в трудовую армию и в основном в угольную промышленность г. Караганды. В 1942–1943 гг. на стройки, в угольную, нефтяную промышленность и лагеря НКВД мобилизовали 103733 немца, из них 92438 человек выехали за пределы Казахстана, в том числе и 30403 женщины [8]. Причем наибольшее количество мобилизованных немцев приходилось на Северо-Казахстанскую, Павлодарскую и Восточно-Казахстанскую области.

На 1 июля 1944 года на учете по республике состояло 218328 человек (71151 семей) - немцев-спецпереселенцев. А к концу войны на 1 января 1945 года их, согласно справке НКВД о наличии спецпереселенцев в КазССР, на учете состояло 243722 человека (79017 семей) [9].

Нужно отметить, что в начальный период переселения немцев создалась неблагоприятная политическая обстановка, явившаяся следствием их тяжелого материально-бытового положения. Инструкцией по приему и устройству немцев была предусмотрена выдача им скота для личного пользования путем обменных операций взамен предъявляемых переселенцами именных квитанций. Однако, как свидетельствуют документы, «подавляющее большинство их приехало без соответствующего оформления о сдаче ими как средств производства, так и продовольствия государству» [6, С.109]. Тяжелое материальное положение явилось причиной «оживления антисоветских настроений, распространения различных слухов, пораженческой агитации, разлагательской работы в колхозах» и в связи с этим КП (б) Казахстана обязывает все партийные организации: «обратить особое внимание на политическую работу в колхозах, где имеются и куда прибывают немцы-переселенцы и обеспечить проведение политической работы среди них» [6, с.103-104].

Одними из первых, кто подвергся насильственной депортации, были карачаевцы. У этого народа была своя автономная область. Она была создана вначале как Карачаево-Черкесская автономная область, образованная в составе Ставропольского края РСФСР 12 января 1922 года.

Жоғарыда аталған Тұжырымдама қабылданған кезден бастап Қазақстан Республикасының қоғамдық дамуында елеулі өзгерістер орын алды. Атап айтсақ, Үкіметтің басқаруымен мемлекетті дамыту жөніндегі стратегиялық құжаттар әзірленіп, «Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, орталық және жергілікті табиғатты қорғау басқармалары қатысуымен табиғатты қорғау заңнамаларының негізі қаланды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылып, табиғатты қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстан Үкіметі реформаларды жүзеге асыру мен нарықтық экономикаға көшуде көптеген табыстарға жетті. Терең әрі жылдам сипатқа ие болған экономикалық дағдарыстан соң шаруашылық және қаржылық қызметті қатаң басқару қолға алынып, 1996 жылы экономикалық белсенділікті қалпына келтіру басталды. 1997 жылы ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) шекті мөлшерінің өсімі байқалды. 1998 жылы сыртқы әсерлер ықпалынан, соның ішінде Қазақстан табиғи ресурстарының шикізат түрлерінің дүниежүзілік бағамы төмендеуі себебінен ІЖӨ мөлшері 2,5 %-ға төмендеді. 1999 жылдың аяғында мемлекеттің қатаң салықтық және ақша-несиелік саясаты нәтижесінде инфляцияның төмен деңгейі мен белгілі мөлшерде теңестірілген бюджетті сақтауға мүмкіндік туды.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Парламенті біршама заңдарды әлемнің дамыған елдерінің заңнамаларына сәйкестендіру және халықаралық стандарттар енгізу жұмысын атқаруда. Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты бірқатар маңызды заң құжаттары мен нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды [3]. Заңнамалық құжаттарда табиғи ресурстарды пайдалану құқығы, оларды пайдалану түрлері мен шарттары, табиғатты пайдалануды лицензиялау, пайдалану мерзімдері, табиғи ресурстардың мониторингін жүргізу тәртібі, олардың қадас-тры, құрылымы және төлем жүйесі сияқты негізгі мәселелер реттеледі. Осы аталған құжаттар негізінде экологиялық сараптама жасау жүйесі, рұқсат беру және бақылау-тексеру жұмысы жолға қойылды. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалауды күшейту мен міндетті экологиялық сараптаманы енгізу нәтижесінде 1990-шы жылдардың басындағы жағдаймен салыстырғанда, қоршаған ортаның ластану қарқындылығы едәуір төмендеді.

Республика Парламентінде талқыланып, Үкімет бекіткен заңдар мен қаулы-қарарларды және орталық билік органдарының өкімдерін табиғатты қорғау жөніндегі жергілікті аумақтық басқармалар іске

асырады. Олар жоба-жоспарларды іске асыру бойынша нақты бағыттарды белгілеп, тиісті шешімдер қабылдайды, бағдарламалар әзірлеп, олардың іске асырылуын бақылап-қадағалайды. Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар қатарында басты міндетке қоршаған ортаны қорғау ғана емес, экологиялық қауіпсіздік те жатады. Экологиялық қауіпсіздіктің бірінші кезектегі мәселелері негізгі табиғи қорға қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар адамзатқа орасан зор әлеуметтік-экономикалық залал келтіріп қана қоймай, болжамды уақыт мерзімінде аймақты әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа апарып соғуы ықтимал экологиялық қауіптердің алдын алу, яғни атмосфералық ауаны, суды және топырақты ластанудан қорғау, су қорын ұтымды пайдалану, шөлді-шөлейтті аймақтардың көлемін азайту, егін алқаптарының тозуын болдырмау, халықтың экологиялық салдарлармен шартталған ауру-сырқаулары және көші-қонына тосқауыл қою, климаттың өзгеруіне және табиғи апатты құбылыстарға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, экологиялық арандатулардан сақтау халықаралық орнықты дамудың факторлары болып табылады. Соңғы он-жиырма жыл ішінде елімізде «Таза ауа – жанға дауа», «Таза ауыз су», «Жүз аурухана, жүз мектеп», «Жол картасы» т.с.с. сияқты игі бағдарламалар мен жобалар іске асырылуда. Бұл жұмыстардың барлығына жергілікті атқарушы органдармен қатар жергілікті билік өкілдері де белсене араласуда.

Еліміздегі құзырлы органның орталық және жергілікті атқарушы органдармен тығыз өзара әрекеттестігі арқылы жер қойнауын пайдаланудың кешенді мониторингін қамтамасыз етуі, соның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға қаражат бөлуі жөніндегі міндеттемелердің орындалуына бақылау жасау – бірінші кезектегі міндет. Бюрократтық тосқауылдарды жою мақсатында рұқсат беретін құжаттар тізбесін азайтуға және жер қойнауын пайдаланушыларға құқық беру тәртібін жеңілдетуге қатысты заңнама жетілдірілмек. Сонымен бірге мұнай өндіруші және жер қойнауын игеруші отандық және шетелдік кәсіпорындар су қоймаларының биологиялық байлығын сақтауға, табиғат қорғау заңнамасын ұстануға және орындауға жеткілікті көңіл бөлуге келісім бермеген, 2005 жылы ҚР Парламенті түзетулер енгізген «Мұнай туралы» және «Жер қойнауы туралы» заңдарында аталған талаптарды орындамаған жағдайларда олармен жасасқан келісім-шарттарды мемлекеттің біржақты негізде бұзуы көзделген. Мемлекетіміздің экологиялық қауіпсіздік саясатын жүзеге асырудағы ең маңызды құжат болып табылатын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес елімізде үздіксіз экологиялық мониторинг қағидаты енгізіледі, яғни экологиялық проблемалардың халықаралық-құқықтық тұрғыдан реттеу тетігі жандандырылып, өндірістік қызмет субъектілерінің өз қызметі барысында тигізген экологиялық зиянды бағалау әдістемесі әзірленуде. 2006 жылы ҚОҚМ Табиғат қорғау комитеті 15 мыңнан астам табиғат пайдаланушы нысандарды тексеріп, 13 мыңнан астам табиғатты қорғау заңдарын бұзушылық әрекеттері анықталған. Негізгі заң бұзушылар қатарында шетелдік «CNPC-АқтөбеМұнайГаз», «Қазақойл-Ақтөбе», «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг», «ҚаражамбасМұнай», «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» және «ТорғайПетролеум» компаниялары бар [4]. Қазақстан Үкіметі әзірлеген «Жасыл мұнай» ұлттық бағдарламасының тұжырымдамасы көмірсутегі өндіруде экологиялық стандарттарды қатаң сақтауды қамтамасыз ете алатын экспорттаушыларға ғана халықаралық сертификат беруге мүмкіндік туғызады.

Қазіргі кезеңде су тасқындары, су қорының ластануы, орман өрттері, ауа-райының күрт өзгерістері проблемалары аса маңызды мәселеге айналып отыр. Осы орайда Қазақстанның Төтенше жағдайлар министрлігі ҚОҚМ және энергетика министрліктерімен бірлесе отырып, ғарыштық серіктер арқылы ауа-райының жай-күйін, су тасқындарын бақылап, су қоймаларының ластануын қадағалауды жүзеге асырмақ. Қазірше бұл бағытта Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қарағанды облыстарының әкімдіктері ҚР Астрофизикалық зерттеулер орталығымен серіктерден ақпарат алу туралы келісім-шарттар жасасты [5, 12 б.]. Сонымен қатар Ресей Федерациясымен бірлесе отырып ғарыштық мониторинг жүйесін құру жоспарланып отыр. Оған жер сілкінісі, өрттер, су тасқыны, Каспий теңізі алабының ластануы және жалпы метеорологиялық жағдайдың мониторингі мәліметтері мен оларды бағалау қорытындыларын енгізу көзделуде. Қазақстанның су кодексі бойынша су объектілерін экологиялық талаптарға сәйкестендіріп ұстау үшін, жер бетіндегі су көздерін ластанудан және жойылудан сақтау мақсатында, сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктер әлемінің тіршілік ететін ортасын сақтау үшін су қорғау белдемі белгіленеді. «Су қорғау белдемі» ұғымы қорғалатын қорғаныс алқаптарында табиғи ресурстарды арнайы пайдалану және басқа да шаруашылық іс-әрекеттерді жүргізуге белгіленген тәртіппен тыйым салуды білдіреді.

Қазақстанда БҰҰ қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) ұлттық тұжырымдамасы шеңберінде ЖЭҚ-дың Биологиялық әралуандылық жөніндегі рамалық құжатты әзірлеу бойынша қызметі

жүзеге асырылуда. Жобаны ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, ҚР Экономика министрлігі және ЮНЕП/ЖЭҚ бекітті. Осы құжатты әзірлеуге бағытталған мақсатты жұмысты ұйымдастыру үшін, 2003 жылдың көктемінде биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Ұлттық Үйлестіру Комитеті құрылды. Оның құрамына ҚР Парламент Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану комитетінің, Сыртқы істер министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ғылым, өсімдіктерді қорғау және карантині департаментінің, ҚР Кеденді бақылау агенттігінің, М.Айтқожин атындағы Молекулалық биология және биохимия институтының, Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы институтының, ҚР Білім және ғылым министрлігі Тамақтану институтының, сонымен қатар «Greenwomen» Экологиялық хабарлар агенттігі» үкіметтік ұйым өкілдері кіреді.

Алайда экологиялық тұрғыдан әлі де әлсіз Қазақстанда экологиялық мәселелердің түбегейлі шешімі табылмаған. Қазіргі жағдайда елдің стратегиялық басымдықтарына сай экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін қайта қарау, нақтылау және кеңейту көзделуде. «Стратегиялық нұсқаулар экономикалық, әлеуметтік және табиғатты қорғау саясатын үйлестіре жүргізу негізінде өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстарды қайта құру және бекіту, еркін экономикалық аймақ пен баршаға тең пайдалы демократиялық басқарылатын нарықты, заңдар мен құқықтық актілердің үйлесімді жүйесін құру сияқты мәселелерді шешуге бағыттауы тиіс» [6]. Бұл орайда экономиканы экологияландыру саясатының рөлі зор маңызға ие болып отыр. Оған өндірістік күштерді экологиялық тұрғыдан негіздей отырып орналастыру, жаңғыртылатын және жаңғыртылмайтын табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы басқару жүйесін жетілдіру, ауа және су бассейндерінің, топырақ қабатының ластануын болдырмау және ластану деңгейін төмендету жатады. Шаруашылық қызмет нәтижесінде табиғатқа келтірілген залалдар салдарынан қоршаған табиғи ортаның күннен-күнге тозуы мен ластануы табиғатты қорғау қызметін қаржыландыру мәселесін алдыңғы қатарға шығаруда. Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесіне сәйкес қоршаған табиғи ортаны қорғау және қалпына келтіруге арналған қаражаттарды мемлекет республикалық және жергілікті бюджеттер арқылы бөледі. Мысалы, «республикалық бюджеттің шығын бөлігіне қатысты табиғатты қорғау қызметіне жұмсалған қаражат мөлшері 2000 жылы 1,9 %-ды, 2001 жылы 1,2 %-ды, 2002 жылы 1,5 %-ды, 2003 жылы 2 %-ды, 2004 жылы 2,9 %-ды құрады. Табиғатты қорғауға арналған қаражаттың 62,3 %-ы – мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау және жер мен жер қойнауын, су қорын, атмосфералық ауаны, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалануға және табиғи ресурстарды қалпына келтіруге, 28,8 %-ы – тазарту имараттарының, ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерінің құрылысы мен оларды жаңадан тұрғызуға, 6,7%-ы – әкімшілік шараларға, 1,6 %-ы – тиісті салалардағы автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер қорын құруға және 0,7 %-ы ғана ғылыми зерттеулерге жұмсалған» [7, 78]. Бұл жағдайда ұлттық экономика дамуының жаңа сапасы прогрессивті фактор рөлін атқарады.

Жалпы, Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде жаһандық серіктестікке қатысып, экологиялық саясатты тиімді жүргізудің дүниежүзілік жүйесіне қосылып отырғаны мәлім. Атап айтқанда, халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық тұрғыда іске асырылып, қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, сапасын бағалаудың жалпы әдіс-тәсілдерін, өлшем-рәсімдерін пайдалану және әзірлеу, осы саладағы халықаралық тәжірибені пайдалану; нақты бағдарламалар мен жобаларды шешу үшін халықаралық ұйымдардан қаражат тартуды жандандыру; іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізу іске асырылып отыр, және осы іс-шараларды келешекте де қарқынды пайдалану қарастырылуда. Табиғатты қорғау қызметіне неғұрлым кеңірек қатысу мақсатында экологиялық қауіпсіздік және тұрақтылық саласындағы бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдығы ескеріліп, тиісті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен, техникалық және өзге де көмек түрлерін алу оны тиімді пайдалануды талдаумен үйлестірілуі тиіс. Жергілікті жағдайлар туралы неғұрлым толық ақпаратқа ие болып отырған мекемелер мен сарапшылар табиғатты қорғау жөніндегі бірлескен жобаларға белсенді араласуы қажет. Еліміздегі әлі де шешімі табылмаған экологиялық мәселелерге назар аударып, қабылданған заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін әкімшілік, құқықтық және экономикалық басқару тетіктерін іске қосу қажет, өндірістік кәсіпорындарға қойылатын талаптарды күшейту жолында нақты шаралар қолданылуы тиіс, ол үшін орталық билік органдарының шешімдері мен өкімдерінің, үкімет пен билік заңдары мен қаулы-қарарларының жергілікті деңгейде уақтылы әрі дұрыс орындалуын бақылау және қадағалау жүйесінің жұмысын жолға қою керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақшамы. – 2006. – 4 наурыз.
2. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 30 б.
3. Джолдыбаева У.М. Орталық Азия мемлекеттерінің экология саласындағы ынтымақтастығы – аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторы. – Тарих ғыл.канд... диссертация. – Алматы, 2007. – 179 б. – 74-78 бб.
4. Шетелдік инвесторлармен жасалған «қисық» контрактіні түзететін уақыт келді // Айқын. – 2007. – 20 ақпан.
5. Все как на ладони? Глава МЧС предлагает использовать космический мониторинг для предупреждения чрезвычайных ситуаций // Республика. – 2007. – 16 марта.
6. Сидоров Г., Шевелев С. Стратегические установки устойчивого развития Казахстана // Саясат. – 2005. – № 8. – С. 51-55.
7. Станбаева С. Анализ природоохранных затрат в Республике Казахстан // Саясат. – 2005. – № 3. – С. 78-81.

Резюме

Данная статья посвящена вопросу участия государственных органов Республики Казахстан в решении проблем экологической безопасности.

Summary

This article dedicated to the question about the participation of station organs Republic of Kazakhstan in makes decision ecological security problems.

ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

(XX ғ.20-30 жж.)

Ү.Ш. Исмағұлов -

т.ғ.к., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті

XX ғ.20-30 жылдарында Қазақстанда жүргізілген кеңестік жер саясатының мән-мазмұны, бағыты, нәтижелері жайында ұлт өкілдері де өз ой-пікірлерін, тұжырымдарын, ұстанымдарын көрсете білді. Әрине, кеңестік кезеңдегі зерттеулерде осы мәселеге біржақты баға беру үстем болғаны белгілі және оның түп-төркіні де түсінікті еді.

Ұлт өкілдері жүргізілген жер саясатына қатысты барлық мәселелерді жанарларынан тыс қалдырған жоқ, саралап отырды, талдау жасады.

Жетісу өңіріндегі жүргізілген жер-су реформасы жөнінде Т.Рысқұлов өзінің «Джетысуйские вопросы» атты мақаласында жан-жақты талдайды. Автор 1921-1922 ж.ж. реформаның келімсек тұрғындардың қазақтарға көрсеткен зорлық-зомбылығын ауыздықтауға зор саяси маңызы болғандығын айта келіп, экономикалық жағынан алғанда оның (реформаның – Ұ.И.) «нәтижесі мардымсыз» болғандығын, «бастапқыда белгіленген жоспардың аяғына дейін жүзеге асырылмағандығын» айтады және оның айғағы ретінде казак, кулактардан және байлардан алынған жер мөлшері аз болғандығын, сол жер телімдеріне орналастырылған батырақ және кедейлер отбасының 10 мыңға жетпейтіндігін (жоспар бойынша 80 мың отбасы орнығуы керек болған еді) келтіреді [1, 11-12 бб.].

С.Аспендияров жер мәселесіне байланысты жазған мақаласында партияның жер мәселесіне қатысты міндеттерін жан-жақты көрсете келіп, сол жер мәселесінің Түркістан өңірінде шешілуі

бағыттарына арнайы тоқталады. Мақалада 1921-1922 ж.ж. жер реформасы келімсектер мен көшпелі тұрғындар арасындағы қайшылықты жоюға негізделгені, ол келімсек кулактардың байырғы тұрғындар жерін өз бетімен басып алушылығын тию арқылы жүзеге асырылғаны, көшпелі тұрғындардың бірыңғай жер игеру формасы болмағандығы, сол себепті көптеген шаруашылық аралас, яғни мал-егін шаруашылығы формасында көрінетіндігі айтылады. Осы жағдайды ескере келіп, автор бұл арада жерді игеру формасын таңдауды тұрғындардың еркіне бермей, жерге орналастыруды мемлекет тарапынан жүргізу керектігін, бірінші кезекте отырықшылыққа өткен «бұрынғы көшпелілерді», сондай-ақ жартылай көшпелілерді жерге отырғызу, олардың арасында жер қоғамдарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді. «Онсыз – дейді С.Асфендияров - тарыдай шашылып жатқан басқарусыз бұратана кедейлер бай, манап қолтығына тығылып, олардың ықпалынан кете алмайды» [2,35-366б.].

Кеңестік жер саясатының жаңа мазмұндағы отаршылдық бағыт алып бара жатқанын Ә.Бөкейханов жақсы түсінген еді. С.П.Швецов экспедициясының құрамына кіруінің де басты мақсаты қазақ жеріне сырттан қоныстандыру шарасына тосқауыл қою әрекетінен туындаған деп тұжырымдауға әбден болады. С.П.Швецовтың қазақ даласына келімсек орналастырар артық жер жоқтығы жөніндегі қорытынды пікірі сол Ә.Бөкейхановтың да пікірі еді.

Әрине, тәуелсіздікке дейінгі жылдары Ә.Бөкейхановтың сол кезеңдегі кеңестік жер мәселесіне қатысты білдірген пікірлері, сөйлеген сөздері жайында деректер мардымсыз болып келгені белгілі. Халқымыздың бір туар ұлының жер саясатына байланысты тұжырымдарын алғаш т.ғ.д., профессор М.Қ.Қойгелдиев, кейін Т.Жұртбаев ҰҚК мұрағаттарынан алып, ғылыми айналымға түсірді.

Ә.Бөкейханов 1927 жылы тамыз айында РКФСР ЕХК мәжілісіне қатысып, қазақ жерінен сырттан қоныстандыруға артық жер шығару әрекетін қорғаушы профессор Верещагиннің патша үкіметі тұсында Қоныстандыру Басқармасында істегенін, 1913-1914 жылдары Мемлекеттік Дума төрағасы Варун-Секрет арқылы Торғай мен Қостанай уездері аралығындағы жерлерді қаратып алу туралы жарлық шығартқанын, яғни кезінде оның орыс алпауыттарының мүддесін қорғағанын әшкерлейді.

Верещагиннің Тула губерниясы мұжықтарының жерден қысылып жатқандығы, есесіне Қазақстанда бос жер көп екендігі жайындағы сөзіне «Егер Тула мұжықтарына жер керек болса, онда біз қазақтар, мына сияқты профессордың көмегіңізсіз-ақ, олардың өздерімен тікелей сөйлесеміз»-дейді [3,181-182бб.]. Ә.Бөкейханов РКФСР ЕХК жер нормасы Қазақстанда артық жер барлығын дәлдеу үшін әдейі аз мөлшерде белгіленгенін, бұл кесімнің болашақта Қазақстанды отарлауға жол ашатындығын, бұл мәселені қозғап отырғандардың РКФСР ЕХК маңына топтасқан орыс мамандары екендігін, егер осы норма өмірге енгізілетін болса, онда бұл Қазақстанға қаратыла отарлау саясатын жүргізу болып табылатындығын айта келіп, «РКФСР ЕХК дәл қазіргі орыс мамандары жетегінде кеткендігі өте қауіпті саясат, олар бұрынғы отаршылдар болатын, бұл бағыт Қазақстанның сөзсіз отарлануына алып келеді»-дейді [4,182б.].

Ә.Бөкейханов өзінің жер саясатына байланысты көзқарасын былай білдіреді: «орыстар (қоныстанушылар) мен қазақтарға жерді тең мөлшерде бөліп беруге болмайды. Өйткені, орыстар жерді өңдеу мәдениетін жақсы меңгерген. Сондықтан да олар қазақтардан үнемі үстем түсіп отырады, ақыр аяғында, қазақтарды ысырып шығарады. Міне, менің жер мәселесі жөніндегі «ұлтшылдық» көзқарасым осы» [5,189б.].

Кеңестік билік қайшылықтарын тайсалмай бетке айта білген халқымыздың ардақты ұлдарының бірі-С.Сәдуақасов өз еңбектерінде жер мәселесіне де қатысты ой-пікір, ұстанымдарын жан-жақты ашып көрсетеді. Мысалы, «Ұлттар және ұлт өкілдері туралы» атты еңбегінде Орталықтың жер мәселесінде «ескі мұрадан әлі арылып болмағандығын», кейбір өкілдері қоныс аударушылардың «мәдени ролін» дәріптейтіндігін, тіпті Рыковтың партияның ХУ съезінде қоныстандыру «еліне симай жатқан» адам санын азайту жолы ретінде қарастыруын айта келіп, ұлттық аймақтардағы жер саясатының нақты міндеттерін былай көрсетеді:

1) Жергілікті халықты, соның ішінде ертерек келіп қоныс тепкендерді де жермен түбегейлі қамтамасыз ету керек;

2) түгелдей жерлендіру жұмысын жеделдету керек. (бұған өз еркімен келіп қоныс тепкендерге жер бөліп беру жұмысы кіреді; сондай-ақ халықтың өсімін ескере отырып, белгілі бір жерлерді бос қалдыра тұру қажет);

Міне, осы жұмыстардың нәтижесінде мүмкін артық жерлер де белгілі боп қалар» [6,162-176бб.].

«Жер мәселесі тез шешуді тілейді» мақаласында қазақтарды жерге отырғызуда проблемалар бар екендігін, қоныстандыру жұмысының басы-қасында қазақ тұрмысын жетік білетін мамандардың жүруі

керектігі, сонда ғана іс оңға басатындығы» айтылса, «Жер мәселесі» мақаласында Қазақстанда жер мәселесінің ең үлкен, ең қиын жері-қоныстандыру жұмыстары...» дей келіп, «жердің қаншасы егін салуға жарайды, қаншасы тау-тас, су, ағаш, батпақ, құм екенін... зерттеп алу керек»-дейді [7, 310-314 бб.].

С. Сәдуақасов қазақтардың жерге отыру мәселесіне де назар аударады. Жалпы, ауыл шаруашылығы дамуы барысы табиғи-тарихи жағдайға байлаулы екендігін келтіріп, оның жүзеге асуы мүмкіншілігін былай көрсетеді: «...Отырықшылық бір жылда, екі жылда туатын нәрсе емес. Отырықшылық өз алдына бір дәуір. Бұл дәуір қазір туып келеді. Бірақ әбден туып жеткен жоқ һәм жетуге алыс та. Енді он жылдарда, жиырма жылдарда қазақтың бірсыпырасы отырықшылыққа айналар...» деп көрсетеді [8, 71-72 бб.].

Осы пікірден жерге отырғызуда, оның ішінде қазақтар сияқты көшпелі халықты жерге отырғызуда ешқандай асығыстықтың, жеделдетудің, күштеудің болмауы керектігін байқаймыз.

Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі- М. Шоқайдың да Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының жер саясаты, оның Қазақстандағы жүргізілу ерекшеліктері жайында кеңінен жазды.

«Кеңестер билігі астындағы Түркістан» еңбегінде Кеңестік биліктің Қазақстанға деген шынайы бет-бейнесінің бір қырын жерге қатысты мәселелерді талдаумен ашып береді. М. Шоқай осы еңбегінде кеңестік жер саясатының бұрынғы патшалық отарлық жер саясатынан түк айырмашылығы жоқтығын айтып, Орталықтың 1928 жылы 1924-1925 жж. шыққан бірінші кезекте көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарды жермен қамтамасыз етіп болғанға шейін сырттан келімсектердің келуіне тиым салу жөніндегі жарлықтарын бұзып, республикамен есептеспей келімсектерге жол ашып бергендігін көрсетеді [9, 387 б.].

М. Шоқай келесі бір мақаласында кеңестік қоныстандыру саясатына байланысты Орталық басшыларының ұстанған саясатын сынай отырып, былай дейді: «Орыс мұжықтары арасында мұғажырлыққа қызмет ету пікірін де Рыков өзі шығарған жоқ. Ол Столыпиннің өсиеті болатын. Борохидоның «Жекелеген өлке мен халықтардың мүддесін жалпы Одақ мүддесіне құбан ету» дегені де Столыпиннің «қазақтарды емес, қазақтардың тың жатқан жерлерін ойлау керек. Қазақстан жерлерін тек қазақтардың өздеріне ғана қалдыру Ресей үшін кешірілмес күнә болар еді» деген сөзінің екінші бір нұсқасынан басқа ештеңе емес еді. Митрофановтар айтып жүрген «мәдениет» мәселесі де адамдарды алдап-арбауға көп қолданылып әбден сілікпесі шыққан бірдене. Мұндай «мәдениеттің» нәтижелері де бізге белгілі» [10, 121-122 бб.]. Сөйтіп, М. Шоқай кеңестік қоныстандыру саясатының патшалық кезеңдегі отаршыл саясаттың жалғасы болып қала бергені жөніндегі пікірін тағы да бір тиянақтап өтеді. Сондықтан да Одақтық үкімет басшысы Рыковтың Столыпиндер атына жылы сөздерін айта бастағанда С. Садуақасовтың «ұлтшыл» боп шығуынан еш сөкеттік таппайды.

Кеңестік кезеңдегі жер мәселесін қарастыруда Т. Шонановтың «Қазақ жері мәселесінің тарихы» /Қызылорда, 1926; 2-басылымы Жер тағдыры-ел тағдыры. А., 1995/ еңбегінің маңызы зор. Еңбек, негізінен патшалық Ресейдің Қазақстандағы отаршыл жер саясатын жан-жақты талдауға арналса да, онда сол зардаптарды жоюдың есебінде кеңестік кезеңде қазақтарды жерге орналастырудың жолдарын көрсетеді. Автор «Қазақ еңбекшілерін жерге орналастыру жұмысы екі жікке бөліну керек. Әуелгісі жалпы жерге орналасуға ұстаған көп жылға арналған жол, екіншісі сол мақсатқа жеткенше тұтынатын уақытша жол. Жалпы жол дегеніміз-қазақ елін бірте-бірте қоныстандырып отырықшы қылу. Ол кезде бұлардың шаруасы өзгермек. Шаруаның түрін кенеттен өзгертуге келмейді. Онан шаруаға зияннан басқа пайда жоқ»-дейді [11, 197 б.]. Шаруаның иә түзеліп, иә бұзылуы жерге орналастырудың дұрыс, бұрыс болып шығуына байлаулы екендігін, оның оң шешілуі үшін қазақтар жерге орналасып болғанша сырттан қоныстандыруды үзілді, кесілді жабу, жер қорының мөлшерін анықтау мақсатында Қазақстан жерін табиғи-тарихи және шаруашылық жағынан жан-жақты зерттеу керектігін айтады [12, 200-202 бб.].

Қазақ жері мәселелері Ж. Сұлтанбекұлының 1925 жылы Қостанай қаласында жарық көрген «Бұрын және қазір де жер саясаты» еңбегінде қарастырылады. Кітапшаның алғашқы бес бөлімі патша үкіметі кезіндегі жерге қатысты заңдардың мәні, Ресейдегі жерден туындаған қайшылықтар, келімсектер мен қазақтар арасындағы, қазақтардың өз ішіндегі жер мәселелеріне арналған. Бұл тарауларда патша үкіметінің қазақ жерін алудағы әдіс-тәсілдері, «артық жер» анықтау және оны келімсектерге кесу әрекеттері баяндалады.

Еңбекте жер мәселесін оң шешу әрекеті қазан төңкерісінен кейін қолға алынғаны айтылып, осы жерге қатысты қабылданған заңдарға талдау беріледі. Жер еңбек сіңіріп пайдаланушыларға еңбек нормасы мөлшерімен бөлінетіндігі, әйтпесе жер теңсіздігі шығып кетуі мүмкіндігі және жерді пайдалану

түрлері шаруашылық ыңғайына қарай қарастырылатындығы, жер ең алдымен бұрыннан тұратындарға берілетіндігі келтіріледі.

Ж.Сұлтанбекұлы Кеңес үкіметінің мақсаты патшалық билік кезіндегідей жерді өлшеп, артығын алу емес, қашаннан орныға алмай жүрген қазақтарды жерге орналастыру екендігін түйіп айтады [13, 176.]. Автор қазақ үшін отырықшылықтың пайдасы болатындығын ашып көрсетеді.

Кітап партия комитеті тапсырмасымен жазылғандықтан, партия мен үкіметтің жер мәселесіндегі ұстанымдарына баса назар аударылады. Дегенмен, автор патшалық кезеңдегі қайшылықтарды барынша көрсете отырып, алда солардың қайталанбауын ескерткендей болады.

Т.Темірәлиев «Қазақтарды жерге орналастыру жөнінде» атты мақаласында Қазақстандағы жерге орналастыру ісі осындағы жер жағдайын ескермей Орталық Ресейдегі осы шараны жүргізу тәжірибесі негізінде жүргізіліп жатқан сияқты ой тудырып отырғандығын, қазақтар пайдалануындағы жерлердің 80-90% құм, тастақ, сортаң болып келетін жарамсыз жерлер екендігін, сондықтан жерге орналастыру жұмысынан еш нәтиже күтуге болмайтындығын ескертіп, осы мәселеге аса назар аудару қажеттігін айтады және оны оң шешу үшін кулактар қолында қалып отырған шұрайлы жерлерді қазақтарға тең бөліп беруді ұсынады. Оның ойынша кулактарға өтем есебінде жарамсыз жерден жер кесуге болатындығын, себебі ол жерді өңдеуге күш-көлігі, қаржысы жететін болды [14].

Қазақстанда дамуы тиіс шаруашылық төңірегіндегі ой-пікірлерін ұлт өкілдері съезд, конференция, бас қосуларда да кеңінен жеткізе білді. 1925 жылы ақпан айында өткен Қазақстанның 1-ші жерге орналастыру съезінде РК(б)П облыстық комитетінің хатшысы С.Қожанов Қазақстан 99% ауыл шаруашылықты ел екендігін, халықтың тұрмыс-тіршілігі жерге байланыстығын, сол себепті осы бас қосудан жалаң ұран, даурықпа ақылгөйліктен нақты ұсыныстар, нақты істер күту керектігін айтады.

С.Қожанов бұрын отар болған Қазақстанның қазіргі таңда да сол қалпынан ұзап кете қоймағанын, жер мәселесінде әлі де теңсіздік жойылмай отырғанын көрсете келіп, пікірін одан әрі былайша дамытады: «... Бұрынғы Қазақстанда егіншілікке жарамды жерлер келімсектер иелігіне кетті. Бірақ, бұдан біреулерін қуып, келесілерін (қазақтарды) орналастыру керек деген ой тумау қажет. Бұл әрекет біздің саясатымызға қайшы келер еді. Алайда езілген қазақ қауымын бұғанасы бекіп, буыны қатайған европалықтармен теңестіру шарасын жүзеге асыру керек. Қазақстанда мал шаруашылығы-шаруашылықтың жабайы, ескерген түрі деген пікір бар. Ол дұрыс емес. Шаруашылық түрін табиғи жағдай белгілеп береді. Түркістанға ағылшынды кіргізіп көр, ол да малшы боп кетеді. Мұнда орыс келімсектердің егіншілігін тастап, мал шаруашылығына көшкені жалған емес қой. Сонда олар «кері қарай кеткен бе?». Малшы қазақтар неліктен көшеді? Ол әуестенгендік емес, мал мүддесіне байланысты туындаған қажеттілік. ... Қазақтардың 88% мал шаруашылығымен айналысатыны ескеріліп, осы шаруашылықты дамытудың перспективалық жоспары жасақталуы тиіс» [15].

1925 жылы тамыз айында Қазақ өлкелік партия комитетінің жиналысы болады. Онда Қазақстанның шаруашылықта қай бағытта дамуы керектігі жөнінде айтылады. Осы жиналыста О.Жандосов мал шаруашылығының дамытылуы жөнінде тұшымды пікір айтады.

Жалпы, Қазақстанда бұрынғы территориясы аумағында барлығы 200 млн. дес. жер болып, оның 38.170.000 дес. жарамды, 169.729.345 дес. жарамсыз есебінде саналады. Осының орасан зор жер көлемінің шамамен 120 млн. дес. ылғалдылығы 250 мм. төмен зонада жатты. Оның 1.200.000 дес. жарамды, қалғаны жарамсыз деп есептелді. Міне, осы цифрлардан-ақ республика экономикасында мал шаруашылығының қандай дәрежеде болғандығын көруге болатын еді.

Қазақстандағы жерді ауыл шаруашылығы салаларына бөліп қарар болсақ, оның 80 % мал немесе жартылай мал шаруашылығына келетін болды. Осы кезде мал өсірумен айналысатын шаруашылық саны 400.000, ал егін салумен айналысатын шаруашылық саны 450.000 құралған.

Мал бағумен айналысатындар 7.200.000, егіншілер 6.000.000 бас мал ұстаған. Қазақ шаруашылықтарының 43 % егін салған. Осы дән себетін шаруашылықтарға орташа алғанда 2,55 дес. егістік келген. Ал отырықшы орыстардың бір шаруашылығына 7,70 дес. тиген.

1910 жылдары Қазақстанда 16.000.000 бас мал, 3.000.000 дес. егістік болған. 1924 жылдары мал басы саны 10.000.000, егістік 1.800.000 дес. көрсеткен. О.Жандосовтың пікірінше бұл цифрлар өте ауыр тиген соңғы 10 жылдағы мал шаруашылығы егіншілікке қарағанда беріктеу, тұрақтылау болып келген. Сол себепті де республиканың жалпы экономикасында мал шаруашылығының маңызды рол атқаратынын, олай болса осы шаруашылықты одан әрі зерттеу, реттеу керектігі үлкен міндет болып табылатындығын көрсетеді.

О.Жандосов жерге орналастыру жұмысы барысында ең алдымен мал шаруашылығымен айналысатындар мүддесі ескерілуі, яғни қыстақты территориялар мәселесіне көңіл аударылуы қажет екендігін ескертеді. Себебі, енді таза бір жақты көшпелі мал шаруашылығы болмауы мүмкін деп есептеледі.

Қыстақты территорияда азық-түліктік және жем-шөптік егістігі бар, бірақ мал өсіру басты орында тұратын шаруашылықтар, яғни аралас түрдегі шаруашылықтар мал шаруашылығын рационализациялаудың алғашқы қадамы ретінде жан-жақты қолдау табатындығын келтіріп, О.Жандосов жерге орналастыру кезінде осындай шаруашылықтар барлық қажеттіліктерімен қоса қыстақты территориямен қамтамасыз етілуі тиіс екендігін, осы әрекеттің жерге орналастыру саясатында басты көзір болуы керектігін айтады [16].

Қазақстандағы жерге қатысты мәселелерде кезінде республика басшылығы орындарында қызмет істеген Н.Нұрмақов та өз ұстанымын көрсете білген еді.

Н.Нұрмақов индустрияландыру саясатына байланысты таяу арада Қазақстанды ауыл шаруашылығы елінен өндірістік елге айналдыру әрекеті қарастырылып отырғанын, бірақ республика алдына ондай міндет қоюға болмайтындығын, оған табиғи-тарихи жағдай келмейтіндігін, сондықтан Одақтық дәрежеде ауыл шаруашылығында жетекші орында мал шаруашылығы қала беруі керектігін айтады.

Қазақстанның орасан зор территориясының 2/3 егіншілікке келмейтіндігіне, ол кеңістікті тек мал шаруашылығын өркендету арқылы игеруге болатынына, оны жер жағдайының көрсетіп отырғанын, сол себепті де қазіргі таңда мал шаруашылығының жалпы шаруашылықта бірінші орында және оның тұрғындардың күнкөріс көзі екендігіне назар аударта отырып, Одақ мүддесі, тұрғындар мүддесі үшін осынау кең территорияны пайдаға жаратуда шаруашылық саясат төбесіне мал шаруашылығын қою қажеттігін келтіреді [17]. Н.Нұрмақовтың Қазақстанға сырттан қоныстандыру мәселелеріне де өзіндік пікірі болды және оны Орталық алдында, қалың көпшілік алдында тайсалмай айта білді. Оны Бүкілресейлік ОАК 3-сессиясында (1928 жыл 24-26 қараша) жасаған баяндамасынан көруге болады.

Баяндамада ол қазақ жеріне қоныс аудару ісіне жалпы қарсылық жоқтығын, бірақ осы жұмыстың жедел жүргізілмеуі тиістігін ескертіп, ең әуелі ішкі жер қатынастарын реттеп алу, артық жер мөлшерін, қанша жердің егін салуға қолайлы екендігін анықтау ісі жүргізілуі керектігін келтіреді.

Н.Нұрмақов Қазақстанда жер көп, тез арада қоныс аударуға рұқсат беріп, сол арқылы астық шаруашылығын дамыту керек деушілер пікірлерін көрегендікке санамайтындығын білдіреді. Бұрынғы Қоныстандыру Басқармасының осы шараға осылай атүсті қарауынан тек қазақтардың ғана емес, сондай-ақ орыс шаруаларына да зиян әкелгенін, Торғай және Қарқаралы аудандарына орналасқан мұжықтардың көпшілігі кейін шұбырғанын, сондықтан мәселеге жан-жақты зерттеу, анықтап алу жұмыстарын жүргізіп алмайынша бет бұрудың жөні жоқтығын айтады.

Н.Нұрмақов Қазақстан тұрғындарының көпшілігінің орталық бөлікте, Адай, Бөкей және Балқаш далалықтарында көшіп жүргендіктерін, олардың да жағдайы шешілуі керектігін ескертіп, Қазақстанды қоныстандыруға тартуға ниетті мамандарға «Егер сіздер тез арада Қазақстанға қоныстандыруға болатындығын ғылыми жүйеленген объективті мәліметтермен дәлелдеп бере алсаңыздар (шүкір, қарапайым мәселелерді түсіне алмайтындар қатарында емеспіз), егер Қазақстан тұрғындарының жермен қамтамасыз етіліп болғандығын, тіпті белгілі бір аудан көлемінде қамтамасыз етіліп болғандығын, кезкелген ауданда қандай да болмасын көлемде артық жер барлығын дәлелдеп берсеңіз, онда біз Қазақстанға сырттан қоныстануға қарсылық білдірмейміз»-дейді [18].

Қорыта келгенде, ұлт өкілдері кеңестік жер саясатының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне кері ықпал ететіндігін айқын түсінді және оны жеке бастарының қамын ойламай-ақ билік алдында еш қаймықпай айта алды.

1. Рыскулов Т. Собр. соч. -Т.2. -Алматы, 1997. - С.7-21.

2. Асфендияров С. Партия и землеустройство // Спутник коммуниста. - 1923. - № 2-3. - С. 33-36.

3. Жұртбаев Т.Талқы.-Алматы:Қазақстан,1997.-368б.

4. Жұртбаев Т.Талқы.-Алматы:Қазақстан,1997.-368б.

5. Жұртбаев Т.Талқы.-Алматы:Қазақстан,1997.-368б.

6. Садуақасов С. Шығармалар жинағы. 2 т.-Алматы: Алаш,2003.-360 б.

7. Садуақасов С. Шығармалар жинағы. 2 т.-Алматы: Алаш,2003.-360 б.
8. Садуақасов С. Шығармалар жинағы. 2 т.-А.,Алаш,2003.-360 б.
9. Шоқай М. Таңдамалы. II том.-Алматы: Қайнар,1999.-520 б.
10. Шоқай М. Таңдамалы. I том.-Алматы: Қайнар,1998.-512 б.
11. Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры.-Алматы: Санат,1995.-204 б.
12. Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры.-Алматы: Санат,1995.-204 б.
13. Сұлтанбекұлы Ж. Бұрын және қазір де жер саясаты. - Қостанай,1925. - 56 б.
14. Советская степь. -1925. - 3 февраля.
15. Советская степь. – 1925. - 14 ақпан. - №370.
16. Советская степь. – 1925. - 12 тамыз. - № 490.
17. Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы.-Алматы: Алаш,2005.-280б.
18. Нурмаков Н.Строительство Казахстана / Доклад и заключительное слово на 3 сессии Всероссийского ЦИК 13-го созыва.24-26 ноября 1928 г.- Кзыл-Орда,1929.

Резюме

В статье излагаются позиции казахской политической элиты на земельную политику Центра.

Summary

In the article an item of the Kazakh political elite on the ground polici of the Centre is stateo.

РАЗВИТИЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ИДЕИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

К.М. Ауанасова–

к.и.н., доцент кафедры Истории и географии МГТУ

На пути интеграции в мировое сообщество Казахстан сталкивается с разными проблемами, решение которых требует новых путей реализации внутренней и внешней политики, пересмотра и углубления многих исторических тенденций и перспектив. В связи с этим, важной областью научных исследований становится изучение исторической парадигмы развития Казахстана.

В начале 90-х годов Центральная Азия в результате распада СССР и образования новых независимых государств, вышла на арену геополитики, и вокруг нее в результате возникшего «внешнеполитического вакуума» развернулась новая «геополитическая игра». Сегодня Центральная Азия в силу объективных обстоятельств занимает ключевое место в системе складывающихся международных противоречий, которые будут определять содержание мировой политики в ближайшем десятилетии [1].

Из всех участников СНГ Казахстан снискал себе репутацию наиболее убежденного поборника укрепления Содружества. Не случайно, что первые официальные документы на двусторонней основе были подписаны Россией именно с Казахстаном [2]. Со своей стороны, Центральная Азия представляет большой интерес для России по ряду важных параметров. Все это вызывает необходимость устойчивого активного развития отношений добрососедства, сотрудничества и партнерства между Российской Федерацией и странами Центральной Азии, а, следовательно – и с Республикой Казахстан.

3 июня 1994 года Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев направил всем главам государств СНГ документ исторического значения – «Проект о формировании Евразийского союза государств». Именно с этого момента стало возможно говорить о превращении евразийства из чистой теории в конкретную политическую практику.

Евразийство – это полноценная историческая, геополитическая, философская, мировоззренческая система, созданная классиками: Н. Трубецким, Г. Вернадским, П. Савицким, Н. Алексеевым, Л. Карсавиным, Л. Гумилевым и обновленная политиком мировой величины – Н.А. Назарбаевым.

Он придал евразийскому теоретическому учению зримое воплощение в реальной жизни, а также внес в евразийское мировоззрение огромный теоретический и практический вклад, сочетав его с

новаторским экономическим, социальным, стратегическим подходом, неразрывно связав евразийство с демократией, толерантностью, императивом развития гражданского общества, социальной динамикой. Речь идет не просто об адаптации евразийских идей к конкретным условиям современного Казахстана и Центральной Азии, но о развитии универсального содержания этого учения [3].

Актуальность евразийских идей в эпоху глобализации обуславливается:

- пространственным масштабом в случае народов и государств, связанных цивилизационными, культурными, историческими узами, стремящихся обозначить национальное своеобразие на фоне глобализационных процессов, стирающих любого рода отличия;

- ускорением и углублением процессов коммуникации, опираясь на мировоззренческие установки евразийцев, позволяющие смягчить национальные и религиозные конфликты в современном мире;

- необходимостью в модифицированном определении национальной идеи государств на территории Евразии, в глубинных пластах которой скрыт евразийский компонент, объединяющий традиции европейской и азиатской мысли, истории и культуры.

Евразийство в современных условиях - исторический феномен доктринального характера, обозначающий не только целостность постсоветского пространства, но и обобщающей группы людей, выступающих против негативных последствий глобализации, за сохранение национальной истории, культуры и за интеграцию по экономическим параметрам, со сходной социальной системой, с исторической общностью судьбы.

Уровень восприятия евразийской концепции позволяет расширить исторические масштабы, демонстрируя актуальность в современном обществе национальных, экономических, политических, религиозных проблем, сформулированных еще в 1920-х годах, присущих большинству мировых держав и решаемых сегодня в нашей республике. Содержание термина размывается и обобщается в связи с весьма субъективным восприятием процессов глобализации, схематизации и унификации. Снова соединяются разнородные элементы в структуре современного евразийства, снимая противоречие Восток-Запад, и ориентируясь на интеграцию с наилучшим прагматичным вариантом развития государств, наций и общества.

Важную роль в формировании евразийской исторической концепции сыграли идеи авторов, труды которых составили сокровищницу евразийства. Это труды Н. Данилевского, К. Леонтьева, С. Соловьева, Ф. Достоевского, В. Ключевского, Н. Рериха и др. Они предвосхитили евразийскую концепцию и предшествовали ее полному оформлению.

Данилевский Н. Я. в своих трудах указывал, что ошибкой славянофилов было приращение русским или славянским принципам абсолютной ценности, то есть общечеловеческого значения. Его основополагающая идея заключается в следующем: каждый народ (или группа народов) принадлежит к определенному культурно-историческому типу. Под «культурно-историческим типом» он понимал «самостоятельные и своеобразные планы религиозного, социального, бытового, промышленного, политического, научного, художественного, - одним словом, исторического развития» [4]. Культурная деятельность каждой конкретной общности развивается в одной из четырех главных областей: религиозной, культурной, политической и общественно-экономической. Обосновывая преходящий, временный характер культурно-исторических типов, Н. Данилевский делал акцент не на констатации биологического циклизма их развития (рост, цветение и умирание), а на понимании полифоничности исторического движения, принципиально не сводимого ни к какой единой, общеобязательной для всех стран и народов исторической магистрали. При этом ученый не отказывался от использования понятия исторического прогресса, но настаивал на том, что смысл его как раз в принципиальной многосторонности, многоплановости развития человеческой культуры.

В воззрениях К. Леонтьева выражен широкий, недоступный большинству его современников взгляд на мировой исторический процесс, свободный от европоцентризма, переплетенный с консервативным отрицанием любых форм прогресса в сфере общественной жизни. В целом в своей критике рационалистического антропоцентризма западного образца он следовал славянофильской традиции. При всей искусственности построений Леонтьева в них содержатся тонкие наблюдения, свидетельствующие о глубоком проникновении в особенности исторического развития различных государств Европы и Азии. Он утверждал, что российская цивилизация неразрывно связана с Азией и, что будущее их непременно свяжет [5]. Специфика евразийских взглядов заключается в том, что, во-первых, они не просто заявлялись декларативно, но и находили в трудах евразийцев детальное и научно

аргументированное изложение (евразийцы редко писали политические программы, и в основном их идеи отражены в пространственных научных статьях и монографиях). И, во-вторых, в - самой многосторонности и сложности евразийских научных концепций. Можно сказать, что евразийцы на деле осуществили те идеи создания синтетического мировоззрения, достижения того "цельного знания", о котором говорили мыслители конца XIX - начала XX в. Действительно, их мировоззрение представляет собой синтез достижений целого ряда научных дисциплин, как естественных, так и гуманитарных. Евразийские концепции нашли отражение в трудах по географии, истории, философии, в ряде работ политологического характера и даже в художественном творчестве.

С. Соловьев отмечал, что Россия не разделяет тех выгод, которые дают природные условия Западной Европе. Для народов Западной Европы природа была матерью, для народов Восточной Европы – мачехой. По мере продвижения цивилизации с запада на восток благоприятность условий успешного ее развития ослабевает. Он полагал, что наряду с Востоком и Западом Россия в мировой истории представляет третью силу, которая дает положительное содержание двум первым, освобождает их от исключительности, примиряет единство высшего начала с свободной множественностью частных форм и элементов, создает, таким образом, цельность общечеловеческого развития и дает ему внутреннюю тихую жизнь [6].

В. Ключевский считал, что Россия это переходная страна между Европой и Азией. «Культура неразрывно связала ее с Европой, но природа положила на нее особенности и влияние, которые всегда влекли ее к Азии или в нее влекли Азию» [7].

Ф.М. Достоевский рассматривая своеобразие цивилизационного развития России отмечал, что Россия дорого поплатилась утратой своей духовной самостоятельности и «неудачной европейской политикой» и, наконец деньгами, которых «бог знает сколько у нас ушло на то, чтобы доказать Европе, что мы европейцы, а не азиаты» [8].

Н. Рерих различал в России, как в культурном единстве, категории объединенных культур: скандинавскую, византийскую, татарскую. Он недоумевал, почему о татарщине на Руси остались воспоминания как о мрачных временах погромов. «Забывается, что таинственная колыбель Азии вскормила этих диковинных людей и одарила богатыми дарами Китая, Тибета, всего Индостана» [9].

Проблема критериев прогресса очень остро и глубоко рассматривалась на протяжении всего XIX – начале XX века. Критика идеологии универсально-линейного, механически осуществляющегося прогресса получила широкое распространение особенно в русской общественной мысли.

Таким образом, общественная мысль, предшествовавшая евразийской исторической концепции выработала теоретические подходы, которые в обобщенном виде формулировали следующие идеи:

- несостоятельность «европоцентризма» и так называемых универсальных «общечеловеческих» (европейских) ценностей как методологического принципа, лежащего в основе представлений об историческом и социальном прогрессе;
- представления о взаимосвязях России и Азии находили все большее историческое научное обоснование;
- представления о линейном характере исторического процесса и его «универсальных» критериях подверглись критике и были заложены основы того, что сегодня определяется как цивилизационный подход;
- была указана и обоснована социально-историческая специфика России, которая всей своей историей, культурой, социальной организацией, политической традицией, географией принадлежала иному (неевропейскому) культурно-историческому типу.

Литература:

1. Токаев К.К. *Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка: Автореф. ... д.п.н. – М., 2001. - С. 5.*
2. *Казахстанско-российские отношения: Сборник документов. – Алматы, Москва: МИД РК, 1995.*
3. *Дугин А.Г. Евразийская мысль Нурсултана Назарбаева. - М., 2004. - С. 28.*
4. *Данилевский Н.Я. Россия и Европа. - М., 1989. - С. 85.*
5. *Леонтьев К. Византизм и славянство. Великий спор. - М., 2001. - С. 91.*

6. Соловьев С.М. *История России с древнейших времен*. Соч. – Т. 13-14, кн. 7. - М., 1991. - С.7-8.
7. Ключевский В.О. *Курс русской истории*. Соч.: в 9-ти т. - Т.1. - М., 1987. - С. 65.
8. Достоевский Ф.М. *Дневник писателя, 1881г. Полн. Собр. Соч.*- Т.27. - Л., 1984. - С. 33.
9. Иванов Вс. Н. *Рерих. Художник, мыслитель*. - Л., 1992. - С. 25-26.

Түйін

Мақалада евразиялық тарихи концепциясы және оның пайда болудан бұрын қалыптасқан қоғамдық идеялар көрсетілген.

Summary

In the article author speaks about the actuality of eurasian history conception, also about the scientific ideas, which were precede her's beginnings.

ПОЛИТИКА В ОТНОШЕНИИ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Орман Әуезхан Әбдіқасым ұлы –

научный сотрудник Института востоковедения КН МОН РК

Интеллигенцию в Китае составляют люди, получившие высшее, среднее специальное и просто среднее образование, работающие в сфере науки, экономики, культуры, просвещения и медицины. Этому критерию относят работников партийного и государственного аппарата, правовых и военных организаций и т. д.

На протяжении многих веков, отобранные на основе экзаменов образованные люди, назначались на чиновничьи должности и выполняли управленческие функции по обеспечению безопасности существующего строя и сохранения культурного наследия страны. Наиболее почитаемыми элементами культурного наследия являлись философские концепции, этические нормы и социально-политические установки конфуцианства. Это связано с тем, что китайская интеллигенция исторически была этноцентричной, их философия в ее китаецентризме, воплощенные во взглядах на Среднее государство как центр мира и на роль Поднебесной по отношению ко всем остальным народам мира, «варварам».

Интеллигенция объединяла традиции кастовости, которые до XX в. не затрагивали общественно-политические и национальные движения. Эта традиция на протяжении веков оставалась не только книжной, неразрывно связанной с этническими и социально-политическими доктринами конфуцианства. Каждое поколение китайских интеллигентов осознавали себя в качестве избранной касты хранителей и продолжателей духовного наследия великих мыслителей древности.

Китайская интеллигенция отличается сознанием ответственности перед обществом и государством. Эта позиция выражена сунским конфуцианцами, которые трактовали о важности идеи «заботится» о мире раньше, чем мир начнет «заботиться» сам о себе. Для традиции Китая были характерны воспевание «справедливого чиновника» и осуждение нерадивости, должностных злоупотреблений.

Положение образованных людей как источник пополнения управленческого аппарата и исполнителей воли государственной власти имеют важное значение для последствия жизни китайского общества и страны. Так, на протяжении многих веков в Китае существовали две прямо противоположные традиции: с одной стороны, уважения грамотности, знаний, литературы и искусства, почитания великих мыслителей и «справедливых чиновников». С другой стороны, презрения, ненависти к необразованным из чиновничества. Она закреплена в народных поговорках и притчах, в которых пронизаны лукавые насмешки над малограмотными. Философские суждения Хань Фейцзы (ок. 288—233 гг. до н. э.) не лишены чувства юмора: «В царстве мудрого правителя нет книг грамотных ученых», деятельность представителей науки и искусства вредно, необходимо «пресечь их действия, уничтожить их собрания, рассеять их сообщества» и т. д. [1].

Социально-политический и социально-экономический кризис в Китае в начале XX в. привело к изменениям в общественном положении в среде интеллигенции. Просвещенная часть интеллигенции, разуверившие конфуцианским канонам, обратили внимание к философским, политическим и экономическим учениям стран Запада. Представители интеллигенции—инженеры, ученые, юристы, врачи — воспринимали западную культуру естественным путем: они учились в странах Европы, некоторые там работали, не имея профессии в Китае. Представители китайской «традиционной» интеллигенции скептически относились к западным идеям и теориям. Для них это означало признание интеллектуальной и моральной гегемонии какой-то иностранной интеллигенции, которое может привести к разрыву с вековой традицией китайцев, провозглашавшей превосходства своей культурной традиций над другими народами

В конце XIX начала XX вв. главной целью всех социальные классов и слоев китайского общества стала борьбой за освобождение Родины от иностранных захватчиков. В среде интеллигенции сложились силы, выступившие в авангарде решительной борьбы за создание независимого и процветающего нового государства. Однако со второй половины XIX в. отношение к «западной» (Европейской) науке стало спорным вопросом в идеологической борьбе, развернувшейся между сторонниками нового и старого.

До образования Китайской Народной Республики в развитии интеллигенции выделялись эпохи критики и действия, символизировавшие появление на общественно-политической жизни и культурном поприще принципиально разных типов интеллигентов. Рубежом этих двух крупных эпох явилось «Движение 4 мая» 1919 г.

2. Агзамходжаев С.С. Туркестан Мухторияти: Миллий – демократик давлатчилик курилиши тажрибаси. – Ташкент: Магнавият, 2000. – 168 б.; Агзамходжаев С.С. История Туркестанской Автономии (Тукестон Мухторияти). /Отв. ред. Д.А. Алимова. – Ташкент: Изд.-полигр. объединение «Ташкент ислом университети», 2006. – 268 с.

3. ӨРОММ (Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты). Р-17-қор, 1-тізбе, 37-іс, 147-п.

4. ГАРФ (Государственный Архив Российской Федерации). Ф. Р-1318. Оп. 1. Д. 144. Л. 374.

5. Архив новейшей истории России. Серия «Каталоги». Т. VII. Протоколы руководящих органов народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. 1918-1924 гг.: Каталог документов. – М.: РОССПЭН, 2001. – 296 с.

6. РГАСПИ (Российский Государственный архив социально-политической истории). Ф.62. Оп.1. Д.4. Л.7. (Из постановления: «1.б. Удовлетворить просьбу Председателя Средазбюро ЦК т. Рудзутака

об откомандировании т. Рыскулова в распоряжение Средазбюро ЦК; 1.7. Считать выбывшим из состава Средазбюро ЦК т. Рахымбаева, включив вместо него т. Рыскулова».

7. ГАРФ. Ф. Р-1318. Оп. 1. Д. 17. Л. 178.

8. РГАСПИ. Ф. 62. Оп. 1. Д. 4. Л. 1.

9. Туркестанская правда. – 1922. – 4 ноября. - №90 (246). – С.1.

10. ГАРФ. Ф. Р-1318. Оп. 1. Д. 144. Л. 374.

11. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 112. Д. 384. Л. 208; Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг.: Сборник документов. /Автор-составитель д.и.н. Д.А. Аманжолова. - Караганда: 2005. – С. 366.

12. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 122. Д. 384. Л. 6, 206.

13. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 122. Д. 384. Л. 209; Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг.: Сборник документов. /Автор-составитель д.и.н. Д.А. Аманжолова. - Караганда: 2005. – С. 367.

14. Сергей Иванович Сырцов (1893-1937 жж.) – ірі қоғам және мемлекет қайраткері. 1929-1930 жылдары РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып істеді және өзінің орынбасары Тұрар Рысқұловпен өте жақсы қарым-қатынаста болған. С.И. Сырцов сонымен қатар 1929-1930 жылдары БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат және КСРО Орталық Атқару Комитетінің мүшесі бола жүріп, И.В. Сталиннің тоталитарлы билігіне қарсы оппозициялық топ ұйымдастырады. Ол И.В. Сталиннің индустриализация және коллективизация саясатын іске асыру тәсілдерін елді дағдарысқа, халықты қырғынға алып баратын саясат ретінде сынап, оны «топас бас адам» (тупоголовый человек) деп атаған. «Кремль қожасын» Бас хатшылық қызметінен кетіру үшін ашық әрекеттер жасаған. Сол үшін саяси репрессияға ұшырап, 1937 жылы 10 қыркүйекте атылды.

15. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 84. Д. 586. Л. 38-48 об.

Резюме

В статье рассматривается роль Турара Рыскулова в освобождении Алихана Букейханова из Каркаралинской тюрьмы осенью 1922 года.

Summary

The role of Turar Ryskulov in the release of Alikhan Bokeikhanov from Karkaraly prison in the autumn of 1922 is examined in this article.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫН КҮШТЕП ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Қ.Р. Жириндинова–

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Бүкіл Кеңестер Одағында жаппай ұжымдастыру үрдісі басталған кезде көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын жаппай отырықшыландыру қажеттігі айтыла бастады. Жаңадан ұйымдастырылатын ірі колхоздар көшпелі және жартылай көшпелі бола алмайтын еді. Бұл мәселе әсіресе, Қазақстанға тікелей қатысты болды. Өйткені бүкіл Одақтағы барлық көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтардың 80 пайызға жуығы осы Қазақстанда болатын [1, 202 б.].

1929 жылдың қараша айында БК/б/ партиясының Қазақ өлкелік комитетінің бюросында көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыру жөнінде арнайы шешім қабылданып, бұл мәселе одан кейін де 1930 жылдың қаңтарында болған Қазақ Орталық Атқару комитетінің 2 сессиясында да қаралды. Сессия бірінші бесжылдықтың соңында отырықшылыққа 544 мың шаруашылықты ауыстыру жөнінде шешім қабылдады.

1930 жылы қаңтарда Халық Комиссариаты Кеңесі маңында отырықшыландыру бойынша Республикалық комитет құрылды. Қазақстан бойынша көшпенділердің жаппай отырықшыландыруы әртүрлі жолдармен жүргізілді:

- Жеке топтар үшін жер учаскелері берілді;
- Жеке топтар үшін тұрғын үйлер салынып, өз бетінше колхоздар құрылды;
- Көшпенділердің жеке топтары ірі колхоздарда таратылып, орналастырылды.

Шығыс Қазақстанда осы соңғы жол кең қолданылды. Өлкеде отырықшыландыру мен көшпенділерді орналастыру комиссиясының төрағасы Сырғабеков, ал орынбасары болып Нұржанов тағайындалған [2, 1б. Ескертпе: Шығыс Қазақстанның өлкетану мұражайы].

1928 жылы аймақта 3148 қазақ шаруашылығы 177 колхозға біріктірілді. Келесі жылы коммуна, артель, мал өсіретін серіктестіктер - 272, ондағы үйлер саны 4922-ге жеткен.

1933 жылы 16 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының көшпенділерін орналастыру және отырықшыландыру комиссиясының жиналысы болып, онда төмендегіше аудандарға шаруашылықтарды орналастыру туралы қаулы қабылданды [3, 1 б.]:

1. Зырян ауданы бойынша 220 қазақ шаруашылықтары мынадай колхоздарға кіргізілді:

- Қызылтау колхозына - 35 шаруашылық;
- Уразово колхозына - 20 шаруашылық;
- Александров колхозына - 40 шаруашылық;
- Ерназаров колхозына - 25 шаруашылық;
- «Красный партизан» колхозына - 30 шаруашылық;
- Пусинский колхозына - 25 шаруашылық;
- Трудовик колхозына - 45 шаруашылық.

2. Катон-Қарағай аудандарының мынадай ауылдық кеңестеріне бөлінуі туралы жоспары:

- Солдатово колхозына - 60 шаруашылық;
- Трушниково колхозына - 30 шаруашылық;
- Белое колхозына - 40 шаруашылық;
- Язовая колхозына - 30 шаруашылық;
- Фыкалка колхозына - 40 шаруашылық;

3. Шемонайха ауданының мынадай ауылдық кеңестеріне бөлу жоспары:

Крупская атындағы колхозға - 7 шаруашылық;

Ертіс атындағы колхозға - 50 шаруашылық;

Фарпост атындағы колхозға - 50 шаруашылық;

Буденный атындағы колхозға - 50 шаруашылық.

1933 жылы Өскемен ауданының 10 колхозына 356 көшпелі шаруашылықтар орналастырылды [4, 156.]. Өскемен ауданының Атқару комитетінің жұмысына көшпенділерді орналастыру қорынан 20 мың сом аударылды. Олардың барлығы тұрғын үйлермен, мүлікпен және тағы басқа заттармен толық қамтамасыз етілді десе де, Шығыс Қазақстан облысының өлкетану мұражайынан Өскемен ауданының «Трактор» коммунасының тек 10 отбасына тұрғын үй дайындап, қалған 15 отбасына материалдардың жетіспеушілігінен үй дайындалмағандығы туралы хабарлама жасаған коммуна төрағасының хаты табылды [5, 26.]. Яғни бұдан көшіп келушілерді колхоздар өздерінің жағдайларының нашарлығынан толық қамтамасыз ете алмағандығын көруге болады.

1931-1932 жылдар аралығында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру деңгейі Шығыс Қазақстан облысы бойынша мынандай болды [6, 158б.]:

1931 жыл			1932 жыл		
Отырықшыландыру жоспары	Оның ішінде ұжымдасқаны	Отырықшыландырылған шаруашылықтар	Отырықшыландыру жоспары	Оның ішінде ұжымдасқаны	Отырықшыландырылған шаруашылықтар
27,2	23,3	87,9	26,4	25,9	87

Бұл деректерден 1931 жылмен салыстырғанда 1932 жылы отырықшыландырылған шаруашылықтың ұжымдасқаны 2,6 пайыз артық болғанын көруге болады.

Өскемен ауданына 1933 жылы 690 шаруашылық орналастырмақ болып бірақ тек 365 шаруашылық орналасқан [7, 16.]. Соның ішінде 1174 жеке шаруашылық, онда 511 еркек және 663 әйел адамдар болған. Сонымен қатар, 12 жасқа дейінгі 229 бала және 12-16 жас аралығындағы 58 жасөспірімдер болған. Келген шаруашылықтардан жаңадан ешқандай колхоз құрмай, оларды 10 колхозға орналастырды. Оларға тұрғын үй ретінде 319 үйді жөндеп берген.

Отырықшыландыру қорынан мал сатып алуға 40 мың сом қаржы бөлініп, оған 40 жылқы, 143 сиыр, 74 тайынша, 52 бұзау, 379 қой-ешкі сатып алынған. Сонымен бірге азық-түлік, киімдерге де 456 сом бөлінген.

Бірақ 1933 жылдың 1 мамыр мен 25 шілде аралығында отырықшыландырылғандардың 20 адамы дизентерия мен туберкулезден қайтыс болған [8, 36.].

Сонымен бірге Шығыс Қазақстан облысына 1932 жылдың 5 мамырына дейін Батыс Сібірден 29 166 қазақ босқындары көшіріліп әкелінген. Ал, 14 500 адам сонда қалып қойған [9, 263б.].

Отырықшыландыру мәселесі бойынша бақылау комитетінің баяндамасы облыстық атқару комитетінің президиумында тыңдалып, қаралған. Баяндама бойынша облыста 1932-1933 жылдар аралығында 142 000 адам көшіп жүргеніне қарамастан 78000 астамы қайтып оралған. Отырықшыландыру шараларына жоспар бойынша 44000 адамға арналғандықтан нәтижесінде босқындардың жаппай келуіне байланысты кемшіліктер болған [10, 226.].

Облыс бойынша бұл шараларға қаржы бөлу мәселесі байыпты қаралмаған. 446 480 сом кредиттің тек 398 735 сомы, яғни 89,3 пайызы ғана колхоздарға беріліп, ал қалған қаржылар жұмсалмаған [10, 226.].

Өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуде жоспарлы түрде жүргізілмеген. Жоспар бойынша 263000 сомның тауары берілуі тиіс болса, оның 161 172 сомының немесе 99,5 пайызының ғана тауары берілген. Сонымен қатар, облыстық қамтамасыз ету одағы киім, аяқ-киім, қант, шай сияқты өте қажетті тауарлармен қамтамасыз етпеген. Ал жоспарды печенье есебінен орындаған. Оның өзі бір адамға 3 сом 04 тиын мөлшерінде берілсе, кейбір аудандарда (Жарма ауданында) 1 сом 69 тиыннан 30 сомға дейін мөлшерінде берілген. Яғни бұдан жергілікті органдардың өте қажетті тауарлардың жоспарын онша қажетті емес тауарлармен орындағанын көруге болады.

Азық-түлік көмегі де жоспар бойынша 40 960 ц. болса, оның 39 505 ц. ғана бөлінген. Тіпті бұл көмектер кейбір жағдайларда отырықшыландыратын шаруашылықтар бармаған аудандарға да бөлінген.

Жергілікті жерлерде оларды жеке адамға бөлу шаралары да әртүрлі деңгейде жүрген.

Осындай деректерде облыс бойынша отырықшыландыру жоспарына бөлінген қордың дұрыс жоспарланбай жүргізілгендігін байқауға болады.

Мемлекет бөлген кейбір азық-түліктер жеке адамдардың қалтасына түскендігі жөнінде де фактілер бар. Мәселен, 1932 жылы 26 қазанда болған Баян ауыл ауданының босқындарына бөлінген азық-түліктердің қорын тексеру актісінен көруге болады. Бұл ауданға әртүрлі азық-түліктер есебінен барлығы 137 751 кг аударылған [11, 93б.]. Жекелей түрде босқындарға 85 287 кг беріліп, ал толтырылмаған құжаттар негізінде 1401 кг бөлінген және тағы басқа орындарға беру нәтижесінде, барлығы 124 994 кг жұмсалған. Ал жетіспеген мөлшеріне керекті құжаттардың жоқтығына байланысты - 12 757 кг азық-түлігі жоқ болып шыққан.

Орталық комитеттің шешімі бойынша басқа облыстардан келген босқындар мен шет елге кетіп, қайтып оралған босқындардың орыс аудандарына орналастыру қолға алынғаны белгілі. Шығыс Қазақстан өлкесіне 7 мың қожалық келуге тиіс болған [12, 46б.]. Бұл қожалықтардың орналасқан жерлеріндегі жағдайлары өте нашар болғандығын мұрағат деректері дәлелдейді. Тұрмыс үйлері, азық-түлік жағдайлары, тіпті орыстармен қарым-қатынастары қиын жағдайда жүрді.

Көшіп-қонушылардың Семей көшіп-қону пункті бойынша 1929 жылдың 23 қыркүйегінің 1930 жылдың 18 қарашасына дейінгі аралықта 1448 адам өткен. Бұлардан басқа журналға тіркелмей өткені қаншама.

Мұрағат деректеріне үңілетін болсақ, 1933 жылы 29 қарашада жарық көрінген "Прииртышская правда" газетінің 275 номерінде Өскемен ауданының "Искра" колхозының төрағасы Карпов босқындарды орналастыру мәселесіне ешқандай шаралар қолданбағандықтан, олар азық-түлікпен, тұрмыс үйлермен қамтамасыз етілмегендігі туралы БК/б/ партиясының облыстық комитетінің хатшысы Стакун жазған [13, 10б.]. Және де ол босқындардың жағдайларының нашарлығына байланысты, оларды жаппай ауруға ұшырағандығы, нәтижесінде 14 адам қайтыс болып, 15 адам бұл жерден кетіп қалғандығын көрсеткен. Сонымен қатар, Стакун «Ударник», «Красная нива», «Трактор», «Прожектор», «Иртыш» колхоздарында қазақтарды, оның ішінде әйел адамдарды соққыға жығу фактілері бар екендігін жазған.

Мемлекеттік қордан отырықшыландыру үшін 1930-1932 жылдар аралығында 17 916,1 мың сом бөлінсе, 1933 жылы бұл мақсаттар үшін 2057,1 мың сом бөлінді [14, 18б.]. Оның көп бөлігі шаруашылық құрылыстарына, үй салуға, мәдени тұрмыстық құрылыстар салуға бөлінді. Тек қана 1933 жылы республика бойынша отырықшыландыру аудандарында 42 астық қоймалары, 22 ұстаханалар, 59 құдықтар, 4600 жаңа үйлер салынып, 56 000 ескі үйлер жөнделген.

Отырықшыландыру барысында босқындар мәселесі де өзекті болып табылады. Босқындардың өте көп қоныстанған жері – Риддер қаласы болды. Бұл жерге 1932 жылы Балқаштан 166 жұмысшы және олардың жанұясының 160 мүшесі келген болатын [15, 4б.]. Олардың жағдайының нашарлығы жөнінде облыстық жұмысшы-шаруа инспекциясының бақылау комиссиясының мүшесі Литкиннің 1933 жылы 27 сәуірде осы комиссияның төрағасы Жұбабаевқа құпия түрде жазған дерегі дәлел болады. Онда ол аштықпен, жағдайларының нашарлығынан әлсіреген қазақ жанұяларын Риддердің партиялық кәсіподақ басшылары жергілікті халық алдында тұрпайы түрде мазақ еткендігін және олардың тұрмысына дұрыс жағдай жасамағандығын атап көрсете отырып, сондай коммунистерді атаған. Олар - партияның қалалық комитетінің бұрынғы хатшысы – Михеев, азық-түлікпен қамтамасыз ету меңгерушісі - Бершейн, орман бөлімінің меңгерушісі – Романенко, орман бөлімінің прорабы - Софронов, бастауыш ұйымының хатшысы – Андреев. Литкин осы адамдардың тәртіптері партиялық жауапкершілікпен қаралып, қылмысты іс қозғауды Жұбабаевтан талап еткен.

Үш күн өткен соң, яғни 30 сәуір күні Литкиннен тағы да хат келіп онда ол Балқаш жұмысшыларының ағаш дайындау учаскесіне жіберілген жерінде, тағдыр талкегіне тасталғандығы жөнінде жазған [16, 10б.]. Онда босқындардың жағдайы туралы былай деп жазған: "Они умирали ежедневно почти на глазах партийного руководства, просили помощи, но их никто не слушал, им никто не помогал". Осы мәселені атқару комитетінде қарап жауапты 13 адам сотталған [16, 10б.].

Босқындардың хал-ахуалдары туралы тексеру жүргізген комиссияның баяндамасын тыңдаған аудандық комитет бюросы бұдан бұрын, яғни 1932 жылдың 6 қазанында бірнеше фактілерді қарастырған болатын [16, 12б.].

Онда мына фактілерді қараған:

1. Риддер қаласында өндірісте істейтін 552 жұмысшы қазақтар бірге тұратын 1686 адаммен қарастырғанда, тек 40 жанұя тұрғын үймен қамтамасыз етілген, ал 15-26 адам жағдайы келмейтін жерде тұрады (жерден қазылған землянкаларда).

2. Қазақтар арасында партиялық бұқаралық жұмыстар жүргізілмейді. Нәтижесінде қазақтар есебінен партия қатарынан өткендердің саны өспегендігі ескеріледі. Осы фактілерді қарастыра отырып, аудандық комитет бюросы Риддер қалалық жұмысшы-шаруа инспекциясының бақылау комиссиясының төрағасы Масленниковқа, комбинат директоры Солдатовқа, комитет меңгерушісі Кубышкинге қатаң сөгіс жариялаған.

Сонымен қатар, комиссия мүшелері мен дәрігерлері «Риддерзолото» комбинатының жұмыстан қуылып, пәтерден шығарылған жұмысшылардың тұрмыстық жағдайын тексерген [15, 46.]. Оны 1933 жылдың ақпан-наурыз айларында жүргізген. Актіде "Балхашстройдан" келіп, Журавлиха орман учаскесінде істеген 26 жұмысшының еңбек нормаларын орындамағаны үшін жұмыстан босатылғандығы, бірақ есеп айырысу болмағандығы және ақша төленбегендіктен 8-і аштан өлгендігі және баспанасыз қалғандықтан сүзек ауруына арналған № 6 барактың бөлмесіне кіріп, үсіген капуста және тағы басқа тамақ қалдықтарымен тамақтанғандығы көрсетілген. Өлген адамдардың денелері тоңғандықтан кигізге оралған күйінде табылған. Осы жұмыстан шығарылғандардың бәрі қазақтар екендігі таң қалдырады. Сонымен қатар ашыққандардың да тізімі белгіленген. Олар Құрықұсаев, 20 жаста, Балқаштан келген, жұмыстан нормасын орындамағаны үшін шығарылған. Екі баласы бар, әйелі аштан өлген. Оразакова 25 жаста, күйеуі балалары аштықтан өлген. Міне, осындай тізім жалғаса береді.

Босқыншылықтың 1930-1933 жылдар арасында кең көлемде болуы, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары өмірінде терең қасіретті із қалдырғаны белгілі. Босқыншылық отырықшыландыру шараларының бір құрамдас бөлігі болып табылады және ашыққан халықтың қолайлы жерлер іздеп, босқыншылыққа ұшырауына әсер етті. Босқыншылық тек Қазақстан территориясында ғана емес етек алған жоқ, сонымен қатар, қазақтардың шет елдерге кетуіне де мәжбүр етті.

Отырықшыландыру барысында қазақ шаруасының дәстүрлі шаруашылығын күйрету, әуелі мал шаруашылығын, одан кейін шаруалардың өзіне орасан зор апат әкелді. Халықтың табиғи-тарихи даму заңдылықтарын дер кезінде ескермеудің қандай қасіретке ұрындыратыны большевиктер жүргізген көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының күштеп ұжымдастыру және сол негізде жаппай отырықшыландыру саясатында нақты көрініс берді. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы зобалаңдар, байлар қожалықтарын тәркілеу және оларды әлеуметтік топ ретінде жойып жіберу саясаты, күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды.

1. *История советского крестьянства. - М., 1967. - 2-Том.-202-б.*

2. *Ш Қ Ө М. КП нв. - 7536. - 1 б.*

3. *Ш Қ Ө М. КП нв. - 7528. - 1 б.*

4. *Ш Қ О М А. 752-қор, 2-тізбе, 362а-іс. 15 б.*

5. *Ш Қ Ө М. КП нв. - 7527. - 2 б.*

6. *Шаумян М. От кочевья к социализму /М.Шаумян. - Алма-Ата, 1965.-158 б.*

7. *Ш Қ Ө М. КП нв. - 7537. - 1 б.*

8. *Ш Қ Ө М. КП нв. - 7532. - 3 б.*

9. *Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті /Т.Омарбеков.-Алматы, 1997. - 263 б.*

10. *Ш Қ О Қ 3 Т Қ О. 578-қор, 1-тізбе, 17-іс. 2-б, 22 б.*

11. *Ш Қ О Қ 3 Т Қ О. 578-қор. 1-тізбе, 40-іс, 3-б, 93 б.*

12. *Омарбеков Т. Қазақстанда босқыншылыққа қарсы күрес қашан басталды? /Т.Омарбеков*

//Қазақ тарихы.-1991. - № 1. - 46 б.

13. *Ш Қ О Қ 3 Т Қ О, 578-қор, 1-тізбе, 8-іс, 1-б, 10 б.*

14. *Ш Қ О М А. 752-қор, 2-тізбе, 362-іс, 18 б.*

15. *Ш Қ О М А. 40-қор, 2-тізбе, 102-іс, 4-б.*

16. *Ш Қ О Қ 3 Т Қ О. 578-қор, 1-тізбе, 8-іс. 10-б.*

Резюме

Данная статья посвящена истории насильственной коллективизации в Восточном Казахстане. В статье рассматриваются социально-экономические и демографические последствия коллективизации.

Summary

This article deals with the history of forcible collectivization in Eastern Kazakhstan. This article considers socioeconomic and demographic collectivization consequences.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ОҢТҮСТІК ӨЛКЕСІНДЕГІ КЕРУЕН ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ЖОЛДАР
(Сырдария облысы материалдары негізінде)**

Б.Ш. Сейдібаева–

Қ.А.Ясауи ат. ХҚТУ Тараз институты ізденушісі

М.Х. Асылбековтың еңбегінде көрсетілгендей, көлік және қатынас жолдар, капитализмде материалдық өндіріс саласының құрамдас бөлігі болып табылады. «Тау-кен өнеркәсібі, жер өңдеу және өңдеу өнеркәсібінен бөлек материалдық өндірістің төртінші саласы бар ... ол көлік өнеркәсібі». Расында да, тауардың өзіндік құнының (себестоимость) құрамына тасымалға кеткен шығындар да кіреді, сондықтан қатынас жолдар, өндірісте маңызды орын алған факторлардың бірі.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік өлкесі, Орта Азия және Ресей араларында сауданы дамытуда едәуір роль атқарған. Бұл елдерді бір-бірімен байланыстыратын, сондай-ақ Қытаймен жалғастыратын сауда жолдары осы өлкеден өткен [1].

Оңтүстік өлке қарастырып отырған кезеңде Қазақстанның өзге жерлеріне қарағанда сауда-экономикалық қатынастардың жоғары дамуымен ерекшеленді. Оған аймақтағы қала мәдениетінің дамуы, Ұлы жібек жолы тәрізді сауда жолдарының көптеген тармақтарының осы аймақты қамтуы, халықтың тығыз орналасуы тәрізді бірнеше себеп-салдарға байланысты болды.

Жалпы, қатынас жолдар, су жолы және құрлық жолы деп екіге бөлінді. Зерттелініп отырған кезеңдері, сауда тасымалы, құрлықтағы жолдар: керуен жолдар, тас төселген жолдар, темір жолдар және кеме жолдары арқылы жүзеге асты.

Керуен жолдар. Темір жолдар жүргізілгенге дейін сауда-саттықта керуен жолдардың алған орны ерекше болды. Ресей мен Қазақстан, Орта Азиялық хандықтар және басқа да Шығыс елдері арасын ұлан байтақ, шөлді, құмды жерлер алып жатты. Шөл «кемесі» аталған, түйе малынан басқа ешбір мал бұл жолға шыдамаған. Сондықтан керуен жолдар осы кезеңдері тиімді бірден-бір жол торабы болды.

Түркістан өлкесінде ежелгі замандардан бері, Европа мен Азияны байланыстыратын сауда жолдары өткен. Страбонның мәлімдеуінше Қытай мен Үндістанның қымбат тауарлары (дәмдеуіштер, жібек, хош иісті шайыр) Византия мен Римге Орта Азия арқылы келген.

Страбон, Александр Македонскийдің әскерінің құрамында болған Аристоклдың сөзінен жазып алғанындай: «Окс (Әмудария) өзені кемелердің жүзуіне өте қолайлы өзен. Индиялық тауарларды аталған өзенмен Гиркан (Каспий) теңізіне тасымалдап, ары қарай өзендер арқылы Эвксин понтына (Қара теңіз) шығарды».

Арабтардың кезеңінде, араб жазушысы Хирдадбенің айтуынша (865 ж.), орыс көпестері құндыз мен қара түлкілердің терілерін Еділ, Каспий және Орта Азия жерлері арқылы Үндістан мен Қытайға шығарған. Географ Массудидің (943 ж.) айтуынша, Еділ арқылы балтық жағалуына бет алған үлкен ховарезмийлік (хиуалық) тауарлар тиелген кемелер жүзген.

Орта ғасырларда Шығыс елдерімен жүргізілген сауда италияндық республикалар Венеция мен Генуяның қолына көшкен кезде, генуездіктер Қытай елімен Тану (Қара теңіздің жағасындағы қала), Сарай, Астрахань, Сарайшық, Үргеніш, Отырар және Құлжа арқылы сауда байланысын орнатты.

Африканы айналып өтіп Үндістанға баратын теңіз жолдың ашылуы (1498 ж.) және Әмір Темірдің билігінен кейін Орта Азиядағы саяси өмірдегі дағдарыс Түркістан арқылы өткен сауда байланыстарын ұзақ уақытқа тоқтатты [2].

Уақыт өте келе, Ресей империясының күшейіп, Қазақ даласы арқылы Шығыс елдерімен сауда байланыстарын жандандыруына байланысты, керуен жолдардың маңызы артты.

Ең алғашқы орыс керуені Ташкентке 1738 ж. жіберілді, және ол айтарлықтай нәтижелі болмады. Ең алғашқы Ташкент керуені де Орынборға дәл осы 1738 ж. жіберілді. Тройцк кедені бұдан кейінгі мезгілде ашылды, дәл айтқанда 1752 ж. Хиуа хандығына ең алғашқы орыс керуені императрица Елизавета Петровнаң тұсында жіберілді, ал ең алғашқы хиуалық керуен Орынборға 1738 ж. жетті [3].

Г.В. Колмогоровтың еңбегінде көрсетілгендей, ортаазиялық хандықтардың керуендері үлкен, орташа және кіші керуендер болып бөлінді.

Үлкен керуендер жылына бір рет тікелей Семей, Петропавл, Тройцк және Орынбор қалаларына барды. Олар 2000-2500 түйеден тұрды, әдетте жолды үш айда жүріп отырды, егер де далалы аудандарда айырбас жасау үшін тоқтайтын болса, жолға 4 немес 5 ай уақыт кетірді.

Орташа керуендер 300-1000 түйеден тұрды, жылына екі-үш рет келіп, орыстардың кедендік шекараларына көрінбеуге тырысқан.

Кіші керуендер көбіне 100 түйеден тұрды, бұл капиталы аз қоқан бұхар және хиуа көпестерінің керуендері, жылына бірнеше рет келіп, көбіне орыс ауылдары жоқ аудандарға келуге тырысты. Аталған үш керуендердің барлығы қазақ болыстықтарына тоқтап, тауарларын қарызға, қойдың есебінен беріп отырды [4].

Керуен түйелері бір бірімен тізбектеліп байланған арқанмен жалғасты, көш басында керуен қожайыны жүрді (керуен-басы). Түйе керуендерімен жүк тасымалдауды кәсіп қылған адамдарды кірешілер деп атады. Әр түйе, орташа есеппен, он алты-он сегіз пұт жүкті көтерді. Жүздеген шақырымға созылған шөлді жерлер арқылы өткен керуен жолдардың бойында құдықтар орналасты, бұл жерлерде керуен демалып, түнеген. Далалы керуен жолдардың бойында тұратын халықтың ең басты міндеті бұл құдықтарды жөндеп, тазалау етін.

Далалық керуен жолдарда түйенің маңызы қаншалықты жоғары болса, таумен өткен жолдарда да жылқының маңызы соншалықты жоғары болды. Себебі түйе табаны жұмсақ болғандықтан, таудың тасты жолдарына жарамаған.

Жол бойында керуендер, керуен-сарайларға тоқтаған, керуен-сарайлардың сауда жағынан алғанда маңызы өте жоғары болды, себебі онда барлық тауарлардың, шикізаттың экспорты мен импорты жүзеге асты, сонымен қатар керуен-сарайлардың ақпарат пен жаңалық орталығы ретінде маңызы болды, себебі онда келген саудагерлер өздерімен бірге, елде, шетелде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды алып келді. Керуен-сарайларда әр түрлі саяси және басқа да оқиғалар талқыланып, сауда келісімдері жасалды [5].

П.И.Пашиноның еңбектерінде көрсетілгендей Оңтүстік Қазақстандағы басты сауда жолдары төмендегідей болды.

Солтүстікте үш сауда жолы орналасты: Орынбор шебіне Орынбор, Тройцк қалаларына, Сібір шебіне Петропавловск қаласына және Семей қаласына бағытталды. Орынбор, Тройцк қалаларына Нижегородтық жәрмеңкеге арналған тауарлар, Петропавл қаласына – Ірбіт жәрмеңкесіне арналған тауарлар жіберілді, Семей қаласына – Сібір тұрғындары мен Құлжа мен Чугучак қалаларына арналған керуендер жіберілді [6].

П.И.Пашиноның мәлімдеуінше №1 Қазалы форты, Бұхар мен Хиуадан келетін екі керуен жолдың түйіскен жерінде орналасты. Ресейге барар жолда керуендердің кейбір бөлігі, фортқа соқпай, тікелей Орал бекінісіне барып, одан кейін Орск пен Орынборға екі жолмен жетіп, әкелінген тауарға салық төледі, алайда қайтар жолда керуендердің барлығы форт арқылы өтіп, жергілікті қазақтармен базарда саудаларын жасап, жүктерді тасымалдау бағаларын анықтап, келесі жылдың көктемі мен күзіне жүк тасымалдайтын түйелерді жалдау келісімдерін жасап кететін болған [7].

Хиуа хандығынан келетін керуендер Арал теңізінен 80 км. қашықтықтағы Майлыбас өткелі арқылы Сырдариядан өтетін. 1842 ж. дейін өткелге иелік еткен қазақтар жүргінші саудагерлерден белгілі мөлшерде төлем алған. Сонынан төлеу алу билігі Сырдарияның бірнеше жерінен өткел жасаған

хиуалықтар қолына көшкен. 1848 жылдан бастап тауар өткізуді Арал қамалының қазақтары өз қолына алады. Сол сияқты олар Шірін және Ақжар өткелдеріне де қожа болды.

Бұқарадан Троицкіге баратын керуендер Ақмешіт яки Үшқайық өткелдерінен өтті. Бұл өткелдердің иесі Қоқан зекетшілері болған. Олар өздерінің Сыр бойындағы қамалдарына арқа сүйеп, жергілікті көшпелі қазақтарды және шеттен келген керуендерді аяусыз тонап жүргіншілерге, ауыр салықтар салған. Мәселен, үстіне жүк артылған әр түйеден 40 тиын күміс ақша алым алған.

Шымкент қаласының керуен саудасы саласындағы ролі ерекше болды. Ташкентте тұратын керуен басыларының бәрі дерлік Бестамғалы руынан (Ұлы жүз) шыққан адамдар болған осыған орай қазақ арасында: «Бестамғалы барса, келмеске де барады» деген мақал тараған – барлық керуендерді бестамғалықтар басқарған. Олар Орынбор, Тройцк, Петропавл, Семей, Құлжа, Чугучак қалаларына керуендерді жеткізу тапсырыстарын көптеп алды. Бестамғалықтар өте адал, әділ әрі ұқыпты халық болған. Керуендердің барлығы Шымкент арқылы өтпеген, Сібір шебіне бағыт алған керуендер Сайрам арқылы өткен. Орынбор шебіне бағыт алған керуендер міндетті түрде Шымкент арқылы өткен [8].

Әулиеата қаласы арқылы солтүстікке – Ақмола және Петропавл арқылы Омскіге баратын керуен жолы өтті.

Осылайша, Ресейдің қол астына өткеннен кейін, бірте-бірте Түркістан генерал-губернаторлығының оның ішінде, Оңтүстік Қазақстан өңірінің Ресей мен Орта Азия хандықтары сауда қарым-қатынасындағы маңызы артты. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі №1 Қазалы, Перовск форттары, Әулиеата, Шымкент, Түркістан уездері Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда қарым-қатынасының дамуында зор роль атқарды. Әсіресе, № 1 Қазалы фортының Ресей империясы мен Орта Азия хандықтары арасындағы сауда қарым-қатынасында алатын орны ерекше, себебі Орта Азиялық хандықтар мен Ресейді байланыстыратын басты керуен жолдары осы жерден өткен, осыған байланысты форттың саудада оның ішінде транзиттік саудадағы маңызы жоғары болды.

Губаревич-Радобыльскийдің еңбегінде көрсетілгендей, XIX ғасырдың 50-жылдары бес миллион халқы бар Орта Азия мен Ресей арасындағы сауда байланысында сауда айналымы капиталының аз болуы ең алдымен қатынас жолдардың нашар болуына байланысты болды. Орта Азия орталықтары мен Орынбордың арасында, 2000 вёрстке созылған ұлан байтақ кеңістік жатты. Керуендер жылына екі рет Бұхар хандығынан, 2-3 рет Ташкенттен шыққан, олардың әрқайсысында бірнеше мың түйеден болды. Бірінші керуен Бұхар хандығынан 15 ақпан айынан бастап шықты.

Бірінші керуен Орынборға тек мамыр айының екінші жартысында кейде маусымның ортасында жеткен. Екінші керуен Бұхар хандығынан мамыр айының басында шығып Орынборға шілде айының ортасында жеткен.

Бұл керуенмен неғұрлым құнды тауарлар келген, олар көбіне Орынбор шептеріне емес, Төмендегі Макарьев жәрмеңкелеріне шығарылды. Тройцкіге керуендер Бұхар хандығы мен Ташкенттен дәл Орынбордыкімен бірдей мерзімде шыққан. Ресейден Бұхараға керуендер күз мезгілінде шыққан, екеуі Орынбордан, үшеуі Тройцкіден. Ташкентке керуендер Тройцк бекінісінен басқа Сібір шебіндегі Петропавловск арқылы да барған. Сібір жолы арқылы Ташкентке әкелінген тауарлар мөлшері басқалармен салыстырғанда аз болды. Бұл кезеңде Ресей мен Орта Азиялық хандықтар арасындағы барлық сауда айналымның 75%-ы Бұхар хандығы үлесіне тиді.

Тауар екі-үш ай бойы түйемен тасымалданған, сауда байланысының осындай жағдайында тауар айналымды қарқынды дамыту мүмкін емес етін.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Орта Азия арасындағы сенімді және экономикалық жағынан рентабельді көлік байланысының болмауы сауданың қарқынды дамуына кедергі жасаған факторлардың бірі болды. Жүкті тасымалдаудың керуен әдісі метрополия мен отар ел арасындағы экономикалық байланысты кеңейтуде негізгі кедергіге айналды.

Жүкті тасымалдудың керуен әдісінің тиімсіздігі жайында, көптеген мұрағат деректерінен алынған мәліметтер растайды.

Ташкенттен Орынборға барған керуендер жолға кем дегенде, үш ай уақыт жұмсаған. Ал Орта Азиядан Мәскеуге және Нижний Новгородқа тауар тасымалдау үшін 5-6 ай мерзім қажет болды.

Тасымалдың қымбат болуы тауар айналымға кедергі жасады, тауардың кейбір түрлері мүлдем сыртқа шығарылмады, себебі тасымалға кететін шығындар ол тауардың өз бағасынан бірнеше есе көп

болды. Сонымен қатар, керуенмен тасымалдау кезінде сыртқы кездейсоқ жағдайларға тап болды. Тонаушылардың шабуылы, түйелердің жаппай қырылуы, шөлді, шөлейтті аймақтарда жем-шөптің тапшылығы, ауа-райының қолайсыздығы. Көп жағдайда, тасымалдаушылар жарты жолға келгенде тауарларды тастап, басқа жүктерді неғұрлым жоғары ақыға тасымалдауға кетіп қалатын болған. Осындай әдіспен тасымалдау тауар сапасына үлкен зиян келтірді.

Керуен тасымалындағы айтарлықтай кемшіліктер, орыс және жергілікті көпестердің әкімшілікке жазған көптеген арыздарында да айқын көрінді.

Көпестердің арыздарының ең басты мазмұны төмендегідей болды: Орынбордан Ташкентке дейін жүк тасымалдау уақыты бұның алдындағы 55-70 күннің орнына 90 күнге созылып кетті, соның өзінде тауарларды уақытылы жеткізген жоқ, жүктердің сақталуын ешкім қамтамасыз еткен жоқ, тасымадаушылар жүкті жеткізуде ешқандай жауапкершілікке тартылмады.

Көпестер әкімшілікке жағдайды түзету үшін бірнеше ұсыныстар жасады, атап айтқанда, тасымалдаушылардың арнайы құжаттары болып, олар тауарларды тасымалдау кезінде жүктің уақытылы және бүтін жеткізілуіне толығымен жауапты болуы тиіс.

Түркістан әкімшілігі жүкті тасымалдауды жақсартуға бағытталған бірнеше іс-шараларды жүзеге асырғанымен, тасымалдаудың керуен әдісіндегі негізгі кемшіліктері шешімін тапқан жоқ.

XIX ғасырдың 80-жылдары тасымалдаудың керуен әдісі, өлкенің экономикалық дамуына, Қазақстан, Орта Азия мен Ресейдің өсіп келе жатқан шаруашылық байланыстарына сәйкес келмеді, олардың дамуын тежеді.

Теміржолдардың жоқтығы Орталық Ресей мен Қазақстан арасындағы пошта байланысын да қиындатты.

Осылайша, жетпісінші жылдары патша үкіметінің алдында темір жол құрылысын жүргізу арқылы Қазақстан, Орта Азия мен Орталық Ресей арасындағы көлік байланысын түбегейлі жақсарту міндеті тұрды. Темір жолдарды жүргізудің қажеттігі бірқатар саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық себептерге байланысты болды [8].

Темір жолдар. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда қатынасын күшейткен фактордың бірі – теміржол құрылысы болды.

Қазақстанның оңтүстігі арқылы өткен ең басты жол торабы Ташкент қ. арқылы өтетін Орынбор-Ташкент темір жолы болып табылады. Бұл темір жол 1901-1905 жылдары салынып, Орта Азия мен Қазақстанды Ресеймен байланыстырды.

Орынбор-Ташкент темір жолының қысқаша тарихына тоқталар болсақ, Орынбор-Ташкент темір жолын салуға, оның алдында жүргізілген Ортаазиялық темір жолдың әсері үлкен болды. 1880-1888 жылдардың өзінде Түркияны жалуап алу мақсатында Ресей үкіметі әскери ведомствоның талабы бойынша Каспий форты Красноводскіден Самарқанға дейін созылған Каспий сырты темір жолын салған болатын, 1899 ж. бұл жол Ташкентке дейін жеткізілді. 1900 жылдан бастап бұл жол Ортаазиялық темір жол деп атала бастады, ұзындығы 2 368 верстке тең болды.

Бірақ Ортаазиялық темір жолды пайдалану барысында бірқатар қиыншылықтар мен қолайсыз жағдайлар орын алды. Ең алдымен бұл жол айналмалы жол еді. Мәселен, Түркістаннан Ресейге мақта жүктерін тасымалдау үшін, Бұхар және Каспий сыртқы облысы арқылы айналып өту қажет болды. Красноводскіде (немесе Ұзын-Уде жерінде, егер жүкті Кавказға тасымалдаған болса) мақтаны теңіз кемелеріне тиеді, ал Астраханьда – өзен кемелеріне тиеп, Еділ өзені арқылы тасымалданып, төменгі ағысында қайтадан вагондарға артылған. Сөйтіп, қайтадан темір жолдар арқылы – Мәскеу, Варшава, Лодзи және т.б. қалаларға жеткізілді. Нәтижесінде көптеген тасымал шығындарына кеткен қаражатқа байланысты, тауардың құны да жоғарылады, оның үстіне тасымал ұзақ уақытты алды.

Сонымен қатар қыс мезгілінде Каспий теңізі жағалауындағы сулардың және Еділ өзеніндегі кеме жолының ұзақ уақытқа тоқтап (мұз қатып) тұруына байланысты, ортаазиялық тауарлардың Ресейге шығуына кедергі жасады. Басқа да кедергілер болды: жолдың техникалық жағынан жетілдірілмеуі, Иран шекарасындағы шекаралық қақтығыстар. Осы аталған кемшіліктердің барлығы Орта Азия мен Орталық Ресейді байланыстыратын жаңа қысқа жолды салу қажеттігін туғызды.

1899 ж. көптеген талас-тартыстардың нәтижесінде Ресейдің билеуші топтары Ташкент пен Ресейді байланыстыратын неғұрлым қысқа жол салу қажеттігін анықтады. Онда екі бағыттың біреуін: Орынбор-Ташкент немесе Саратов-Чарджуй бағытын таңдау қажет болды. Осы мақсатта 1899-1900 жылы екі

бағыттың техникалық тексерістері жүргізілді. Екі бағыттың ішінде Орынбор-Ташкент бағыты тиімді деп танылды. Осылайша, байланыс жолдар министрі М.И. Хилков Әскери министр Куропаткин ұсынған: Орынбор-Ақмола-Қазалы-Перовск-Түркістан-Ташкент бағыты жобасын мақұлдап, 1901 ж. 21 сәуірде өкімет Орынбор-Ташкент бағытындағы темір жол құрылысын мемлекет қаржысы есебінен салу туралы шешімге қол қойды.

Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы: мақта тауарының (Орта Азиядан) және нан тауарының (Поволжьеде) ең тиімді тасымалы қамтамасыз етілді, және шекарада соғыс бола қойған жағдайда, Орта Азияға әскерді жеткізудің ең ыңғайлы әрі қысқа жолы болды. Патша үкіметі темір жолды салуда Қазақстанның пайдасы немесе мүддесін көздеген жоқ, соған қарамастан аталған темір жол Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланысында үлкен роль ойнады және өлкедегі тауарлы қатынастардың дамуына үлкен әсер етті [9].

Өлкенің дамуына темір жолдың жүргізілуі үлкен әсер етті. Темір жолға жақын орналасқан аудандарда, өнеркәсіп пен кәсіпкерліктің интенсивті қалыптасу процесі жүріп жатты. М.Х. Асылбековтың пайымдауынша «темір жолдардың салынуы, темір жол бойындағы аудандардағы кәсіпорындардың ішінде, ең алдымен мал шаруашылығы шикізатын өңдейтін өндірістердің дамуына түрткі болды». Бұған дәлел ретінде Сырдария облысындағы фабрика-заводтардың негізгі бөлігі Ташкент, Перовск, Қазалы, Шымкент (темір жолдың бойында орналасқан) уездерінде салынғандығын келтіруімізге болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, темір жолдар салынғанға дейін, Орта Азиядан Ресейдің орталық аудандары Мәскеу мен Петербург қалаларына тауарды тасымалды үшін бес-алты ай уақыт кетсе, темір жолдар жүргізілгеннен кейін, бұл жолға бар болғаны 7-9 тәулік жұмсалды, әрі тасымалдау құны да өте арзан болды.

Орынбор-Ташкент темір жолы Ортаазиялық темір жолмен қатар Түркістан өлкесінде мақта шаруашылығының дамуына ықпал жасады. Сырдария облысына темір жол желісі жүргізілгеннен кейін мақта егістіктері ауданы 1913 ж. 4,5-5 есе артты, 1905 ж. мақта дақылы тек 13,2 мың дес. алса, 1913 ж. 62,5 мың десятинаға жетті. Осыған сәйкес матаның экспорты да артты: 1900-жылдары облыстан бар болғаны 5-6 млн. п. мақта шығарылса, 1906 ж. 9 млн. п., 1913 ж. 13,7 млн. пұт мақта шығарылды, яғни экспорт 2,5 есе өсті. Мақтаның негізгі бөлігі Орынбор-Ташкент темір жолына Ортаазиялық магистральдан транзиттік жолмен түсті, тек шамалы бөлігі ғана (400 мың пұт) – Ташкент және Келес станциялары (Сырдария облысынан) мен Қазалы (Хиудан керуенмен әкелінді) станциясынан түсті.

Темір жолдың жүргізілуі нәтижесінде, темір жол және ортаазиялық қалалардың қажеттіліктеріне байланысты, сексеуілдің экспорты өсті, олар негізінен Перовск уезіндегі Шиелі, Тар-Тоғай, Төмен-ары, Байғақұм станцияларынан шығарылды. 1905 ж. 990 626 п. сексеуіл шығарылса, 1906 ж. 3 013 521 п., 1907 ж. 5 869 227 п. сексеуіл шығарылды.

Орынбор-Ташкент темір жолы магистралінің Қазақстандағы балық аулау шаруашылығының дамуында алған маңызы жоғары болды. 1905 ж. Сырдария облысына барлығы 308 600 п. балық шығарылса, 1910 ж. 1 919 мың п. балық шығарылды, яғни 5 жылдың ішінде балық экспорты 6 есе өсті.

Қазақстан мен Орта Азияға аталған темір жол арқылы мануфактуралық, бакалеялық тауарлар, темір, шойын, егін шаруашылығына қажетті машиналар, мұнай, керосин, көмір, құрылыс және орман материалдары және т.б. заттар әкелінді. Жолдың жалпы жүк айналымы 111 935 346 пұттан (1906 ж.) 163 308 466 пұтқа өсті (1913 ж.).

Орынбор-Ташкент темір жолының тауар айналымында Торғай, әсіресе Сырдария облысының алатын орны ерекше болды. Мысалы, 1913 ж. Сырдария облысынан барлығы 18 164 803 п. тауар шығарылса, 21 442 675 п. тауар сырттан әкелінді.

Осылайша, Орынбор-Ташкент темір жолы Сырдария және Торғай облыстарын капиталистік өнеркәсіп үшін шикізат көзі мен өткізу рыногына айналдырды, бұл жағдай бүкіл Қазақстанға тән жағдай еді [12].

Теміржолдың салынуы қоныс аудару процесінің күшеюіне де әсер етті. 1893-1910 жж. арасында, толық емес деректер бойынша Ресейдің түрлі губернияларынан Сырдария облысына 156 мың орыс шаруалары қоныс аударды.

Орынбор-Ташкент темір жолы жүргізілгеннен кейін, 1912 ж. 28 мамырда Жетісу темір жолы

акционерлік қоғамын құру туралы өкім бекітілді, оның құрылтайшылары А.И. Путилов пен инженер А.А. Бунге болды.

Жол салу жұмыстары 1914 жылдың жазында Арыс станциясы жағынан басталды. Келесі жылдың қыркүйегіне қарай рельсті жол Шымкентке жетті, сөйтіп Арыс пен Шымкент арасында 10 қазаннан уақытша тауар және жолаушылар тасыла бастады. Құрылыс басталғаннан кейін үш жылдан астам уақыт өткен соң жол тек Бурное станциясына дейін жетті.

Ресей империясының отарлау әрекеттері негізінде Қазақтанның оңтүстігі жаңа экономикалық аймаққа айналды. Алғашқыда әскери-стратегиялық мақсатта салынған темір жолдар, бертін келе қазақ жерінің табиғи байлығын Ресейге таситын және ол жақтан өнеркәсіп өнімдерін елімізге жеткізетін маңызды жол торабына айналды.

Кеме жолдары. Александр Иванович Бутаков Қазақстан мен Орта Азияны оның ішінде Арал теңізін бірінші болып зерттеп, оған тұңғыш кеме түсіріп, су жолын ашқан теңізші-географ. Ол Арал теңізінің суын, оның тереңдігін, жағаларын зерттеді. 1848 ж. бұрын ғылымға белгісіз, көлемі 216 мың шаршы километр «Возрождение» аралын тапты. Сол жылғы 23 қыркүйекте «Константин» кемесін Сырдария сағасына әкеп тоқтатты.

1850 ж. А.И. Бутаков Арал теңізінен Петербургке келгеннен кейін, екі кеме жасату үшін, Швецияға барады. Ол «Перовский» мен «Обручев» аттарындағы кемелерді 1852 ж. Сырдарияның төменгі ағысындағы Райым селосына әкеліп қойып, 1853 ж. оларды Арал теңізіне түсіріп, теңізбен алғашқы кеме жолын ашады. Бұдан кейін Арал теңізі жан-жағымен байланысып, экономикасы көтеріліп, онда балық шаруашылығы жолға қойылады.

1860 ж. А.И. Бутаковты Петербургке тағы шақырып, темірлеген екі кеме жасатып әкелу үшін Англия, Америкаға қызметтік іс-сапарға жібереді. Ол осыдан «Арал», «Сырдария» деген кемелерді 1861 ж. Қазалыға әкеліп, оларды Арал суына салып, теңізде кеме жолын күшейте түседі.

А.И. Бутаковтың Арал теңізіне кеме жолын түсіріп, Сырдария мен Амударияның төменгі ағыстарымен кеме жүруіне болатындығын анықтауымен байланысты Қазақстан мен Орта Азия арқылы Шығысқа, Қытайға баратын қауіпсіз сауда қарым-қатынасы жолы ашылды. Бұл өз кезегінде үлкен жаңалық болды [10].

Арал теңізіндегі кеме жолының бастапқы нүктесі теңіздің солтүстік-шығысында орналасқан Сары-Шығанақ болды, онда Арал ауылы (басқаша Аральск-Порты) орналасты. Бұл жерде теңіз «Арал теңізі» деп аталатын станция арқылы Ташкент темір жолымен байланысты. Теңіздегі кеме жолының соңғы нүктесі Тоқмақ-ата аралындағы Мойнақ балық кәсібі болды. Бұл жолдың арасы 375 вёрстке тең болды, және қолайлы жағдайда кеме жолды 40 сағатта жүзіп өткен.

Арал теңізіндегі кеме жолының ең басты міндеті, біріншіден, ондағы балық кәсіптеріне қызмет көрсету, екіншіден, Амударияның төменгі жағындағы Хиуа оазисі арасындағы тауар айналымды қамтамасыз ету. Н. Бенцелевичтің еңбегінде көрсетілгендей, 1912 жылдары Арал теңізінде барлығы 60 желкенді кеме жүзді, олар салмағы 3 мың – 6 мың п. аралығындағы жүкті тасымалдаған. «Хиуа» акционерлік қоғамына тиесілі үш кеме болды, оның біреуі порт кемесі ретінде тек Арал ауылы маңында жүзді, қалған екі кеме теңіздегі тұрақты қатынас жолын қамтамасыз еткен [11].

Осылайша, Қазақстанда қатынас жолдардың дамуы, оның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге әкеліп соқты. Темір жол желілеріне іргелес жатқан аудандарда дәнді-дақылдар мен мақта өсіру, шөп шабу, балық және тұз кәсіпшіліктері дамыды. Жолдардың салынуы шаруалардың қоныстануына жәрдемдесті. Қала халқының саны өсті және ең алдымен темір жол желілерін бойлай орналасқан қалаларда өнеркәсіп дамыды. Темір жолдар Ресейдің орталығын бұратана шет аймақпен берік байланыстырып, сол арқылы бүкіл империя бойынша біртұтас экономикалық кеңістік жасады [12].

Темір жол салынғаннан кейін Сырдария облысының саудадағы маңызы арта түсті: Ферғананың тауарлары осы облыс арқылы Европалық Ресейге тасымалданды, Жетісу мен Сібірге және керісінше, тауарлар Сырдария облысы арқылы тасымалданды, облыстың өзінен Европалық Ресейге және Сібірге тауарлар жылдам және арзан бағамен жеткізілді, осы аталған жағдайдың барлығы сауданың дамуына игі әсерін тигізді.

Орта Азия мен Қазақстанда темір жолдардың салынуы өлкенің жалпы ресейлік нарыққа енуін жылдамдатты. Бұл өз кезегінде жекелеген аудандардың шаруашылығының мамандануына алып келді. Мысалы, Сырдария облысының бірқатар аудандары мақта өсіруге маманданса, Жетісу облысының

бірқатар аудандары астық өсіруге маманданды. Өз кезегінде бұл облыстар арасындағы қарқынды айырбасқа ұласты, нәтижесінде экономикалық байланыстардың өсуіне байланысты облыс тұрғындары тауар-ақша қатынасы орбитасына кеңінен тартыла бастады.

1. Михалев Г.А. «Торговые и посольские связи России со Среднеазиатскими ханствами через Оренбург» (2-я половина XVIII – 1-я первая половина XIX в.). – Ташкент, 1982. - 92 с. (С. 88).

2. Материалы для изучения хлопководства. Выпуск II Знач. Турк. в торг. России с сопредельными странами Азии. Сост. член комис. А.Ф. Губаревич-Радобильский/Под. общ. ред. Сенаторского комитета И. Малаховского. - СПб., 1912. - 239 с. (С. 5-6).

3. Бұл да сонда... С. 13-15.

4. Колмогоров Г.В. О промышленности и торговле в Киргизских степях Сибирского ведомства. 1850 г. - 39 с. (С. 33-36).

5. К. Старков. Караванные пути и караван-сарай в Средней Азии // Новый Восток. - 1924. - №6. - С.198-204.

6. Пашино П.И. «Туркестанский край в 1866 г. Путевые заметки П.И.Пашино». - Спб., 1868. - 176 с. (С. 157).

7. Бұл да сонда... С. 27.

8. Бұл да сонда... С. 82.

9. Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX – начале XX века. // Казахстан в канун октября. – Алма-Ата, 1967. - С. 178-213.

10. Нұғман Баяндин. Саяхатшылар ізімен. – Алма-Ата: Қазақстан, 1966. - 208 б. (62-64-бб.).

11. Бенцелевич Н.А. Водные пути Туркестана. - СПб., 1914. - 249 с. (С. 122-128).

12. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2001. - Т.3. - 579-584-бб.

Резюме

В данной статье всесторонне изучается история караванных путей, а также становление и развитие железнодорожных путей сообщения на территории Южного Казахстана во второй половине XIX – нач. XX в. (по материалам Сырдарьинской области).

Summary

In this article comprehensive and theoretical study history of caravan's ways, also getting and development railways in territory Southern Kazakhstan at second half of XIX c – beginning XX c (from material of Sirdarya region).

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА НАСЕЛЕНИЯ ТРУДОИЗБЫТОЧНЫХ РЕГИОНОВ в 70-90-х годах (на примере Южного Казахстана)

Л.Раимбекова –

отдел практики и трудоустройства КазНПУ им. Абая

Этнодемографическая ситуация в Южном Казахстане на протяжении исследуемого периода имела свои особенности и отличия от остальных регионов страны. Прежде всего, регион был самым крупным по численности коренного казахского населения, но в национальном составе значительную долю составляли представители восточных этносов, а в составе городского населения преобладали русскоязычные. Казахское население проживало главным образом в сельской местности, где было гораздо меньше возможностей для трудоустройства. Тем более, что регион на протяжении длительного исторического периода формировался как трудоизбыточный, причем трудоизбыточность являлась более характерной именно для коренного населения. Рассмотрим изменение численности и этнического состава населения региона в 70-90-х годах XX столетия.

В целом по Казахстану за период с 1970 по 1980 гг. численность населения увеличилась с 13009

тыс. чел. до 14858 тыс. В том числе произошло увеличение численности и в Южно-Казахстанской области: с 1288 тыс. чел. в 1970 г. до 1592 тыс. чел. в 1980 г. Область оставалась наиболее крупной по численности населения в республике и наиболее плотно заселенной после Алма-Атинской области. Динамика численности населения Южно-Казахстанской области приводится далее в таблице 1 [1].

Таблица 1 – Численность населения Южно-Казахстанской области в 1970-1999 гг. (тыс. чел.)

	1970	1980	1999
Казахстан	13009	14858	14957,8
Южно-Казахстанская область	1288	1592	1973,7

Из приведенных данных следует, что население Южно-Казахстанской области в процентном отношении составляло более 1/9 всего населения республики. Область оставалась преимущественно аграрной, сельское население довольно значительно преобладало над городским. В то же время следует обратить внимание на то обстоятельство, что за период 1970-1999 гг. численность населения Казахстана увеличилась незначительно, а численность населения в Южно-Казахстанской области увеличилась за этот же период почти на 700 тыс. чел.

По численности населения ЮКО занимает первое место в республике. На ее долю приходилось 12,5% населения РК в 1998 г., в то время как в 1990 г. - 11,2%, что объясняется как приростом численности населения области, так и уменьшением численности населения в целом по Казахстану. Если сравнивать ежегодные темпы роста численности населения, то заметна тенденция к ее снижению. Так, в 1995 г. численность населения увеличилась на 1,2% к уровню 1994 г., в 1996 г. - на 1,3% к уровню 1995 г., а в 1997 г. на 0,4% в сравнении с 1996 г., а 1998 г. снизилась на 1,4% к предыдущему году.

По удельному весу городского населения ЮКО является менее урбанизированной территорией Казахстана. Доля сельского населения в 1,7 раз превышает численность городского, что объясняется особенностями регионального развития: сложившаяся отраслевая структура экономики, природно-климатические, исторические, социо-культурные факторы, повлиявшие на развитие области.

Отмечая изменение численности населения Казахстана в период 1970-1990 годов, необходимо подчеркнуть, что естественный прирост становится главным источником воспроизводства населения. Этот факт во многом обусловлен тем обстоятельством, что, начиная со второй половины 60-х годов, наблюдается усиление миграции населения за пределы республики. Согласно статистическим данным, характеризующим уровень рождаемости, смертности и естественного прироста населения Казахской ССР в 1970-89 гг., абсолютные показатели рождаемости среди городского населения после значительного падения во второй половине 60-х годов, когда число родившихся составило всего 119.600 человек (то есть, опустилось до уровня 50-х годов), начиная с 70-х годов имели тенденцию к повышению вплоть до 1988 года. [2]. Так, если в 1970 году число родившихся жителей составляло 306,6 тысяч человек, то в 1980 году этот показатель вырос до 356,0 тысяч человек. Одновременно, число умерших в 1970 году составляло 78,4 тысяч человек, но в 1980 году этот показатель достиг значения в 119,1 тысяч человек. Показатели естественного прироста населения, соответственно, составили 228,2 тысяч и 236,9 тысяч человек.

Таким образом, можно отметить, что в период с 1970 по 1980 гг. высокий уровень естественного прироста населения был обеспечен высокими показателями рождаемости, несмотря даже на то обстоятельство, что в 1980 г. в сравнении с 1987 г., когда был достигнут самый высокий начиная с 1940 г. показатель (216,5 тыс. чел.), количество рожденных сократилось на 11 %.

Наиболее высокий уровень естественного прироста населения наблюдался в Южно-Казахстанской области, что связано с исторически сложившимся высоким уровнем рождаемости.

В то же время нельзя не отметить тот факт, что начиная с 1970-х годов вплоть до 1984 года (включительно) наблюдалось увеличение числа умерших на 73% (с 42,7 до 73,7 тысяч чел.). С 1940 года (коэффициент 39,9), коэффициент рождаемости стремительно падал и к 1970 году достиг уровня 19,7 (заметим, что это самый низкий показатель за 50 лет начиная с 1940 года). Характеризуя же изменения коэффициента рождаемости за период 1970-90 гг., можно отметить следующие моменты. Рост данного

показателя начиная с 1970 года (19,7) до отметки 22 человека на 1000 жителей в конце 70-х годов. В период с 1980 по 1983 гг. сохранялась стабильность на уровне 22-23,5 человек.

Показатели смертности за период с 1970 по 1989 гг. не содержат существенных колебаний, ее значения придерживаются отметки 7-8 умерших на 1000 чел. населения. Максимальный показатель был зафиксирован в 1984 г. (8,4), а минимальный в 1970 г. – 6,5 чел. Начиная с 1970 года в течение 10 лет, смертность выросла на 25 % и достигла 8,1 чел. на 1000 чел. населения. В 1980 г. и этот показатель сохранялся без существенных изменений вплоть до 1985 г. В период же с 1986 по 1989 год коэффициент умерших составлял 7,4-7,7 чел.

Говоря же о коэффициентах естественного прироста, нельзя не отметить, что для 70-80- х годов характерно снижение данного показателя в расчете на 1000 чел. населения по сравнению с предыдущим периодом. Так в 1970 г. значение естественного прироста составляло 13,2 чел. В последующие годы происходит повышение показателей до 15,9 чел. в 1987 г.

Наибольшие значения естественного прироста населения были характерны для южных областей Казахстана, и, прежде всего, Южно-Казахстанской. Южно-Казахстанская область, аграрная и трудоизбыточная, продолжала оставаться на первом месте по уровню рождаемости. В области в 1980 г. имелось 285,6 тыс. семей, из которых 78,4 тыс. состояли из 7 человек и более. [3]. Как мы видим, средний размер семьи в Южно-Казахстанской области составлял 5,2, то есть средний размер семьи в области предполагал наличие трех и более детей. Область находилась на первом месте в республике по размеру семьи, причем высокий процент составляли многодетные семьи с количеством 6, 7 и более детей.

1970-80-е гг. характеризовались изменением положения дел и в этнодемографической картине населения городов. Необходимо отметить, что показатели урбанизации среди казахского населения в рассматриваемый период имели тенденцию устойчивого роста. Так, в 1970 году уровень урбанизированности казахов и русских различался вдвое, тогда как в 1926 году эта разница была в десять раз. Повышение доли казахов в составе городского населения было связано как с увеличением миграции из сельской местности, так и с более высоким уровнем рождаемости. Нельзя не отметить также отрицательное сальдо внешней миграции. Начиная с 1970 г. наблюдается устойчивая тенденция повышения доли казахов в численности населения городов до отметки 27 % (с приростом на 10%), что в абсолютном значении составило 1391007 чел. (рост с 1115299 до 2506306 чел.).

В совокупности доля казахского и русского населения городов составляла: в 1970г. – 75 %, в 1979 г. – 77%, тогда как доля населения других этнических групп имела тенденцию к снижению: в 1970г. – 25 %, в 1979 г. – 23 %. Одновременно происходило численное увеличение городского населения всех национальностей.

Рассматривая изменения в этнической структуре городского населения Казахстана, нужно отметить, что общей тенденцией является процесс неуклонного повышения доли тюркских этносов (казахов, узбеков, уйгур, азербайджанцев и др.), при одновременном снижении доли славянских народов. Данные процессы явились выражением имевшей место миграции русского, украинского, белорусского населения за пределы республики, а также низкими показателями естественного прироста у данных народов, при, напротив, более высоких аналогичных показателях среди представителей тюркских этносов. Говоря об изменениях в этническом составе населения городов по Южному региону, необходимо отметить, что в частности период 1979-1989 гг. характеризовался существенными изменениями в пропорциях казахского и русского населения (см. таблицу 2) [4].

Таблица 2 - Основные этнические группы в структуре национального состава областей Южного Казахстана в 1979-1989 гг.

	Казахов		Русских		Др. национальности	
	1979	1989	1979	1989	1979	1989
Алматинская	13,9	19,3	59,2	55,8	26,9	24,9
Джамбульская	22,2	32,2	49,1	41,8	28,7	26
Кзыл-Ординская	63,2	60,5	24,2	20,1	12,6	9,4
Талды-Курганская	19,1	27,6	58,5	50,9	22,4	21,5
Чимкентская	31,4	40,9	38,2	30,8	30,4	28,3

Согласно приведенным данным, во всех областях региона, кроме Кызыл-Ординской, наблюдалось увеличение численности казахского населения. Самый значительный прирост пришелся на Джамбульскую (10%), Чимкентскую (9,5%) области. Уменьшение доли казахов имело место только лишь в городских поселениях Кызыл-Ординской области (на 2,7 %). Одновременно наблюдается повсеместное снижение доли русского населения. Так, наибольшие показатели характерны для Талды-Курганской (7,6 %), Чимкентской (7,4%) и Джамбульской (7,3 %) областей.

Наиболее высокие показатели прироста казахского населения среди горожан имели место в областях с преобладанием в общей численности населения представителей коренного этноса. Увеличение численности казахов в составе горожан шло за счет внутриобластной миграции из сельской местности. В городских же поселениях Кызыл-Ординской области, где наблюдалось уменьшение доли казахов на 2,7%, имело место увеличение численности узбекского населения на 6,8%.

Таким образом, можно отметить, что период с 1970 по 1980 год характеризовался заметным изменением этнической структуры городского населения. Это нашло выражение в повышении доли казахов в общей численности населения, при уменьшении аналогичного показателя по русскому населению и представителям других этнических групп, что стало выражением общедемографических процессов, характерных для Казахстана рассматриваемого исторического периода. Нельзя не отметить и тот факт, что увеличение представительства казахов среди городского населения имело следствием качественный рост коренного этноса, за счет повышения его образовательного и культурного уровня, улучшения социальных условий жизни, что в свою очередь, оказало благотворное влияние на качественные и количественные характеристики воспроизводства населения.

Изменение численности казахского населения и увеличение их доли в структуре горожан стало отражением не только естественного прироста, но и значительной миграции казахского населения из сельской местности и других республик.

1. Сост. по: Народное хозяйство Казахстана за 60 лет: Сб. ст. - Алма-Ата: Казахстан, 1980. - 272 с. - С.19; Регионы Казахстана 2002 г. Ст. сб. - Алматы, 2002. - 432 с.

2. Народное хозяйство Казахстана за 70 лет: Сб. ст. - Алма-Ата: Казахстан, 1980. - 286 с. - С.18.

3. ГАЮКО, Ф. 245, Оп.3, Д.561, Л.12.

4. Сост. по Народное хозяйство Казахстана за 70 лет: Ст. сб. - Алматы: Казахстан, 1990. - 392с. - С.11.

Түйін

Бұл мақала XX ғасырдың 70-90 жылдары Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамының қалыптасу ерекшеліктеріне арналған.

Summary

This article is devoted to the ethnic structure formation history of southern Kazakhstan in 70-90-s XX century.

XX ҒАСЫРДЫҢ 30- ЖЫЛДАРЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ШАРАЛАР

А.Т. Казбекова–

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Өткен тарихымызды зерделеп, оны жан-жақты талдау бүгінгі қоғамдық өмірімізде болып жатқан құбылыстар мен өзгерістердің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әр мемлекеттің және халықтардың сан ғасырлық тарихында мәдениет адам өміріндегі маңызды фактор болып табылады. Социалистік мәдениетті қалыптастыру мен дамытуда кеңес өкіметі сауатсыздықты жою, халыққа білім беру мәселелеріне ерекше мән берді. Қоғам өмірінің барлық салаларына байланысты саясатын анықтап, жүзеге асыра бастады.

Мәдени артта қалушылықпен күрестің маңызды кезеңі ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңы мен – 30-жылдардың басына сәйкес келеді.

Халық шаруашылығының даму қарқыны, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының талаптары, халықтың білім деңгейін көтеруге ұмтылысы жаппай сауатсыздықпен күрес міндетті бастауыш білім алу заңды түрде мемлекет алдына міндетті бастауыш білім алуды мақсат ретінде қойды.

Нәтижесінде, ҚСРО-ның Халық Комиссарлары Кеңесі және БОАҚ 1930 жылдың 14 тамызынан «Жалпы бастауыш білім туралы» қаулы қабылдайды. Онда бастауыш білім беруді қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық институт және техникумдардың жүйесін, ондағы оқушылар санын көбейту, мамандығы бойынша жұмыс істемейтін мұғалімдер арасында коммунистік жұмысты күшейту, педагогикалық оқу мекемелерінің оқушыларын өндірістік тәжірибе тәртібі түрінде жалпы білім беру жұмысына тарту ұсынылды [1, 11-13б.].

Сонымен, бюджеттен ақша бөлуді көбейтіп, қоғамдық қаражатты бөлу арқылы, үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақ беру жүйесін енгізу, жалпы білім беретін мектептердің политехникалық сипатын жан-жақты жақсартып отырып, нашар қамтамасыз етілген жұмысшы, батрак және кедейлердің балаларын оқулықтармен, жазу құралдарымен, киіммен, тамақпен қаражаттай көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінді.

ҚазОАҚ 1930 жылы 27 тамызда «ҚазАКСР-да жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізу туралы» қаулы қабылдайды, онда ауылдық жерде 4 жылдық оқу және қалалық жерлерде, жұмысшы поселкесінде 7 жылдық міндетті оқу қарастырылып, оны жүзеге асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттары көзделген [2].

Міндетті бастауыш білім республикада 1930-1931 оқу жылынан бастап енгізілді. Осылайша, 1930-1931 оқу жылынан бастап, Қазақстанның барлық қалаларында жалпы бастауыш оқыту енгізілді.

Сауатсыздықты жоюды аяқтау және орын алған кемшіліктерді болдырмау мақсатында Қазақстан үкіметі жыл сайын ұйымдастыру шараларын қарастырып және бекітіп отырды. Семей облысында жалпы сауатсыздықты жою Шемонайха, Белағаш, Жаңа-Семей, Жарма аудандары бойынша белгіленіп, сауатсыздықты жоюды екі жылда, яғни 1929-1930 және 1930-1931 жылдары аяқтау болжамдалды [3].

Алайда, сауатсыздықты 1932 жылдың 1 қазанына дейін жою мүмкін болмады. Мұның бірнеше себептері болды. Ең бастысы, астық және ет дайындау, егін егу тәрізді науқандармен айналысқан көптеген округтік атқару комитеттері сауатсыздықты жоюға айтарлықтай назар аударып, мән бермеді.

БКП(б) Қалалық комитетінің Бюросы және Қалалық аудандық атқару комитетінің шешіміне сәйкес, Семей қаласында жалпы сауатсыздықты жою жарияланды. Нақты мерзімі 1932 жылдың 1 қаңтарында деп белгіленді [4, 35б.]. Бірақ, оқулықтар және жазу құралдары барлығына қарамастан, қаулы орындалмады.

Республикадағы сауатсыздықты жою бекітілген мерзімде іске асырылмағандықтан, ҚазОАҚ 1932 жылы 14 желтоқсанда «Сауатсыздарды жаппай оқыту туралы» декрет шығарды. Декретте сауатсыздықты жоюдың нәтижелері қысқаша көрсетіліп, сауатсыздарды оқытудың негізгі бағыт-бағдарлары анықталды. Декретте былай делінген: «Кейбір аудандар сауатсыздықты жоюға жақындап қалды. Сонымен қатар, бірқатар аудандар бойынша сауатсыздықты жою жоспарының, сондай-ақ, бірқатар халыққа білім беру органдары, кәсіподақ, ұжымшар және кооператив ұйымдары тарапынан осы жоспарды жүзеге асыру

жөніндегі міндеттеменің орындалуы қаңағаттанғысыз»[5, 2-3б.]. Яғни, бұдан, 1932 жылдың аяғына дейін сауатсыздықты жою жоспарының жүзеге аспағанын көруге болады.

Республикадағы сауатсыздықты жою жайғдайы қаңағаттанғысыз болса, балаларды оқумен қамту мәселесі де нашар күйде тұрды. БК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекиннің өзі де жасырмаған. 1932 жылдың 9 қыркүйегінде большевиктер партиясының Орталық Комитетіне жазған баяндау-хатында былай деген: «...Мектеп жасындағы балаларды жалпы оқуға тарту 83,6 пайыз болса, оның ішінде қазақтар барлық оқумен қамтылғандардың 45 пайызын құрайды. Жоғары сатыдағы мектептерде оқитын қазақтар санына келсек, ол тіптен нашар. Мұны мынамен түсіндіреміз. Қазақ ауылындағы мектептердің бірінші сатысының дамуы шаруа адамдарына және киіз үйлерге шашырап қоңыстануларына; екіншіден, оқытушылар қатарының тым жеткіліксіз және төмен деңгейіне байланысты қиындап отыр...»[6, 64б.].

ҚАССР Халық Ағарту Комиссариаты партияның XVII съезінен кейін жалпыға бірдей бастауыш оқуды еңгізудің қорытындыларына талдау жасады. Онда 1932/1933 оқу жылында халық ағарту бөлімдері мен мектептердің жалпыға бірдей оқу туралы декретті орындау жұмысында елеулі кемшіліктер болғаны анықталды.

Мәселен, Шығыс Қазақстанның 8 ауданында бастауыш, жеті жылдық және орта мектептің соңғы сыныптарындағы оқушылардың 23 пайызы 1932-1933 оқу жылында мектепті аяқтамай, тастап кеткен. Сонымен қатар, әр түрлі себептерге байланысты Шығыс Қазақстан облысының мектептері оқуға мерзімінде кіріспегені жайлы мәліметтер бар. Оқу жылын уақытында облыс мектептерінің тек 29,6 пайызы бастаған, мектептердің 37,6 пайызы 15 қыркүйектен кейін кіріскен[7]. Әсіресе қазақ ауылын отырықшылыққа көшіру кезінде мәдени-әлеуметтік жұмыстар назардан тыс қалды.

Яғни мәдени, оқу-ағарту шаралары жаппай отырықшыландырудың алғашқы жылдарында екінші қатардағы шараларға жатқызылды. Мұның бәрі қазақ ауылында жүргізілген күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландырудың салдарынан болған ашаршылықтың зардаптары еді.

Панасыз балаларды есепке алуда Балалар комиссиялары және Халық Ағарту органдарының жүргізген шараларының нәтижесінде жергілікті жерлерде тексеріске қамтылған панасыз балалардың саны 1934 жылдың 1 қаңтарында өлке бойынша 96.483 деп анықталды [8].

Мұрағат құжаттарының мәліметтеріне қарағанда, 1934 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан бойынша мәдени құрылыстың жетістіктері төмендегідей [9].

№	Облыс атаулары	Халық ағарту комиссариатының жоспары бойынша		Нақты қамтылуы		Орындалу пайызы	
		I-сат. мектеп	II-сат. мектеп	I-сат. мектеп	II-сат. мектеп	I-сат. мектеп	II-сат. мектеп
1.	Алматы облысы	75800	7405	63797	5629	95,3	75
2.	Алматы қаласы	16900	4730	18187	5235	107,6	110,7
3.	Ақтөбе	69500	9270	77262	7406	111,2	79,9
4.	Шығыс Қазақстан	109860	14928	102605	14069	93,4	94,4
5.	Батыс Қазақстан	55400	5105	49722	5086	89,8	99,6
6.	Қарағанды	110700	14212	108378	11673	97,8	82,1
7.	Оңтүстік Қазақстан	75540	12550	76724	6698	101,6	53,4
	Барлығы:	513700	68200	496675	54876	98,3	81,1

Бұл кестеден балаларды оқумен қамтуда Халық ағарту комиссариатының жоспарының орындалмағанын байқаймыз. Шығыс Қазақстан бойынша оқумен қамту I-сатылы мектепте – 93,4, II-сатылы мектепте 94,4 пайызды құрайды.

Сонымен қатар, 1934 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауатсыз және жартылай сауатты 109328 адам есепке алынып, оқумен 47294 адам, яғни 47 пайызы ғана қамтылды. Мұрағат құжаттарының мәліметтерінде, әсіресе оқумен қамту жұмысы нашар жүргізілген аудандар: Тарбағатайда -9, Жарма -16, Күршім -23, Шыңғыстау -27 пайызы оқумен қамтылған - деп көрсетілген. Жұмыстың қанағаттанғысыз болуының негізгі себептері Халыққа білім беру органдарының нашар жетекшілік етуі; кәсіподақ, кеңестердің тарапынан ересектерді оқуға тартылуына айтарлықтай назар аудармауы болып табылады.[10].

933/34 оқу жылының екінші жартысында Қазақстанда мектеп жасындағы балаларды есепке алудың және оларды оқуға тартудың жағдайы келесідей болды.

№	Аудандардың атаулары	Есепке алынған 8-15 жас аралығындағы балалар	I-II концентр мектептерімен қамтылған	Қамтылу пайызы
1.	Алматы ауданы	70262	69346	98
2.	Алматы қаласы	24000	23013	96
3.	Ақтөбе	95423	84473	88,6
4.	Шығыс Қазақстан	120508	116476	96,5
5.	Батыс Қазақстан	56408	54694	96,9
6.	Қарағанды	130200	119838	92
7.	Оңтүстік Қазақстан	97241	83039	85,4
	Барлығы:	594042	550878	92,5

Жоғарыда келтірілген кестеден, 8-15 жас аралығындағы балалардың оқумен қамтылуының жоғары пайызын көреміз. Бірақ II концентрлі мектепте оқумен қамту 10,9 пайыз құраған. Мұның себебі 12-15 жас аралығындағы ересек балалар бастауыш мектепте оқыды. Осындай жағдай әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аудандарына тән, яғни есепке алынған балалардың мектеппен қамтылу пайызы төмен болды.

Мәселен, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда оқу жасындағы балалардың мектепке тартылғаны Шығыс Қазақстан облысында -95 пайызды құрады [11]. II сатылы мектептің даму қарқыны I сатылы мектептің даму қарқынынан көп кейін қалды.

Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысы бойынша бірқатар мектептер оқу мерзімін ерте аяқтап, мұғалімдер егістік жұмысқа жұмылдырылған[12].

Шығыс Қазақстан облысының атқару комитетінің Президиумының 1936 жылы 9 қыркүйекте облыста сауатсыздықты жою барысы туралы қаулысында «Облыстық атқару комитетінің сауатсыздықты жою туралы қаулылары және нұсқауларының бір қатарына қарамастан, облыс аудандарының көпшілігі, бұл шараның мемлекеттік маңыздылығын бүгінгі күнге дейін түсінбеуде, сондықтан сауатсыздықты жою жұмысының көрсеткіші қанағаттанғысыз. Әсіресе, оқумен қамту және оқуды аяқтағандардың саны бойынша мардымсыз қарқынды көрсеткен аудандар:

№	Аудандар	Оқумен қамту	Оқуды аяқтағандар
1.	Белағаш	4,9 %	14,3 %
2.	Қатонқарағай	6,0 %	9,5 %
3.	Зырян	7,6 %	12,4 %
4.	Киров	20 %	29,8 %
5.	Иртыш	21 %	21,6 %
6.	Предгорненск	21,2 %	17,8 %
7.	Большенарым	21,9 %	14,8 %
8.	Шемонаиха	25,2 %	11,7 %
9.	Бесқарағай	28,9 %	14,7 %
10.	Зайсан	29,6 %	23,2 %
11.	Семей	37,8 %	8,6 %

Осы аудандарда сауатсыздықты жою жұмысының негізгі себептері сауатсыздарды оқытудың жеткілікті бағаланбауының жалғасуы, аудан басшылары тарапынан бақылаудың болмауынан болды[13].

БКП(б) Орталық Комитеті мен ҚСРО Халық Комиссарлар Кеңесі одақтас республикалардың Халық Ағарту Комиссариаттарына, олардың жергілікті органдарына мектеп жұмысына басшылықты негізінен жақсартуды, «мектеп жұмысын тексеріп, мектептің хал-жайын және жұмысын үнемі бақыланып тұруды ұйымдастыруды, партия мен үкіметтің мектеп туралы шешімдерінің іс жүзінде орындалуын үнемі тексеріп тұруды аса маңызды міндет есебінде алға қоюды» ұсынды[14, 181б.].

1920-жылдардың соңы –1930-жылдардың басында мәдениетті басқаруда әміршілдік-әкімшілік әдісі көрініс ала бастайды. Білім беру, мәдениет мекемелерінің жұмысы жоғарыда тұрған органдардың шешімдерін орындап, белгіленген нұсқаулар бойынша міндетті есептер берумен шектелді.

Мемлекеттік саясаттың нәтижесінде 1930-жылдардың соңына қарай мәдениеттегі жаңа құндылықтар мен ұстанымдар орнықты. Кеңес өкіметі мәдени-ағарту мекемелерінің қызметін партияның идеологиялық жұмысын жүргізуге бағыттады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа: Сб. документов (1917-1973 гг.). - М.: Педагогика, 1974. - С. 11-13.*

2. *Директивы ВКП(б) и постановления Советского правительства о народном образовании. Сб. документов. За 1917-1947 гг. // Сост. Н.И. Болдырев. Вып.1-2. - М., 1947.*

3. *Прииртышская правда. – 1930. - 21 наурыз.*

4. *ШҚО ЖТҚО. 417-қор. 1-тізбек. 60-іс. 35-парақ.*

5. *ҚРОММ. 5-қор. 15- тізбек.15-іс 2-3 парақ.*

6. *ҚР ПМ. 141-қор. 17-тізбек. 605-іс. 74 парақ.*

7. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 361-іс. 29-парақ.*

8. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 361-іс. 37-парақ.*

9. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 361-іс. 30-парақ.*

10. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 564-іс. 32-парақ.*

11. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 175-іс. 15-парақ.*

12. *ҚРОММ. 81-қор. 3-тізбек. 378-іс. 135-парақ.*

13. *ШҚО ЖТҚО. 645-қор. 1-тізбек. 83-іс.23-парақ.*

14. *Директивы ВКП(б) и постановления Советского правительства о народном образовании: Сб. документов. За 1917-1947 гг. / Сост. Н.И. Болдырев. Вып.1-2. - М., 1947. - С.181.*

Резюме

Автор рассматривает политику государства в области культуры и ее реализацию в Восточном Казахстане в 30-е годы XX века.

Summary

The author studies the state politics in the field of culture and its realization in East-Kazakhstan in 1930 of the XX century.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘДИДТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ж.Е.Курманғалиева –

Д.А. Қонаев атындағы университеттің аға оқытушысы

Мәдени-ағартушылық сипатта өріс алған жәдидтік қозғалыс Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси оянуына да әсер еткен орасан зор күштің бірі болды. Жәдидтік қозғалыстың көш басында мұсылман халықтарын өркениетке тартып, оларға европалық білім мен озық идеяларды таратуды көздеген Исмаил бек Гаспринский тұрды. И.Гаспыралы 1868 жылы Зинжирли медресесіне орыс тілі мұғалімі болып қызметке орналасады. Шәкірттерге дәріс оқи жүріп әдебиет әлемінің тұңғығына сүңгіген ол орыс әдебиетін оқуға қызу кірісіп кетеді. Әдеби және тарихи кітаптарды оқу арқылы Исмаил бек Гаспыралы, Ресейдің құрылымы мен жалпы жағдайлары және орыс дүниетанымы мен тереңірек танысады. Ресейдегі жаңашыл топтың әрекеттерін жіті қадағалап отырған Гаспыралы, Ресей қол астында өмір сүретін мұсылман халықтарының да ұйқыдан оянып, жаңа дәуірге қадам басуын қалады. Исмаил бектің Зинжирли медресесіндегі білім беру жағдайымен жақын танысып, ондағы жағдайды терең түсінуі оны төмендегідей пікірге жетеледі. «Бізде бастауыш білім мен тәрбиенің жоқ екендігін мектепте оқыған кездерімде, ал діни мектептердің артта қалғанын Зинжирлиде қызмет атқарған жылдары толық түсіндім, осыған байланысты ең әуелі ағарту саласын жақсарту керек деп түйдім»-дейді /1/.

Еуропада екі жыл тұрғаннан кейін Османлы офицері болғысы келген ол тәтті қиял жетегінде Ыстамбұлға келеді. Алайда, оның өтінішіне бұл жердегі ресми тұлғалар күмәнмен қарап, алдына түрлі бюрократиялық кедергілер қояды. Осыған байланысты, үміті ақталмаған Исмаил бек Ыстамбұлда аудармашы болып, жұмыс істейтін ағасы Халилдің қасында бір жылдай болып, өзін жан-жақты жетілдіре түседі. Оның назарын ерекше аударған құрылымның бірі мектеп медреселер еді. Өйткені Ыстамбұлдағы мектептер Ресей қол астындағы мұсылман мектептерінен әлдеқайда ілгері еді. Сондықтан, 1870 жылдан бастап бастауыш мектептерде жүзеге асырыла бастаған «усул и жәдид» мектептері Гаспыралының назарын аударса керек. Алғаш рет Ыстамбұлдағы «Нуруосмани» мешітінің жанынан кірпіш үйде ашылған жаңа мектептің басты ерекшелігі-әліппе үйретуде сол кезге дейін қолданып келген «буын әдісін» тастап, «фонетикалық әдіс» сөзді дыбыстап тікелей оқу әдісін қолдануы еді.

Гаспыралы 1875 жылы көктемде Қырымға оралып, 1878 жылға дейін ел аралап ұлтының мұн мұқтажымен танысты және болашақ жоспарларының жобасын Исмаил бектің бұл ізденіс қызметінде жүрген кезінде де жалғасын тапты. Басшылық қызметте болған жылдарда Гаспыралы отаршылдықтың озбырлығын жан дүниесімен сезіне отырып, саяси күрес арқылы ұлтқа қызмет етудің мүмкін емес екендігін айқын түсінді. Оның ойынша әуелі ұлтты ұйқыдан оятып, мәдени және рухани тұрғыдан көтеру керек, ал, бұл халық ағарту саласын жаңарту арқылы ғана жүзеге асатын еді.

Еуропаның білім беру жүйесі мен шығыстық дәстүрлі үлгіні таразылай отырып Исмаил бек Гаспыралы мектеп медреселерде реформа жасау қажет деп білді. Сөйтіп ол 1884 жылы Бакчасарай қаласында ең алғашқы жәдид мектебін ашты.

«Жәдид» мектептері «жәдид»-жаңа деген ұғымды білдіреді. Ол ең әуелі татар ағартушылары арасында қолға алынады. Кейіннен қазақ жеріне, сол арқылы Орта Азияға да тарай бастайды.

И. Гаспринскийдің жаңа әдісті «усул жәдид» мектептерін құруы ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуы туралы ағартушылық философиясы Түркістан өлкесіндегі жәдидтердің ағартушылық қызметіне жаңа мазмұн мен сипат берді. Жаңадан ашылған жаңа әдісті мектептер патша үкіметі мен жергілікті консервативті элементтердің қарсылығына ұшырады. Патша үкіметі жаңа ағартушылыққа тосын қарады және онымен күресте жергілікті діни фанаттарды қолдап отырды. Бұл мектептер ұлт-азаттық қозғалысты күшейтеді, мұсылмандардың ұлттық санасын оятып, бірігуге әкеледі. Сондықтан олар жалпы орыстың мемлекеттік мүддесіне қайшы келеді деген сылтаумен оған қарсы үкімет тарапынан шаралар ұйымдастырылды.

XIX ғасырдың 90-шы жылдарында И. Гаспринский татар тілінде Ресейде алғаш рет татарларды ана тілі мен сауаттылыққа үйрететін «Усул жәдид» деген оқулық басып шығарды. Оқулық дыбыстық әдіспен құрастырылды және оны ұзақ уақыт «бакчасарай» әдісі деп атады. Оның редакторлығымен 1883 жылы «Тілде, пікірде және істе бірлік» деген ұранмен «Тәржімән» (аудармашы) газетін басып шығарды,

ол газет сол кездегі жалғыз мұсылман баспасөз органы ретінде, мұсылмандар тұратын барлық жерлерде таратылды /2/. Оны Қырымда, Кавказ, Орталық және Шығыс Ресейде, Қазақ даласында да оқыды.

И. Гаспринский «Тәржімән» газетін шығарып, Ресейдің түркі тілдес халықтары арасында ортақ әдеби тілдің қажеттілігі мәселесін алғаш рет көтерді. Ортақ түркі тілін жасаудағы мақсаттың бірі түркі халықтарын бір-біріне жақындастыра түсу еді /3/. Әзербайжан халқының ХХ ғасыр басындағы көрнекті саяси қайраткері Расул Заде: «Түрікшілдік саяси қозғалыс емес, ол ғылыми-философиялық, этикалық мектеп. Мәдени бірігу жолындағы күрес тәсілі»-деп көрсетеді /4/.

И. Гаспринскийдің жолын ұстаған кісілердің мұсылмандар арасында саны күннен күнге көбейе берді. Мәселен, Татарстанда А. Баязитов, Д. Кильдиев т.б. «Иттифақ әл-муслимин» («Мұсылмандар одағы») құрылды. Орталық Азиядағы жәдидтердің басшылары ақындар Абдур-Рауф Фитрат пен Махмуд Бехбудилер, Файзулла Ходжаев, Мунауар Абдурашидов өлеңдерінде Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің қаһармандық күресін дәріптеп, зиялыларды Тұран елінің бұрынғы беделі мен абырой атағын қайтадан қалпына келтіру үшін, күреске шақырды. Бір кездерде Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының бәріне ортақ әдеби тіл болған-ескі шағатай тілін қайтадан жандандыру жәдид мектептері мен жас ұстаздардың халық зиялыларының қасиетті міндеті деп түсіндірді /5/.

1906 жылы тамыз айында Нижний Новгород қаласында мұсылман халықтарының Бүкілресейлік III-съезі шақырылып, онда қабылданған талаптардың негізіне жәдидтердің ұсынысы алынды. Мәселен, съезд мұсылман елдері мектептерінде сабақты оқушылардың өз ана тілінде барлық мұсылман мектептеріне ортақ тұрақты оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын жасауды және мұсылмандар үшін, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білімді жүзеге асыруды талап еткен 33 тармақтан тұратын қаулы қабылдады. Онда мұсылман балалары үшін барлық елді мекендерде бастауыш және орта мектептер ашылсын, оқу араб графикасы негізінде ана тілінде өткізілсін, балалар 8 жастан оқуға барсын деп көрсетілді. Тек оқу ғана емес оқыту мәселесі де съезд делегаттары назарынан тыс қалмады. Қарарда Ресейдің мұсылман мектептерінде бірдей оқу бағдарламасы болу қажет, ол үшін 1907 жылдың мамыр айында Қазан, Қызылжар, Ташкент, Бақшасарай, Омбы қалаларында мұғалімдер съезі шақырылсын делінді. Мұсылмандар бірлігін арттыра түсу мақсатында съезд «ортақ түркі тілі» барлық жәдидтік мектептерде арнайы пән ретінде оқытылсын деп шешті /6/.

И. Гаспринский мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар, дүниауи ғылымдар- математика, жағрафия, тарих, биология секілді т.б., пәндерді оқыту заман талабы екенін насихаттады. Сондай-ақ жас баланың тәрбие алатын жері мектепті түзеп, оның ішіндегі заттарды: парталар, жазу тақтасы, тарихи және жағрафиялық карталар, глобустар т.б. көрнекі құралдар, сол сияқты оқулықтар класс журналы, сабақ кестесі Еуропа елдері мектептерінің үлгісімен жабдықталып, ұлтшылдық тәрбиесін мектептен бастау керектігін баса көрсетті. Ол осы мақсатта алдымен араб алфавитін түркі халықтарының тіліне лайықтап, дыбыстық естілу ерекшелітеріне сәйкес бір ізге түсірілген жазу ісін-ескі «қадымшылықтан» «усул жәдидке» көшуді ұсынды /7/.

Жалпы алғанда жәдид мектептерінде қолданған әліппелер мен оқулықтардың екі түрі болды: ал әдебиеттен, ана тілінен оқу кітаптары жалпы саны оншақты. Олардың ерекшеліктерін аңғару үшін біразының аты жөніне тоқталайық.

Мәселен, әліппелер қатарына жататындары: Мұхамедораз Нұрбаевтың «Қазақша әліппесі» /Уфа 1910/. И. Арабаев пен Қ. Сәрсекеевтің «Әліппе, яки төте оқуы» /Уфа, 1911/, Ж. Амандосовтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» /Уфа, 1912/, К. Ғабдуллиннің «Қазақ балаларына жәрдем», «Қазақша әліппе кітабы» /Қазан, 1913/ т.б. К. Ғабдуллин әліппесінің қазақ мектебі оқулықтары тарихында алатын орны ерекше. Өйткені ол, дидактиканың көрнекілік принциптеріне сәйкес құрастырылған, алғашқы қазақ әліппесі. Онда шәкірттерге әріптердің суреттердің көмегімен үйрету, таныстыру жолдары баланың ұғымына оңай 27 түрлі суреттердің көмегімен жүзеге асатындығы көрсетілген еді /8/.

Исмаил бек Гаспралы «Тәржіман» газетіне қосымша ретінде жариялаған «Мектеп және жәдидшілік деген не» атты кітапшада реформа жасауды қалаған ескі әдісті қолданатын мектептердің қателіктерін былай деп көрсетіп берді. Оның пікірінше, бір кездері озық мәдениеттің бесігі болған мектеп медреселерде уақыт өте келе мынадай қателіктерге жол берілген.

1. Мектеп медреселерде белгілі бір оқу жүйесі жоқ.
2. Дәрістер оңайдан емес, керісінше, күрделіден басталады.
3. Шәкірттер ешқандай сынақ немесе тексеруден өткізілмейді.

4. Шәкірттер қабылдауына және қабілетіне қарай сыныптарға бөлінбейді.
5. Ана тілінде оқу, шығарма, есеп сияқты пәндер жеке пән ретінде оқытылмайды.
6. Негізгі кітаптың орнына қажетсіз түсініктемелерге көп орын берілген.

Исмаил Гаспралының айтуына қарағанда уақыт өте келе әл-Фараби, Ибн-Сина, Ұлықбек, Хорезми, Али-Құсшы және тағы басқа ғұламалардың еңбектері медреселерде қажетсіз болып табылып, жаратылыстану пәндері оқу бағдарламасына енгізілмеген еді.

Исмаил Гаспралының ұсынысы бойынша:

1. Бастауыш мектеп медреседен бөлінеді.
2. Бастауыш мектептің жее мұғалімі болады.
3. Мұғалім садақа емес, айлық алады.
4. Басталып оқудың жеңіл түрі қолданылады.
5. Тек оқуға емес, сондай ақ жазуға да мән беріледі.
6. Қыз балалар үшін де бөле бастауыш мектептер ашылады.
7. Білім беру белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізіледі, оқулықтар жас ерекшеліктеріне қарай қолданылады.

Бірқатар қиындықтарға байланысты бастапқыда тек 12 оқушы ғана қабылданған бұл мектеп 45 күннен кейін болған сынақ барысында үлкен жетістікке қол жеткізді. Осы уақыт аралығында мұғалім Бәкір мырза жаңа әдіспен шәкірттерге оқу жазуды үйретті. Бұрынғы әріпті жаттатып, сөзді буын-буынға бөліп, дауыстап оқытатын ескі әдістің орнына дыбыстарды қосып оқытатын жаңа әдіс арқылы шәкірттер 45 күннің ішінде оқу-жазуды толық меңгеріп шықты. Бұл оқиғаны өз көздерімен көріп, таңтамашақалғандар үлкен әсерге бөленіп, емтихан күні мектепке тағы 40 бала қабылданды.

Сонымен, жәдид қозғалысы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, ресейдегі түркі тілдес халықтардың әлеуметтік-педагогикалық санасына үлкен ықпал еткен тарихи оқиға болды. Олардың мұсылманның қадими мектептерінде ғасырлар бойы өзгеріссіз өмір сүріп келген оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесін жаңа заманның қажеттеріне сәйкес қайта құру жөніндегі талаптары сөз жоқ прогрессивтік роль атқарды.

Алайда, олардың өз талаптарын жүзеге асыру жолындағы шаралары, көп аймақтарда жергілікті халықтардың талап-талғамына, артқан үмітіне толық жауап бере алмады. Мәселен, Қазақстанда жадид мектептерінің көбісі, негізінен қалаларда ашылды. Кең далада мал бағып өскен қарапайым қазақ шаруалары, қадими және жәдид мектептерінің бір-бірімен басты айырмашылықтарын жөнді ажырата білген жоқ. Олар үшін, бұл мектептердің екі түрі де кәдімгі қатардағы діни мектептер болып есептелінді.

Жәдидтердің тағы бір көтерген маңызды мәселесі, діни мектептерінде баланың өз ана тілінде оқуына тиым салу өте үлкен мәдени кемшілік, әлеуметтік әділетсіздік деп, дұрыс түсінгендігінде. Олар қадими мектептерде ғасырлар бойы түркі тілдес халықтарды балаларын зорлап түсініксіз араб не парсы тілінде оқыту, өте үлкен педагогикалық қараңғылық, ол баланың танымдық қабілеті мен психологиялық дамуына, ұлтжандылық сезімінің қалыптасуына кедергі жасайтынын айтып дәлелдеді. Бұл маңызды талап, Қазан төңкерісіне дейін Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде толық жүзеге аспады.

Ал, жәдидтердің қазақ тілі мен әдебиеті жөнінде жазған оқулықтарының кемшіліктері көп болды. Олай дейтініміз, жәдидтер өзі қазақтың кіршіксіз таза табиғи тілін жөнді білмеді. Олардың оқулықтары араб, парсы немесе шағатай тілдерінің халыққа жат сөздерімен орынсыз шұбарланды. Оқу материалдарын түсіну қазақ балаларына қиынға соқты. Сондықтан, жадид оқулықтары қазақтың тіл шеберлігінің інжу маржаны болып табылатын Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және А. Байтұрсынов оқулықтарымен бәсекелесе алмады.

Жадидтер қадими мектептеріндегі оқыту, сауат ашу әдістеріндегі кемшіліктерді де атап көрсетті. Олар қадими мектептерде бағы замандардан бері қолданылып келе жатқан баланың түсінуіне өте қиын әдіс-әріптерді ежелеп қосып оқыту тәсілінің орнына, баланың хат тану процесін әлдеқайда оңайлататын жолы-дыбыстарды қосып оқытатын жаңа әдісті ұсынды. Бұл күнде барлық дүние жүзі ұстаздары мойындаған дыбыстарды қосып оқытатын әдісті-ол кезде төте оқу әдісі деп атады.

Жәдидтер, сол сияқты, қадими мектептерде дін оқуынан басқа дүниелік пәндердің оқытылмайтынын үлкен педагогикалық қателік екенін де атап көрсетті. Осы кемшіліктерді жою үшін, діни мектептерде бала жоғарыда атап көрсеткендей өз ана тілі мен әдебиетіне қоса, өз халқының тарихы

мен жағрафиясын міндетті түрде оқуға тиіс деп талап етті. Бірақ, ол пәндерді мектепте жеке сабақ ретінде оқыту, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің ешбірінде жүзеге аспады.

Алғаш Қырымда тұсауы кесілген жаңа үлгідегі мектептер Қазанда, Уфада, Орынборда, Бұқарада Ташкентте, Семейде, Алматыда және тағы басқа қалаларда елді мекендерде ашылып, білім бере бастады. Миссионерлердің іріткісі мен іргесі сөгіле бастаған туыстыққа қайта дәнекер болған бұл мектеп медреселерде түбі бір түркі халықтарының балалары түгел болды. Мәселен Ғалия, Расулия медреселерінде татар, башқұрт, өзбек, әзірбайжан, балаларымен бірге жүздеген қазақ балалары оқыды.

Қорыта келгенде, жәдидтердің талаптары қоғамның экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени және педагогикалық қажеттіліктерінен туған орынды, маңызды мәселелер болғанымен, патша үкіметі мен қадими мектеп өкілдерінің күшті қарсылығының арқасында және ұлттық буржуазияның экономикалық әлсіздігі мен саяси жағынан тәжірибесіздігінен, кезінде ойдағыдай іске аспады. Бірақ олардың тарихтағы орны жоғалмайды.

1. Гаспринский И. Из наследия. – Симферополь: Таврида, 1991. - 22 б.
2. Бұл да сонда.
3. Қапаева А. Қазақстандағы медреселер мен мектептер //Қазақ тарихы. -2001 - №1. - 55-б.
4. Гольдцигер. Лекции об исламе. – Спб.: Изд-во Брокгауз-Ефрон, 1912. - 260б.
5. Расул Заде М.Э. Сиявуш нашего века. О пантуранизме. –Баку, 1990. - 115 б.
6. Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отарлық саясаты. - Алматы, 1997. - 35 б.
7. ҚРОММ, 44-қор, 1-т., 2436-іс, 95-п.
8. Мырзалиева Э.Қ. Қазақстандағы мұсылман оқу орындарының тарихынан // ҚазҰУ хабаршысы Тарих сериясы. - 2004. - №2 (33).

Резюме

В этой статье рассматривается история формирования и развития системы преподавания джадидизма. И в этой системе рассматриваются способы преподавания татарских просветителей.

Summary

In this article history of oramation and development of system of teaching. And in this system ways of teaching of the Tatar educators are considired.

ІРІ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТА ҰЙЫМДАСҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Г.Рашева –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ізденушісі

20-шы жылдардың басында Түркістан Республикасы Халық комиссарлар кеңесі педагогикалық оқу орындарының ұйымдасуына баса назар аударды, себебі уақыт талабына сай республикадағы кеңес мектептерінде жұмыс істейтін мамандар өте қажет болды. 1920 жылы 27 сәуірде Түркістан Орталық Атқару Комитетінің шешіміне сәйкес халық ағарту комиссаритының жаңа коллегия тағайындалды. Халық ағарту халық комиссары Н. Төрөкұлов, оның көмекшісі Лепешинский, мүшелері: Н. Ходжаев, Дволайцкий, И. Тохтыбаев. 1920 жылы маусымда Халық ағарту комиссариатының коллегиясы Халық ағарту институттары туралы ереже бекітті:

«1.Түркістанның халықтарына арналған орыс тілінде оқытатын Н.А. Темиряев атындағы институт;

2.Қазақ тілінде оқытатын институт;

3.Өзбек тілінде оқытатын институт;

4.Татар тілінде оқытатын институт ». Бұл институттарды қыркүйек айында ашу жоспарланды.[1]

1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында Қазақ Халық Ағарту институты өмірге келді. Бұл ресми түрде ашылған, ұлтымыздың тұңғыш жоғары оқу ордасы болатын. Институт 1917 жылы құрылған қазақ педагогикалық училищесінің негізінде ашылды. Қазақ Халық Ағарту институтының бес жылдық негізгі курстан басқа тәжірибе мектебі, балалар бақшасы, 1 жылдық дайындық курсы, жанында сондай-ақ интернаты болды.[2]

1920 жылы 21 тамызда Қазақ ағарту институтын ұйымдастыру үшін комиссия құрылды. Оның мүшелігіне тәжірибелі педагогтар Е. Табынбаев, Б. Есенов, Х. Досмұхамедов, Қ. Қожықов, В.Н. Көшербаевтар енді. Олар оқу орталығының жетістіктерімен бірге барлық кемшіліктерді, қажеттіліктерді айқын көрсете білді. Х. Досмұхамедовтың басшылығында институттың санитарлық жағдайларын тексеріп, 11 тармақтан тұратын кеңес-ұсынысын берді. Қойылған талаптар дер кезінде орындала бастады, дегенмен, көптеген қиыншылықтар да кездесіп отырды. Қазақ ағарту институтының (Казинпрос) алдына қойған міндеті – біріншіден, қазақ мектептеріне оқытушылар даярлау болса, екіншіден мектептің ұйымдастырушылық мәдениетін жетілдіруге қабілетті мамандармен қамту еді. 1920 жылы 1 қазанда қазақ педагогикалық училищесі Қазақ ағарту институтына айналды.

Бұл институттың іргесін қалап, шаңырағын биіктете алатын білікті, тәжірибелі ұстаздар Түркістан өлкесіндегі мектептерден шақырылды. Кадрлармен қамтамасыз ету жұмысымен Түркістан халық ағарту комиссариаты шұғылданды. Институт директоры болып Е. Табынбаев тағайындалды.[3]

«Қырғыз халық ағарту институты туралы Ереже» Қазақ ағарту институтының атқаратын міндеттері көрсетілді:

1.Түркістан республикасындағы барлық халықтар өз мәдениеттерін дамытуына құқылы екендігін назарға ала отырып, халық ағарту комиссариаты Қазақ ағарту институтын жоғары оқу орны болумен қатар қазақ халқының мәдени және ағарту мәселелерімен шұғылданатын орталық ретінде жұмыс атқаруына;

2.Қазақ ағарту институты педагогикалық, медициналық, ауылшаруашылық, физико-математикалық бөлімдерден құралды.

3.Мамандарды ұйымдастырып басқа бөлімдер ашылғанға дейін, Қазақ ағарту институтының негізі төрт жылдық курсы бар педагогикалық бөлім болды, бұл бөлімдегі сабақтар ана тілінде оқытылды.

4.Институтта мамандарды тез қарқынмен даярлауды іске асыру барысында бір, екі жылдық курстар ұйымдастырылды.

5.Институттың бағдарламасында мамандар даярлаумен қатар төмендегі міндеттер іске асырылды:

а)Қазақ мектептерінің типтерін жасау, бағдарламалар дайындау және ана тілінде оқулықтар жазу;

б)Еуропалық ғылымды тез оқып үйретуге қазақ тілін бейімдеу;

в) Ғылыми диспуттарға терминологиялық сөздік жасау;

г) Қазақ тіліндегі ғылыми және көркем әдебиеттерді жинап, өңдеу;

д) Қазақ халқының көне мәдени мұраларын жинау;

е) қазақ халқының тарихын зерттеу және жазу;

ж)қазақ халқының шаруашылық – тұрмыс жағдайын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеу;

з) Жаңа мектептердің артықшылығын халыққа түсіндіру мақсатында лекциялар ұйымдастыру;

и) Халық ағарту мәселесі бойынша монография, брашура, журналдармен жинақтар шығару;

6. Жоғарыдағы мәселелерді іске асыру мақсатында институтта төмендегі мекемелер болуы керек:

а)тәжірибе орындары: балалар бақшасы, 1 деңгейдегі мектеп және халықтың үгіт-насихат бөлімдері;

б)Қосалқы: кітапхана, ауылшаруашылық фермасы, шеберхана, зертханалар болуы керек;

7. 6 бөлімдегі мәселелер Халық ағарту комиссариатының Қырғыз ғылым Комиссиясының бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылды. [4]

Бұл институт ашылғанда қазақ зиялылары келешекте жоғары білімді мамандарды даялау мақсатында университетік білім дәрежесіне көтеруді жоспарлады. Бірақ елдегі әлеуметтік жағдайдың нашарлығына байланысты мүмкіндік болмады. Сол себептен «Кирипрос» туралы Ережеде институт дәрежесі педагогикалық орта оқу орнымен деңгейлес болды. Курсты оқу мерзімі бес жылға алғашқы кезде белгіленді, бірақ кейін төрт жыл болып өзгертілді. Институт мемлекет есебінен қаржыландырды. [5]

Қазақ ағарту институтының оқу-тәрбие жұмысы институттың педагогикалық кеңесінің назарынан бірде-бір рет түскен емес. Оқушылардың терең білім, саналы тәрбие алуына әрекет жасалынды.

Оқытушылардың әрбірі өзіне жүктелген міндеттерге үлкен жауапкершілікпен қарады, асқан ыждағаттылықпен жұмыс істеді. Институтта әр түрлі үйірмелер ұйымдастырылып, оқушыларды кеңінен қамтыды.

Сол кезде Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссары болып қызмет еткен Сұлтанбек Қожанов мұғалім кадрлар құрамын көбейту үшін институтқа ерекше көңіл аударды. Ол өлкенің жалпы бюджетінің 20% халық ағарту саласына бөлгізді және Қазақ ағарту институтының материалдық базасының нығаюына септігін тигізді. Бұл үшін асқан табандылық пен ұлтжандылық қажет еді.

Институт талаптарына жауап беретін тыңдаушылардың жаңа құрамын жинау жолында да біршама шаралар жүргізе бастады. Оқуға қазақ қыздарын тартуға басты назар аударылды. Институт басшылығы 1920 жылы тамызда Қазалыға, Перовскіге, Түркістанға, Шымкентке, Әулиеатаға, Әндижанға арнайы телеграммалар жіберді, оның мазмұны мынадай болды:

«Қазақ Педагогика Институты ондағы бір жылдық мектепке дейінгі тәрбие курстарына мұсылмандық сауаты бар қырғыз қыздарын жіберуді сұрайды. Курстар 10 қазанда ашылады. Келгендер Қазыналық интернатта тұрады» [6].

Қолданылған шаралар өз нәтижесін беріп, институтта 1920 жылы – 224, 1921 – 221 бала оқыса, 33 оқытушы сабақ берген [7].

Жоғары білікті мамандарды дайындауды мақсат еткен Қазақ ағарту институты 1920 жылы 1 қазанда ашылды. Оқу орны қаржы отын-су, киім-кешек, азық-түлік тапшылығынан және оқытушы мамандардың жетіспеуінен өз жұмысын бір ай кешігіп бастайды.

Оған мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат өте аз болды. Олар институт қалыпты жағдайда өмір сүру қажет болатын керекті қаражатты жаба алмады. Сондықтан педагогикалық ұжым халықтан көмек сұрауға шешім қабылдайды. Мысалы, қазақ халқы арасында кеңінен танымал М.Тынышпаев Шымкент және Әулиеата уездеріне Халықтан жиналатын қаржы және оның мөлшерін анықтау мәселесімен жіберіледі [8].

Институтты ұйымдастырушылардың бірі ретінде М.Тынышпаев оқу орнын қолдау мақсатында ел арасынан қаржылай көмек ұйымдастырып, қызмет бабымен өлке аудандарына іссапарға шыққанда қазақ жастарын білім алуға жинаған. Сондай-ақ ол өзінің жұмысбасты болғанына қарамастан оқу орнында дәріс беруін тоқтатпаған. Ол институт басшылығына тәңертеңгі 8-9 сағат аралығында, түстен кейін сағат 16-дан оқу орнына сабақ жүргізуге мүмкіндігі болатындығын айтып хат жазған [9].

Бұл құжат М.Тынышпаевтың ұлт мүддесі жолындағы жан қиярлық қызметінің бір ғана көрінісі еді. Ұлт мүддесі жолындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің мұндай жанқиярлық еңбектері көптеп кездеседі. Осындай іссапарларға институттың басқа да оқытушылары Сырдария және Жетісу облыстарының әр түрлі аудандарына жіберілді. Бірақ, ол кезде қазақ халқының басым бөлігі кедейшілікте өмір сүрді. Сондықтан жиналған қаржы көлемі де мардымсыз болды.

Мұрағат құжаттарынан азамат соғысы аяқталып, халық шаруашылығын қалпына келтіру әлеуметтік-экономикалық қиындықтары оқу орнының қызметіне де ауыр із қалдырғанын көреміз. Оқытушылар мен тыңдаушылар үшін қарапайым тұрмыстық жағдайлардың болмауы, сондай-ақ азық-түліктің жетіспеуі мәселені тым күрделендіріп жіберген. Соған байланысты тыңдаушылардың басым көпшілігін құраған далалық жерлерден келген жастардың жағдайына алаңдаған комитет төрағасы республика ағарту халкомына негізгі курстың тыңдаушыларымен бірге өзге курстар тыңдаушыларын азық-түлікпен жабдықтауда қызыл әскер пайегіне, онда да тылдағы емес, майдандағы нормамен теңестіруді сұрайды [10].

Институт өз мұғалімдеріне, әсіресе, басқа жерден келген мұғалімдерге материалдық-тұрмыстық жағдайларды жасауда қиындықтарға душар болды. Осы мәселені шешу үшін 1920 жылы 11 қыркүйекте институт басшылығы Түркістан республикасы Ағарту халық комиссариатына арнап баяндама жасайды. Онда былай делінді:

«Қазақ институтының ұйымдастыру комитеті институтқа біршама мектеп қызметкерлерін шақырды. Ташкентте қажетті мұғалім кадрлары жетіспегендіктен, оқытушылардың басым бөлігі республиканың басқа қалаларынан шақырылды. Қараңғы қазақ халқына білім беру ісін бастаған олар, өздерінің материалдық мүдделерімен санасып отырған жоқ. Олардың басым бөлігі өздерінің бұрынғы жұмыс орындарын тастап, бар дүние-мүлкін сатып көшіп келді. Институт өз кезегінде оларға қажетті

жағдайларды жасап, оларды күнделікті тұрмыстық шаруашылықтан азат етіп, олардың тек оқытушылық қызметпен айналысуына мүмкіндік жасағасы келеді.

Осы мақсатта институт басшылығы барлық педагогтарға пәтер беруге шешім қабылдады. Өкінішке орай, институт ғимараты өзінің мөлшеріне сәйкес оған барлық оқытушаларды қамти алмайды. Онда тек тікелей тәрбие жұмыстарымен айналысатын мұғалімдер ғана тұра алады. Бірақ, олардың барлығына бірдей орын жетіспейді, өйткені, институт пәтерлерінің бірқатарын институтқа қатысы жоқ бөгде адамдар алып отыр.

Осы жағдайларға байланысты институт бөгде тұрғындарды институт ғимаратынан шығаруды тағы да сұрауға мәжбүр етеді. Институт мұғалімдері мен қызметкерлерінің басым бөлігі барлық пәтерлерді босатқанның өзінде жеке пәтер жалдауға мәжбүр болады. Көшіп келгендердің көпшілігі отбасылы болғандықтан, институтта сабақ беру олардың барлық уақыттарын алатындықтан, институт Халық Ағарту Комиссариатынан институттың педагогикалық кадрларына пәтерлер бөлуге ықпал етуді сұрайды».

Сонымен қатар, оқытушылар мен қызметкерлердің өмір жағдайының сапасын жақсарту мақсатында институт басшылығы аталған баяндамада былай деп көрсетеді:

«Мұғалімдер құрамын күнделікті тұрмыстық міндеттерден босату мақсатында институт оларға отын және жарықты нақты тұрақты бағаларға сатып алу мәселесін шешуді ұсынады».

Осы баяндамамен қатар, сол кездегі азық-түлік мәселесінің қиындығына, халыққа қажетті тауарлар жетіспеушілігіне, олардың тым қымбаттығына байланысты Халық Ағарту Комиссариатына мынадай өтініш қойылады: «тиісті мекемелер алдына институттың педагогикалық және қызметкерлер құрамы үшін, біріншіден, қызыл әскерлердің азық-түлік паегін және киімін алу құқығын беру, екіншіден, оқытушылар мен қызметкерлер отбасыларына мануфактура босату, үшіншіден оқытушылар мен қызметкерлерге және олардың отбасыларына институттағы тиісті шеберханаларды қолдану мәселесін шешу үшін өтініш жасау. Бұл өтінімді беру себебіміз тыңдаушылардың басым бөлігі дала өлкесінен келгендер. Олардың өмірі қылы өмірінен басқаша. Институтқа түсудің олар үшін бірқатар қиыншылықтары да бар. Олар өздері қалыптасқан тұрыстан бас тартып, қала өміріне үйренуі қажет. Осылардың басрлығы олардың денсаулығына қатты әсер етеді, тіпті олар жаппай ауруға ұшырауы да мүмкін» [11].

Алық шаруашылығы жалпы күйзелісте болғандықтан бұл аталған өтініштердің көпшілігі жүзеге асырылмады.

Осыған қарамастан сол кезде барлық курстар бойынша негізгі оқу бағдарламалары әзірленіп, сынып ғимараттары дайындалып, оқытушылар құрамы түгелденеді. Алайда, оқу-тәрбие үрдісінде әлі де қарама-қайшылықтар орын алады. Ол объективтік және субъективтік сипаттағы қиындықтарға кездесті.

Ең алдымен, оқу кезінде тыңдаушылардың көпшілігінің орыс тілін білмейтіндігі анықталды, ал бірқатар пәндер осы тілде оқытылды.

Осы мәселеге байланысты 1920 жылы 13 қазанда Ұйымдастыру комитетінің арнайы отырыс өткізілді. Оған Комитет төрағасы Табынбаев, мүшелері Көшербаев пен Есенов, оқытушылар мен оқушылар ұжымдарының өкілдері қатысты. Отырыстың күн тәртібі мынадай болды: «1 және 2 «а» сыныптары тыңдаушыларының олардың көпшілігінің орыс тіліндегі кейбір пәндерді дұрыс түсінбейтіндігі туралы жалпы жиналысының хаттамасы». Мәселені талқылағаннан кейін мынадай қаулы қабылданады: «Институт ережесіне сәйкес және тыңдаушылардың талаптарына байланысты орыс тілінен басқа пәндерді қазақ тілінде жүргізуге рұқсат етілсін» [12].

1924 жылы 17 қаңтарда институт өзінің алғашқы түлектерін шығарды.

Қазақстан халық ағарту комиссариаты коллегиясының 1925 жылғы 8 қазандағы қарары негізінде қазақ ағарту институты Қазақ педагогика институты деп аталатын болды. Бұл педагогика институты 1928 жылға дейін жұмыс істеді. 1926-1928 жылдары Қазақ педагогикалық институтының ұстаздары өмір талабына сай келетін оқу-тәрбие жүйелерін нығайта түсті. 20-жылдардың бас кезінен институт іргесін қалауда еңбек еткен ұстаздар Х. Досмұхамедов, Ш. Сарыбаев, М. Қасымова, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б. Есенов, И. Тохтыбаев, Е. Табынбаев, С. Қожанов, Қ. Қожықов, В.Н. Көшербаев және т.б. болды. [13]

XX ғ. 20-шы жылдарында Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Мұхамеджан Тынышбаев сынды ұлтының бағына туған кемеңгерлер қиын-қыстауға толы заманның өзінде халқының

тұрмысын жақсарту, әл-ауқатын арттырып, мәдениетін көтеру үшін ең керегі білім беру, ағарту екендігін түсінді. Осы мәселелерді шешу мақсатында, Ташкентте тұңғыш қазақ институтын (Казинпрос) ашты. 1918-1928 жылдар аралығында осы институтта білім алған жастар, халқына келешекте еңбек етті. Бұл оқу орнында білім алған азаматтар сайын сахараның төсіндегі ауылдарға барып ұстаздық етті, ескі өмірді түлетуге күш салды. Халқымыздың М. Әуезов сияқты кемеңгер ұлдары осы оқу орнының қалыптасуына үлес қосты, көптеген зиялылар осында оқып білім алды.

1. *ӨРОММ 25-қ,-1-т-40-іс.-169-п.*

2. *Жүргенбаева Г. Тынышбаевтың ғылыми ағартушылық қызметі//Қазақ тарихы. – 1999. - №4-5.*

3. *Түлеуқұлов Г. С., Қосанбаев С. Алғашқы бастама жемістері. – Ташкент, 2001. - 10 б.*

4. *ӨРОММ 372 –қ,-1-т, - 20- іс. 20- п.*

5. *ӨРОММ 37-қ,- 1-т,- 50-іс, 86-п.*

6. *ӨРОММ 372-қ,-1-т,-16-іс.*

7. *ӨРОММ 34-қ,-1-т,-1336-іс.*

8. *ӨРОММ 372-қ,-1-т,-41-іс.*

9. *ӨРОММ 372-қ,-1-т,-15-іс.*

10. *ӨРОММ 372-қ,-1-т,-15-іс.*

11. *ӨРОММ 34-қ,-1-т,-431-іс.*

12. *ӨРОММ 372-қ,-1-т,-557-іс.*

13. *Түлеуқұлов Г.С., Қосанбаев С. Алғашқы бастама жемістері. – Ташкент, 2001. - 15 б.*

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы формирования и развития системы народного образования Туркестана начала 20-х годов прошлого столетия. Освещаются пути образования первого учебного заведения в виде создавшихся казахских педагогических курсов, преобразовавшихся позже в педагогическое училище, на базе которого возник Казахский институт Просвещения.

Summary

In this article discern questions of forming and developing systems of national educating of Turkestan in beginning of 20th years hundred-year-old.

Ways of education.coverege...The first of educational establishment creted Kazakh pedogogikal college and then based.Kazakh.Institute of Education.